



Сабилова Р.Ш., Жансерікова Д.А., Смағұлова С.А.

# Психология мамандығына кіріспе



ҚАРАҒАНДЫ,

ӘОЖ 159.9(075)  
КБЖ 88.2я73  
С12

*Баспаға Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

**Пікір бергендер:**

п.ғ.д., профессор С.М. Джакупов,  
п.ғ.д.; профессор Н. А. Мыңжанов.;  
п.ғ.ғ.к. А.Т. Изакова

**С12 Сабирова Р.Ш., Жансерікова Д.А., Смағұлова С.А.**  
**Психология мамандығына кіріспе.** (3-ші басылым). Оқу құралы. –  
Қарағанды, «АҚНҰР баспасы», 2019. – 144 б.

ISBN 978-601-7996-34-5

Жалпы көлемі 2 тараудан тұратын оқу құралында білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің құрылымы, функциясы және міндеттері жайлы сөз болып, психолог маманның өзге мамандық өкілдерімен өзара іс-әрекет ерекшеліктері жайлы жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар бұл еңбекте мектептің психологиялық қызметінің жұмыс кезеңдері мен мектеп психологының іс-әрекетінің негізгі бағыттары нақты көрсетілген.

Оқу құралы 050503 «Психология» және 050103 «Педагогика және психология» мамандықтары студенттеріне, білім беру мекемелерінің психолог мамандары мен оқытушыларына арналған.

ӘОЖ 159.9(075)  
КБЖ 88.2я73

ISBN 978-601-7996-34-5

© Сабирова Р.Ш., Жансерікова Д.А.,  
Смағұлова С.А., 2019  
© ЖК «АҚНҰР», 2019

**Алғы сөз**

Сан ғасырлық тарихы, кең байтақ жері, тілі мен діні және мол рухани қазынасы бар қазақ еліне білім мен ғылымдағы заманауи талаптарға сай, өзекті мәселелер жайлы жан-жақты хабардар болатын ұрпақ қажет. Тәуелсіздігімізді алған сәттен бастап қана елімізде қарқынды дамуға бет алған психология саласы бойынша қазақ тіліндегі кез-келген жұмыстың қажеттілікке сай болуынан, бұл еңбектің де еліміздегі білім беру саласына қосар өзіндік үлесі бар деуге болады.

Психология мамандығына кіріспе атты бұл еңбекте негізінен психология ғылым және мамандық ретінде жан-жақты қарастырылып, психологиялық қызметтің қоғамдағы алар орны сипатталады. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің қажеттілігі мен оның негізгі атқаратын міндеттерін анықтаудан басталған еңбек психологтардың іс-әрекет типіне, практикалық психологтардың кәсіби қызмет үлгісіне талдау жасау мәселесіне қарай өрбиді.

Сонымен қатар аталмыш еңбекте мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс кезеңдері қарастырылып, мектеп психологының іс-әрекетінің негізгі бағыттары ашылып көрсетіледі.

# I тарау. ПСИХОЛОГИЯНЫҢ МАМАНДЫҚ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

## 1.1. Мамандық туралы жалпы түсінік

Мамандыққа кіріспенің негізгі түсінігі мамандық болып табылады. «Мамандық» түсінігінің анықтамалары мамандыққа кіріспе әдебиеттерінде жеткілікті деуге болады... Бұл – адамның арнайы дайындығын қажет ететін қызмет. Мамандық – кәсіби сана мен іс-әрекеттің жалпы түрлерімен бірігетін, қоғамның еңбекке қабілетті мүшелерін әлеуметтік ұйымдастырудың ерекше формасы. Б. Шоудың анықтамасы бойынша мамандық - маманның игеретін әрекеті. В. Г. Макушин бұл жайында мынадай сипаттама береді: мамандық-адамның қоғам өміріне араласатын іс-әрекеті. «Мамандық» пен «кәсіп» ұғымдары бір-бірімен етене жақын. Белгілі психолог Е.А. Климов «кәсіп» түсінігінің бірнеше аспектілерін қарастырады:

- Кәсіп жақын мәселелермен айналысатын және шамамен бірдей қалыпта өмір сүретін адамдардың жиыны ретінде (белгілі болғандай, қайткенмен кәсіп адамның бүкіл өмірінде өзінің «ізін» қалдырады). Әрине, өмір деңгейі кәсіби мамандарда жетістіктерінің әр түрлі деңгейімен ерекшеленуі мүмкін (біреулер өз еңбегі үшін «жақсы табысқа» жетуге үйренсе, әлдебіреулер «психолог» кәсібінің басқа «куаныштарын» таба отырып бұған талпынбауы да ықтимал), бірақ «психолог» кәсібі өкілдерінің базалық құндылықтар жүйесі шамамен бірдей болып келеді және белгілі бір өздерінің әріптестері жайлы сол білімдер негізінде қалыптасып қалған маман ретінде пікір айта алады (ол тіпті «кіріс» мөлшеріне де тәуелді емес).

- Кәсіп психологтың кәсіби іс - әрекетінің объектісі мен пәнін айқындау және нақтылаумен байланысты күштерді қолдану саласы ретінде. Бұл жерде сондай-ақ, психолог өзіндік іс - әрекетін маман ретінде қандай салада дамытуына мүмкіндігі бар деген мәселелер шешіледі. Байқауымызша, психологияның (философияның) барлық тарихы – бұл жан («психика») дегеніміз не және қалай, қандай «әдістер» арқылы оны жақсы зерттеуге және дамытуға болады дегендерді түсінуге деген үздіксіз талпыныстардан тұрады.

- Кәсіп тұлғаның іс - әрекеті мен танылу саласы ретінде. Кәсіби іс - әрекет тек қандай да бір өнімді немесе қызметтерді жай ғана өндіруге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар, ең алдымен ол адамның шығармашылық потенциалын жүзеге асыратынын және осы потенциалдың дамуы үшін жағдай жасайтынын жиі естен шығарып аламыз (К. Маркс айтқандай, еңбектің негізгі нәтижесі – бұл өндірілген өнім емес, «қоғамдық қатынастардағы адамның өзі»).

- Кәсіп тарихи дамушы жүйе ретінде. «Профессия» сөзінің өзі латынша profiteri – «көпшілік алдында сөйлеу» деген сөзіне сәйкес келуі тегін емес. Осылайша, кәсіп феноменінде ежелден – ақ жалпы және әлеуметтік психологияның пәні болатын оқиғалар жасырылған,- деп анықталады. Сәйкесінше, кәсіптің өзі мәдени – тарихи контекстің өзгерісіне тәуелділікте кәсіптің өзі де өзгереді және өкінішке орай, кәсіптің алғашқы ұғымы түбегейлі ауысатын жағдайлар болуы мүмкін. Көбінесе, өзінің мәні бойынша психология адамның қайталанбас тұлғасының дамуына бағдарланса да, белгілі бір тарихи кезеңдерде («қараңғы дәуірлерде») қоғамдық сананы ашық түрде өз қажетінше өзгертіп отыруға және жекелеген адамдардың санасында олардың мәселелерін шешуге байланысты иллюзиялар қалыптастыруға (әсіресе, бұл психологиялық мәселелер қоғамдық мәселелермен тегін байланыспайды) қолданылуы ықтимал.

- Кәсіп еңбек субъектісінің өзі шығармашылықпен қалыптастыратын ақиқат ретінде (біздің жағдайда – психологтың өзі). Бұл мәдени – тарихи жағдайдың өзі жаппай доминантты болмайды, көбісі нақты адамдардың өздеріне тәуелді дегенді білдіреді. Дәл солардың өздері «инструкция бойынша» ғана жұмыс атқармай, қоғамдық жүйедегі өз кәсіптерінің орнын (және өзінің жеке миссиясын) анықтауы керек. Нақты психологтардың арқасында психология ғылым және тәжірибе ретінде дамиды. Белгілі бір психологтың айбындылығы оның өз ғылымының дамуына қалыптасқан жағдайларға (әлеуметтік – экономикалық жағдайлар) қарамастан қаншалықты дәрежеде әсер ете алғандығымен көрінеді. Ал, психологияда шығармашылықпен өзін - өзі өзектендірудің идеалды нұсқасы психолог тіпті қолайсыз жағдайдың өзін игілікке жарата алған жағдай болып табылады (тура қиындықтың өзін игере отырып, қандай да бір маңыздыға

айналдырғандықтан бұл жерде ешқандай қарама – қайшылық жоқ).

«Кәсіп» ұғымынан басқа, оған жақын өзге түсініктерді талдау да қажет болады. Көбінесе, «мамандық» түсінігі – бұл өз күшін жұмсайтын, анағұрлым нақты сала. Мысалы, психолог кәсібіндегі мамандықтар «әлеуметтік психология», «клиникалық психология» және т.б. бола алады. Тағы бір нақтырақ түсініктер «қызмет» немесе «еңбек посты». Мұнда нақты мекемедегі жұмыс және нақты қызметтерді атқару анықталады. «Іс» ұғымы, керісінше, өзіне кәсіпті де, мамандықты да және нақты қызметті де қосып алатын жеткілікті кең ұғым. Мысалы, бір мамандар мектептегі кәсіби бағдарлану мәселелерімен айналысады деп айтуға болады. Мұның ішінде жасөспірімдердің жас ерекшелік – психологиялық даму мәселелері, бала – ата – ана қарым – қатынасы мәселесі, тұлға әлеуметтенуінің жалпы мәселелері және бұлармен байланысты қоғамның әлеуметтік – экономикалық ерекшеліктерін түсіну мәселелері, дамудағы ауытқумен байланысты мәселелерді қарастыру да жатады.

Тұтастай «кәсіп» түсінігінің сипаттамасы төмендегідей:

- Бұл, психолог үшін аралас мамандықтармен ажырамас байланыстағы іскерлікті білдіретін шектеулі еңбек түрі;
- Бұл, арнайы дайындық пен үнемі қайта дайындықты (байқағанымыздай, психолог кәсіби жоғары білімді қажет етеді) талап ететін еңбек;
- Бұл, марапаттау үшін орындалатын еңбек (мұнымен кәсіп кәсіби емес іс - әрекет түрлерінен ажыратылады);
- Бұл, қоғамдық пайдалы еңбек (бұл сипаты жөнінде шын мәнісінде психологтардың өздері де әлі күнге толық ойланған жоқ);
- Бұл, адамға қоғамда белгілі бір статус беретін еңбек (көп адамдар үшін «мен – психологпын» деп айту – бұл көп нәрсені білдіреді...).

«Кәсіптің» мәнін жақынырақ одан әрі түсіну үшін ХХ ғасырдың басында белгілі психолог С.М. Богословскийдің берген анықтамасын еске түсірген жөн: «Кәсіп - әрекет, және кәсіп арқылы адам қоғам өміріне қатысады, сондай – ақ кәсіп адамның өмір сүруіне қажетті материалдық құралдардың ең негізгі қайнар

көзі ретінде қызмет атқарады... сонымен қатар берілген адамның жеке өзіндік санасының кәсібі ретінде түсініледі». С.М. Богославскийдің соңғы тұжырымы («берілген адамның жеке өзіндік санасының кәсібі ретінде түсініледі») кәсіби іс - әрекеттің ең маңызды психологиялық аспектісін айқындауға және мамандандудың кейбір «парадокстарын» белгілеуге мүмкіндік береді. Көбінесе, адам өз міндеттерін (одан талап етілетіндердің барлығын) өте жақсы орындай алады, бірақ соның өзінде өз жұмысын жек көреді. Бұл жағдайда «берілген адам» үшін мұндай жұмысты «кәсіп» деп айту өте қиын.

Бұл анықтамаларды жалпылай келе, мынадай сипаттамаға тоқтаймыз. Мамандық (латынша *professio*) - еңбек іс-әрекетінің тарихи қалыптасқан формасы, мұны орындау үшін адам нақты білім, дағдыны игеріп, арнайы қабілеттер мен дамыған кәсіби маңызды сапаларды меңгеруі қажет.

Ағылшын тілді ортада «мамандық» (*profession*) және «жұмыс» (*occupation*) деген ұғымдарды ажыратып қарастырады.

«Мамандық» термині кәсіби іс-әрекеттің жоғары деңгейлі түрлеріне тән. Іс-әрекеттің басқа түрлері жұмыс түрлеріне жатады.

Отандық мамандыққа кіріспеде «мамандық» және «арнаулы мамандық» деген түсініктерді ажыратып қарастырады. Мамандық - өте кең ұғым. Оның ерекше белгілері-кәсіби автономия, өзіндік бақылау, топтық норма және құндылықтар. Мамандық жақын арнаулы мамандық топтарын біріктіреді. Мысалы, мамандық-дәрігер, арнаулы мамандық-терапевт, педиатр, окулист, уролог; мамандық-инженер, арнаулы мамандық-конструктор, технолог, металлург;

Мамандық – бір мамандық бойынша нақты бір іс-әрекеті орындау болса, арнаулы мамандық – мамандық ішіндегі кәсіби іс-әрекет түрлері.

Өркениеттің даму тарихында еңбектің кәсіби іс-әрекет түрлеріне бөлінуі Египетте, Ежелгі Грецияда, Рим империясында біздің эрамызға дейін байқалып келген. Еңбектің бөлінуі өндірістік революция кезеңінде өтті. Ғылыми-техникалық даму мамандықтың жаңарып, ұлғаюына әкелді. Анықтамада АҚШ-та 1965 ж алфавит ретімен 21741 мамандық пен 40000 арнаулы мамандық сипаттамалары келтірілген. 1988 ж мамандықты жіктеудің халықаралық стандартына 9333 мамандық енген.

Тарифтік біліктендіру анықтамасында 7000 мамандық бар. Бұл арнайы құжаттар кәсіби жағдаятты бейнелейді.

Мамандық атауы еңбек сипатын білдіреді. Анықтамалық баспалар еңбек ресурстарының дамуына әсер етеді. Мысалы, егер «тігін мотористі» мамандығының атауын өзгертсек «тігін құралының операторы», мұнда мамандықтың деңгейі өседі. Мамандық атауы еңбек құралы мен технология деңгейін көрсетеді. «Менеджер» мамандығы кең таралған.

Мамандықтарға дайындық жүргізу мекемелерде жүргізіледі. Жоғары нақты біліктілікті талап ететін мамандықтар бойынша бастауыш, орташа кәсіби білім беру жүйесі жүзеге асырылады. Бұл жүйе үшін оқу мамандығының құралын анықтау өзекті болып отыр.

### Мамандықтың психологиялық жіктелуі

Мамандықтың психологиялық жіктелуі жұмыстың кәсіби бағдары үшін қажет. Мамандық әлемі үлкен, 20'000 мамандық пен 40'000 арнайы мамандықтарды қамтиды, психологиялық жіктелудің ерекшелігі - әлеуметтік, экономикалық, технологиялық критерийлерден бас тарту.

Мамандықтың психологиялық жіктелуі кәсіби қызығушылықтар, бейімділіктер және қабілеттердің жарамды диагностикасын қамтамасыз етеді. Бұдан мамандықты бір топқа біріктіретін психологиялық критерийлерді табу мәселесі туындайды. Мамандықты жіктеу мамандық таңдау мәселесін жеңілдетті.

Әдебиеттерді қарастыру жеке адам мен мамандықтың сәйкес келу критерийлерін, яғни кәсіби жарамдылығын бөліп қарауға мүмкіндік берді. Бұл кезде жеке адамның психологиялық құрылымы мамандық талабына сай ескеріледі. Бұл критерийлер бойынша іс-әрекетті табысты орындай алатын адамдарға кәсіби таңдау жүргізуге болады.

Қазіргі жіктемелерде бұл критерийлер қолданылмайды. Мамандық жіктеудің маңызды мәселесі мамандықты сипаттайтын мәліметтер жинайтын әдістер болып табылады. Бұған байқау, еңбек әдісі, жұмысшыларға сауалнама жүргізу т.б. жатады.

Шетелде бұл жеке адамның қабілеті, қызығушылықтары және темперамент қасиеттерін есепке алу негізінде жасалады.

1966 ж. Дж. Холланд мамандықты жіктеді. Оның жетістігі – жеке адам теориясы мен мамандық таңдау теориясын біріктіретін психологиялық концепция. Іс-әрекет табысы құндылық, қызығушылық, бағдар қатынас, түрткі сияқты сапалармен анықталады.

Дж. Холланд жеке адамның кәсіби типін: реалистикалық, интеллектуальды, әлеуметтік, конвенциальды, салт-дәстүрге негізделген, кәсіпкерлік және көркемдік деп бөліп көрсетеді. Әрбір тип нақты кәсіби ортаға бағытталған: реалистикалық тип – материалдық процесс, техникалық құрал-жабдықтар жасау, интеллектуальды – ақыл-ой еңбегіне, әлеуметтік-әлеуметтік ортамен қарым-қатынас, конвенциальды – нақты құрылымды іс-әрекетке, кәсіпкерлік – бизнес және адамдарға басшылық ету, көркемдік – шығармашылыққа. Жеке адамның кез-келген типінің моделі мақсат, бағалылық, қызығушылық, қабілет, кәсіби роль, жетістік және карьера кестесі бойынша жасалады.

Дж. Холланд жеке адамның әр типінің кәсіби ортаға бейімделуінің шкаласын ұсынды. Бұл модель жеке адамның нақты кәсіби ортамен бірлесуін бағалайды. Дж. Холланд моделі: Р-реалистік тип; И-интеллектуальды; Ә-әлеуметтік; К-конвенциальды, Ксп-кәсіпкерлік, Крк-көркемдік.

### Жеке адам типі мен кәсіби орта типінің байланысы

Жеке адам типі	Р	И	Ә	К	Ксп	Крк
Реалистік (Р)	++	+	- -	+	- -	-
Интеллектуальды (И)	+	++	-	-	- -	+
Әлеуметтік (Ә)	- -	-	++	-	+	+
Конвенциальды (К)	+	-	-	++	+	- -
Кәсіпкерлік (Ксп)	-	- -	+	+	++	-
Көркемдік (Крк)	-	+	+	- -	-	++

Кестедегі белгілер:

- ++ тип айналадағы ортаға өте жақсы бейімделген;
- + тип жақсы бейімделген;
- тип жеткіліксіз бейімделген;
- тип айналадағы ортаға мүлдем бейімделмеген.

Дж. Холланд кәсіби қызығушылықты анықтайтын диагностикалық әдістемелер жасады да, соның нәтижесі бойынша 3 кәсіби орта белгіленді. Бірінші орында жеке адам типін нақты бейнелейтін орта, ал екінші және үшінші орында - адамға қосымша мамандық таңдау үшін қажет, мәні аз кәсіби орта.

Келесі мамандықты жіктеу қабілеттерді есепке алуға негізделеді.

Енді 1953 жылы Д. Патерсон ұсынған мамандықты жіктеуге тоқталсақ. Бұл өте танымал. Жіктеме негізіне 9 әр түрлі қабілеттер алынды. Психологтар көмегімен таңдалған 432 мамандық 7 топқа бөлінді: академиялық, механикалық, әлеуметтік, діни, музыкалық, әртістік, дене дамуы; зерттеу нәтижелері 432 мамандықты 214 «үлгіге», олардың ішінде 137 бір мамандыққа сәйкеседі-арнаулы мамандық, ал қалған 77-і 18 мамандыққа бірігеді. Отандық психологияда Е. А. Климовтың жіктемесі кеңінен танылды. Онда еңбек объектісімен сәйкес мамандықтың 5 типі көрсетіледі:

1) Адам – тірі табиғат (Т). Бұл тип өкілдері өсімдіктермен, жануарлармен, микроағзалармен байланыс жасайды мысалы: агроном, зоотехник, ветеринар, микробиолог.

2) Адам – техника (өлі табиғат); (Т). Жұмысшылар еңбектің техникалық құралдарымен жұмыс жасайды. Мысалы: слесарь, техник, механик, электрик.

3) Адам – адам (А). Қызығушылық, танымдық заты-әлеуметтік жүйе, тұрғындар тобы, әр жастағы адам; Мысалы: тауар сатушысы, шаштараз, дәрігер, мұғалім.

4) Адам – белгілер жүйесі (Б). Табиғи және жасанды тілдер, шартты белгілер, сандар, формула. Мысалы: программист, математик, баспа редакторы, тіл маманы.

5) Адам – көркемдік образ (К). Мысалы: суретші-декоратор, реставратор, балет әртісі, драма театрының актері.

Мамандықтың бұл 5 типі мақсаты бойынша 3 класқа бөлінеді:

1) диагностикалық мамандық (Г) (грекше «гнозис»-білім). Мысалы «адам-табиғат»: дегустатор, жемісті қабылдаушы, «адам-техника»: мастер-диагност, «адам-адам»: медициналық эксперт, әлеуметтанушы, «адам-белгілер жүйесі»: корректор-бухгалтер, «адам-көркемдік образ»: музыкант, актер.

2) Қалыптастырушы мамандықтар (К). Мысалы: «адам-табиғат»: өсімдік өсіруші, зооинженер, жануар өсіруші; «адам-адам»: мұғалім, педагог, токарь; «адам-белгілер жүйесі»: машинист-стенографист, бухгалтер; «адам-көркемдік образ»: декоратор, суретші, сылақшы.

3) Таңдамалы мамандықтар. Мысалы: «адам-табиғат»: ұшқыш-бақылаушы, биолог-зерттеуші; «адам-техника»: инженер-құрастырушы; «адам-белгілер жүйесі»: программист, математик; «адам-көркемдік образ»: суретші, сазгер.

Еңбектің негізгі құралдары бойынша әр класты 4 бөлімнен құруға болады:

1. Қол еңбегі мамандығы, слесарлық жұмыс бақылаушысы, фельдшер-лаборант, картограф, суретші, конструктор.

2. Машина қол еңбегі мамандығы, экскаватор жүргізушісі, токарь, автомобиль жүргізушісі.

3. Автоматтандырылған жүйемен байланысты мамандық: цех операторы, магниттік жазба операторы.

4. Еңбек функциональды құралдарымен байланысты мамандық: еңбектің психологиялық құралы – ойлау эталондары (акробатта-келесі әрекеттің ойлау үлгісі, дирижерда-образды эталондар)

Еңбек шарттары бойынша Е. А. Климов мамандықты 4 топқа бөледі:

1. микроклимат жағдайындағы жұмыс: лаборант, оператор ЭЕМ, бухгалтер.

2. ашық жердегі жұмыс: агроном, монтажшы, МАИ инспекторы.

3. биікте, су астында, жер астында, т. б.: антенашы, теңіз зерттеушісі, өрт сөндіруші.

4. Адамның денсаулығы, өмірі үшін моральды жауапкершіліктегі жұмыс: балабақша тәрбиешісі, мұғалім, зерттеуші.

Мамандық әлемі «қартасының классификациясының» шолу кестесі:

«Менің мамандығым»

Мамандық топтары

Мамандық класстары

Мамандық типтері  
«Мамандықтың» шолу картасы

Оқу мекемесі, кәсіби дайындық формасы	ТТ (тірі табиғат)	ӨТ (техника, өлі табиғат)	А (адам)	Б (шартты белгілер жүйесі)	К (көркемдік образ)
Өндірісте, кәсіби техникалық училищеде оқу	1	2	3	4	5
Техникум, училище Кәсіби мектеп	6	7	8	9	10
Институт, университет академия	11	12	13	14	15

Жалпы жіктеу мамандық әлемінің 15 аймағы бар екенін көрсетеді. Бір бағанда орналасқан (мысалы, 1, 6, 11 немесе 4, 9, 14) мамандықтар заттық аймақ бойынша сәйкес келеді. Мамандық модулі-мамандық талдауының бірлігі, типтік элементі ретінде анықталады. Іс-әрекет объектілерінің өлшемімен байланысты психологиялық модульдің құрылымы мынадай:

1) іс-әрекеттің типтік элементі – іс-әрекет объектілерін құралдарсыз өлшеу;

2) адамға психологиялық талап қою – жақсы дамыған көз мөлшер;

В.Е. Гаврилов бірнеше модульдерді көрсетіп, осының негізінде мыңдаған мамандықтардың психологиялық сипаттамасын құрайды. Әр мамандық бірнеше модульдерден тұрады. Зерттеу міндеттері – еңбектің объективті сипаттамалары (зат, мақсат, құрал, шарт) және адамға қойылатын психологиялық талаптардың арасындағы байланыс құру. В.Е. Гаврилов кейбір психологиялық сапаларды көрсетеді (көздің өткірлігі, түс айыру, бұлшықет және температуралық сезіну, иіс, кеңістікті қабылдау, зейінді бөлу және көлемі, қозғалыс координациясы, ес

байқағыштық, ойлаудың жеделдігі, эстетикалық талғам, эмоционалды бейне т.б.).

Бір модульге бірнеше мамандық сай келген кездегі мысалдарды былай суреттейді:

- іс-әрекеттің типтік элементтері – графикалық әрекеттер;

- психологиялық талаптар: жақсы жетілген кеңістікті қабылдау, көз мөлшер, зейіннің жоғары бөлінушілігі;

- мамандықтар: сызушы-құрастырушы, модельші, тігінші.

Іс-әрекеттің типтік элементтері модуль негізін құрай келе, кәсіби іс-әрекеттің әр түрлі жақтарына: мақсатқа, шарттарға, еңбек құралдарына, жеке әрекеттерге бағытталады. Мамандықты құрайтын модульдер оны әр жағынан сипаттайды.

Еңбек затының ерекшеліктерін сипаттайтын психологиялық модульдер

№	Психологиялық модуль		Мамандық мысалдары
	Іс-әрекеттің типтік элементтері	Психологиялық талаптар	
1	2	3	4
	Күрделі техникалық жүйелер қызметі	Техникалық ойлау, ұзақ мерзімді ес, кеңістікті қабылдау	Телерадио аппаратураны жөндеуші механик, электронды есептеуіш машина мамандары, жер, су және әуе транспортының әр түрінің жүргізушісі

Оқу мамандығының жіктелуі

Кәсіби білім беруді мамандықтың барлығы бойынша жүргізу мүмкін емес. Әрбір кәсіби іс-әрекеттің құралы, мазмұны, деңгейі ерекшеленеді.

Оқу мамандығын белгілер бойынша ғылыми негіздеу керек. Нәтижесінде мамандар дайындау формасы жасалу керек. Бұл кәсіби мектеп және ЖОО-да оқу болуы мүмкін.

Кәсіби білім алу үшін оқу мамандықтарын таңдау өзекті болып отыр. Бұл таңдау ғылыми негізделуі керек. С.Я. Батышев ең алғаш білікті мамандар дайындау мақсатында оқу мамандықтарын топтастыру мәселесін алға қойды. Мамандық бөлінуінің маңызды нәтижелері:

- еңбек механикаландыру дәрежесі;
- деңгей және талап етілетін біліктілік сипаты;
- дене және ақыл-ой еңбегі шығындары қатынасы.

Еңбек күрделілігін анықтау критерийлері болып: құрал, зат, өнім, еңбек қызметі, жауапкершілік көрсетілген.

1987 ж. кәсіби техникалық білім беру жүйесінде қызмет етуші жұмыскерлерді дайындау үшін мамандықтардың жалпыодақтық санағы бекітіліп, оқу мамандықтарының жалпы саны 1193-ке дейін қысқарды.

Техника түсінігінің астарында құрал, еңбек құралдары жатады. Технология техниканың жасанды құралдарының, өндіріс процестерінің, ресурстарының, басқарудың дамушы жүйесі ретінде кең ұғым болып табылады.

Технология қоғам дамуын анықтау; ғылым мен тәжірибе жетістігін көрсетеді, және мынадай кәсіби профильдерге бөлінеді:

- ақпарат технологиялары – ақпарат алу, талдау, өңдеу;
- экологиялық технология – қоршаған орта;
- экономикалық технология – кәсіпкерлік, бизнес;
- өндірістік технология – материалдық құндылықтар жасау;
- аграрлы, жер өңдеуші техникалық – өсімдіктерді өсіру;
- әлеуметтік технология – адамдар қарым - қатынасының жақсаруы, тұрақтылығы.

Технология түрлері оқу мамандық топтарын қалыптастыру үшін негіз болады. Өндірістік іс-әрекетте әлеуметтік техникалық, физикалық, экологиялық білім өте қажет.

*Кәсіби политехникалық білімге қажет факторлар:*

- еңбек пен өндіріс интеллектуализациясы;
- электроника, хроматроника, т. б. техникалық жүйелер есебінен технологияны күрделендіру;
- қазіргі кездегі өндіріс пен еңбек үзілісінің технологиялық базисінің дамуы;
- жаңа технологиялар базасы бойынша техникалық құралдарды жетілдіру.

*Кәсіби маңызды сапалар* – жауапкершілік, сенімділік, қабілеттілік, шешім қабылдай алу, т. б.

Сонымен қатар: технологиялық, политехникалық, жеке тұлғалық болып бөлінген 3 фактор көрсетілген.

Оқу мамандығын жобалауда келесі принциптер жүзеге асырылады:

- педагогикалық технология мен өндірістік технологиялардың өзара байланысы;
- кәсіби өзін-өзі анықтау;
- мамандық мазмұнының прогностикалық бейнесі;
- оқу технологиясы мен кәсіби профильдегі өндірістік технологиялар интеграциясы.

Оқу мамандығы мәселелерін шешуге технологиялық білім беруді жүйелеу негіз болады. Бұл мәселенің шешімі мамандарда-құрастырушылық, білім берудегі мамандыққа кіріспе мәнін күшейту қажеттілігін тудырады.

### Профессиография мәні

1920 жылдың екінші жартысында кеңестік психотехниктер кәсіби іс-әрекетті талдаудың әдістері мен принциптерін өңдеді. Бұл зерттеуді жалпылау психотехникада профессиография сияқты тұрғыдан келу жобасын көрсетті. Бұл сөздің мәні «мамандықты суреттеуді» білдіреді. «Профессиография» түсінігі мамандықты жобалау, психологиялық сипаттамалар беру, зерттеу процесін білдіреді және еңбек процесінің орталық құрылымы болатын объектілердің еңбек субъектісі, зат, міндет, шартты белгілерін зерттейді.

Профессиографияның принципі-кәсіби іс-әрекетті зерттеудің дифференциалдылығы. Бұл принцип мәні-нақты практикалық міндеттерді шешуге бағыну. Біліктілік деңгейін анықтау үшін еңбек функцияларын, кәсіби білім, іскерлік, дағдыны сипаттау керек. Бұл принцип мамандық зерттеу әдістерінің, сипаттама мазмұнының колданылу аймағын қарастырады, сонымен қатар профессиографияны өткізу ерекшеліктерінің мақсатымен анықталады. Мақсат іс-әрекеттің мынадай салаларымен байланысты болу керек:

- қызметкерлер аттестациясы;

- жаңа мамандықтарды жобалау;
- мамандарды таңдаудағы кәсіби кеңес;
- кәсіби біліктілікті көтеру, қайта дайындау;
- жеке адамның кәсіби дамуына байланысты ғылыми зерттеулер.

Профессиография нәтижелері профессиограммада жазылады. Мұнда еңбек шарттарын, қызметкерлерінің құқықтарын, білім, іскерлік, дағды, кәсіби маңызды сапаларды суреттейді. Профессиограманы құраушы – психограмма болып табылады. Ол маманның мотивациялық, ерік және эмоциональды аясын сипаттайды. **Психограмма** – психологиялық функциялармен танылатын мамандықтың психологиялық портреті.

Профессиограмманы өңдеу принциптері:

- кәсіби іс-әрекетті комплексті зерттеу;
- мақсатқа бағыттала құрылу;
- әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы шынайы күй;
- кәсіби өсу мен карьера дамуларын есепке алу;
- кей жағдайда мамандықты сипаттаушы сенімділік;
- ғылыми (ол жүйелі іс-әрекет негізінде өңделуі керек).

### Профессиографиялық зерттеу әдістері

Мамандықты ғылыми суреттеу еңбектің сыртқы және ішкі жағдайын, психологиялық білімдер мен психикалық процестерін, еңбек субъектісінің іс-әрекетінің ішкі құралдарын анықтайды.

*Профессиографияда әр түрлі әдістер қолданылады:*

- әлеуметтік (сауалнама, сұрақ-жауап, тікелей бақылау);
- психологиялық (әңгіме, байқау, эксперимент, интервью, тест, психоөмірбаян, іс-әрекет нәтижесін талдау);
- физиологиялық (ЭКГ тіркеуі, артериалды қысымды өлшеу, антропометриялық және техникалық мәліметтер);
- технологиялық процестерді суреттеу.

Бұлардың ішінен уақыт, күш-жігерді аз жұмсай отырып, зерттеуге қажет сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік беретін әдісті таңдау керек.

Әдістер кешенін өңдеуге жүйелілік факторы зерттеу мақсаты болады.

Кәсіби бағдарға профессиограмма дайындауда жалпы кәсіби және әлеуметтік психологиялық сипаттамаларға көңіл бөлу керек. Еңбек шарттары жеткілікті зерттеледі. Зерттеудің маңызды бағыты-кәсіби маңызды сапаларды бағаланып, профессиограмманы өңдеуде психодиагностикалық зерттеу жүргізіліп, жарақаттанумен күрес, сырқаттану қаупінің төмен болуы назарда болуы керек. Зерттеудің негізгі мақсаты-патологиялық күйлермен байланысты, кәсіби ортаға жеке адам реакциясысын зерттеу. Бұл кешенге профессиографиялық әдістемелер енеді, олар: гигиеналық, медициналық, психологиялық, физиологиялық.

*Профессиограммада мынадай негізгі бағыттар көрсетілген:*

- өндіріс процесімен жалпы танысу;
- жұмыс орындарын суреттеу, іс-әрекеттің психологиялық анализі;
- қозғалыс талдауының психологиялық, физиологиялық, антропометрикалық анализі;
- еңбек іс-әрекетінің анализі;
- жұмыс күнінің фотографиясы, хронометриясы;
- іс-әрекеттің жеке стилін зерттеу;
- қателік әрекеттер анализі;
- еңбектің санитарлық-гигиеналық шарттарын бағалау;
- аптасына ұзақ мерзімдегі жұмысқа қабілетілік.


### Дифференциалды профессиография

Бұл өз мақсаттарына байланысты әр түрлі мазмұнға ие. Жүйелі талдау принциптерін негізге ала отырып, профессиограмманың жалпы кестесін қарастыру керек. Мазмұнын анықтауда нормативті-параметрлік суреттеу жүргізіліп, еңбек шарттары, функциональдық, морфологиялық құрылымдар есепке алынады.

### Профессиограмманың қалыптасушы сызбасы

Мамандықтың әлеуметтік және профессиологиялық сипаттамасы.

1. Мамандықтың қабылданған номенклатураға байланысты атауы;
2. Таксономиялық мәліметтер: форма, тип, класс, топ,



3. Жұмыс орнының атауы;
4. Мамандықтың имиджі, статусы;
5. Қызмет бағасы;
6. Жауапкершіліктің қысқаша сипаттамасы;
7. Қажетті білім;
8. Біліктілік диапазоны;
9. Қарым-қатынастың негізгі ерекшеліктері;
10. Еңбек қауіпсіздігі, мамандыққа сәйкес талаптардың қысқаша сипаттамасы;
11. Кәсіби іс-әрекетте, бейімделуде жағдайлар жиілігі;
12. Еңбек іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктері.

### Психограмма

#### *А. Еңбектің жалпы сипаттамасы.*

1. Жұмыс күнінің суреті;
2. Еңбек факторының жұмысқа қабілеттілік, сенімділік, т.б. бағалануы, суреттелуі;
3. Еңбек шартының жұмыстың қозғалмалы процесіне әсері;
4. Еңбек әрекеті мен жұмыс орнының психологиялық сипаттамасы;
5. Қате әрекеттердің психологиялық анализі;

#### *Б. Психикалық процестерге талаптар қою.*

1. Психомоторика:
  - статикалық, динамикалық жүктемелер;
  - жұмыс әрекеттері: гностикалық, орындаушы, т.б.
  - психомоторикамен байланысты технологиялық операциялардың уақытша және психофизиологиялық сипаттамалары;
    - темпоритм ұстауға талап;
    - психомоториканың негізгі талаптары;
2. Сенсорлы және перцептивтік сфера:
  - әртүрлі сенсорлы модальділік сезімталдығы;
  - уақытты, қозғалысты т.б. қабылдау;
  - сенсорлы перцептивті ая талаптары;
3. Танымдық процестердің кәсіби ерекшелігі:
  - еңбек іс-әрекетіне тиімділік пен сенімділік әсері;
  - шығармашылық қиялға талаптар;
  - ойлау типтері: көру-бейнелі, теориялық т. б.

- жұмыс орындауда шешім қабылдау ерекшелігі: өзіндік әрекет ету қабілеті, жауапкершілік, өзіндік бақылау;
- Ес түрі. Еске талаптар қою;
- Сөйлеу ерекшеліктері.
- Зейін ерекшеліктері: кеңдігі, тұрақтылығы, бөлінуі.

#### *В. Эмоционалды ерік сферасына талаптар қою.*

1. эмоционалды күйді сипаттау;
2. Еңбектің жүйкелік-психикалық қозуының деңгейі;
3. Ерік сферасына талаптар;
4. Ерік және оның ерекшеліктері. Негізгі бағыттары;

#### *Г. Еңбек процесіндегі психологиялық күй.*

1. монотония;
2. соматогенді психологиялық күй (гипохсия);
3. мұқияттылық күйі;

#### *Д. Кәсіби маңызды сапалар (кілтті біліктілік).*

1. Жеке адамның жалпы бағыттылығы; құрылым, белсенділік, тұрақтылық;
2. әлеуметтік-кәсіби жауапкершілік;
3. оптимизм;
4. Өзін-өзі мәжбүрлеу;
5. Жеке адамның психологиялық тұрақтылығы;
6. Кәсіби және инновационды қабілеттер;
7. Мінез ерекшеліктері;

#### *Е. Қарсы көрсеткіштер және шектеулер.*

1. Еңбек қауіпсіздігіне талаптар;
2. Кәсіби жарамсыздыққа сипаттама;
3. Жас, жыныс ерекшеліктері;
4. Кәсіби жеңілдіктер;
5. Кәсіби деформациялар;

#### *Қорытынды.*

#### *Негізгі ұсыныстар:*

1. Іс-әрекеттер сипаттамасы: функциялары, түрлері, міндеттері, іскерлік, дағды;
2. Кәсіби сапалар (әлеуметтік, кәсіби, психологиялық);
3. Кәсіби қасиеттер;
4. Кәсіби жеңілдіктер;
5. Кәсіби өсу перспективалары;

Е.М. Иванова профессиографияның 4 типін көрсетті. Олар: ақпараттық, диагностикалық, прогностикалық, әдістемелік.

**Ақпараттық профессиография** мамандық таңдау алдында тұрған адамдармен жұмыс. Ол оқушылар кәсіби оқу мекемесінің түлектері болуы мүмкін. Мамандық туралы, білім деңгейі, біліктілік, талаптар жайлы айтады. Ақпаратты профессиограмма схемасына мына сұрақтар енеді:

1. Мамандықтың жалпы сипаттамасы:
  - еңбек нәтижесінің әлеуметтік құндылығы;
  - мамандық дамуының тарихы.
2. Кәсіби іс-әрекеттің шолу сипаттамасы:
  - негізгі кәсіби функциялар, міндет, әрекеттер;
  - еңбек құралының сипаттамасы.
3. Еңбек шартының жалпы сипаттамасы:
  - еңбектің микроклиматтық шарттары;
  - еңбектің әлеуметтік және әлеуметтік психологиялық шарттары;
  - еңбек тәртібі.
4. Адамның денсуалығына, психофизиологиялық сапалар мен психологиялық қасиеттерге қойылатын типтік талаптар.
5. Мамандарды даярлайтын, кәсіби оқу мүмкіндіктерін жоғарылататын оқу мекемесі жайлы ақпарат.

Ақпараттық профессиография кәсіби арнаулы әдебиеттерді, құжаттарды зерттеу әдістері мен интерпретациясын зерттеу арқылы өткізіледі.

**Диагностикалық профессиография** еңбектің төменгі өндірісінің себептерін, қанағаттанарлықсыз сапалар, жарақаттану, т.б. байланысты себептерді ұғыну жағдайында өткізіледі. Бұл ізденістік тип деп аталады. Ең бастысы – аталған фактілердің себептерін анықтау.

Диагностикалық профессиография схемасы мынадай сұрақтардан тұрады:

1. Іс-әрекет мазмұны:
  - еңбек міндеттері мен заты;
  - жұмыс нәтижесінің сапасына талап қою.
2. Еңбек құралдары:
  - жұмыс түрі мен тәртібі;
  - басқару органдары;

- жұмыс органының кеңістіктік ұйымдастырылуы.

3. Еңбек субъектісінің іс-әрекеті:
  - әрекет түрлері мен сипаттамасы;
  - жұмысты жоспарлау;
  - кәсіби іс-әрекеттегі кедергілер;
  - еңбек процесінде қалыптасатын қателіктер, т.б. түрлері.

4. Еңбекті ұйымдастыру:
  - жұмысшылардың өндірістік өзара әрекет құрылымы,
  - жұмысты жоспарлау, бақылау.

5. Еңбек субъектісінің жекебастық, психологиялық, психофизиологиялық сапаларына мамандықтың талаптары;

6. Еңбек субъектісі іс-әрекетінің төмен тиімділігінің себептері диагностикасы;

7. Кәсіби іс-әрекетті орындауға байланысты болжамды тәжірибелік-экспериментальды тексеру.

Диагностикалық профессиография эмперикалық мәліметтер әдістерімен жасалады (тапсырма анализі, хронометраж).

**Прогностикалық профессиография** жұмысшылардың карьерасы мен кәсіби өсу мақсатында қолданылады.

Прогностикалық профессиограмманы өңдеу мына схема бойынша жүреді:

1. Мамандықтың жалпы сипаттамасы:
  - мамандық дамуының перспективалары және тарихы;
  - кәсіби іс-әрекетті орындаудың әлеуметтік-экономикалық шарттары;
  - кәсіби орта.

2. Кәсіби өрістің көлемі мен мазмұны:
  - кәсіби өріс сипаттамасы;
  - кәсіби өрісті анықтайтын фактор;
  - кәсіби өрісті дамыту болжамы.

3. Кәсіби білім алу, дайындық және біліктілік көтеру:
  - кәсіби білім беру деңгейі;
  - кәсіби дайындық;
  - біліктілікті көтеру.

4. Жұмысшының кәсіби мобильділігі:
  - маман профилінің кеңдігі;
  - кілтті біліктілік деңгейі;
  - мамандық ауыстыру мүмкіндігі.

5. Мамандық перспективасын бағалау:

- жеке бастың кәсіби психологиялық потенциалы;
- жұмысшының кәсіби белсенділігі;
- карьера.

Прогностикалық профессиография генетикалық әдістер мен модельдеуші экспериментті қолданады.

**Әдістемелік профессиография** психологқа зерттеудің адекватты әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсат міндеттеріне байланысты профессиография кестесі өзгереді.

1. Еңбек субъектісінің іс-әрекетінің мазмұны:

- әрекет түрлеріне сипаттама;
- жұмысты орындау, жоспарлау сипаты;
- эмоциональдық көріністер;
- жұмыс орнындағы кедергі;
- іс-әрекет процесінде қалыптасатын қателер түрі.

2. Еңбек шарттары:

- санитарлық-гигиеналық орта (ауа қысымы, ылғалдылық);
- физикалық орта;
- еңбек тәртібі;
- еңбек төлемақысының формасы.

Мамандардың кәсіби шеберлігін зерттеуде кесте былай орналасады:

1. Іс-әрекет мазмұны:

- жұмысшылар біліктілігіне талап қою;
- жұмысшының міндеттері, құқықтары.

2. Еңбекті ұйымдастыруы:

- біліктілік арттыру;
- кәсіби-психологиялық потенциал;
- шығармашылық қабілеттер.

3. Еңбек субъектісінің іс-әрекеті:

- әрекет түрлері, сипаттамалары;
- жұмысты жоспарлау, бақылау;
- іс-әрекеттің жеке стилінің ерекшеліктері.

**Әдістемелік профессиографияның кезеңі.** Осы пунктiлердiң адекваттылығын экспериментальды тексеру болып табылады. Білім беру профессиографиясының негізіне мамандық субъектілігі жайлы идея жатады. Профессиограмма элементтері блоктық-модульдік нұсқада орындалады. Блоктық-модульдік құрылым

профессиограмманы кәсіби және әлеуметтік модульдермен толықтыруға мүмкіндік береді.

«Мамандық құжаты» блогына мамандық атауы, кодификациясы, кәсіби бағыттылығы, кәсіби білім беру деңгейі жайлы мәліметтер енеді.

«Мамандықтың негізгі объектісі» блогы мамандық типтері жайлы мәлімет береді: «адам-табиғат», «адам-адам», «адам – көркемдік образ», мамандықтың жетекші объектілері жайлы мәлімет береді.

«Мамандықтың кілтті құндылықтары» блогы жеке бастың жетекші кәсіби принциптері, мамандық затына ерекше қатынасы ретінде жүзеге асырылады. Мұнда еңбек нәтижесінің өзара байланысы көрінеді. Маман мамандықтың қандай бағытқа жататынын, еңбек жемісі, жайлы нәтижесі толық, жүйелі түсінік алуы керек.

«Әлеуметтік-кәсіби жан-жақтылық» жеке бас субъектісінің бағыттылығын көрсетеді:

- ойлау потенциалының дамуы;
- жеке бастың өзіндік даму мүмкіндіктері;
- «табыс стратегиясына» жеке бастың бағыттылығы;
- нарықтық шарттарда жеке бас үйлесімділігі.

Профессиограммада экологиялық, құқықтық және экономикалық мәдениеттің мәселелері қарастырылады.

«Арнаулы психофизиологиялық талаптар» блогы жұмысшылардың психофизиологиялық ерекшеліктерге талап қоюды белгілейді. Олар: медициналық көрсеткіштер, жыныстық жас ерекшеліктері, анализатор даму деңгейі.

Санитарлық-гигиеналық талаптар.

Әр блок модульден тұрады. Модуль – модульдік элементтерден, ал ол модульдік бірліктен тұрады.

Модульдік құрылымды профессиограмма бір құрылымды болып келеді. Кез келген модуль былай құралады:

- модуль атауы;
- кәсіби дайындық деңгейі;
- шифр;
- мамандық параметрлері;
- мамандық параметрлерін меңгеру дәрежесі;
- жетістікті бағалау критерийі.

Перспективті профессиография мамандықтың кәсіби даму динамикасын бейнелейді. Жеке бастың кәсіби құрылу концепциясына негізделі отырып перспективті профессиограмма моделін өндейді.

Әрбір кезеңде іс-әрекетті құрайтын мына құрылымдар жүреді:

- стратегиялық мақсат пен мотивтерге бағытталған іс-әрекет түрлері;
- тактикалық мақсатқа бағытталған кәсіби әрекеттер;
- нақты жағдайда әрекет тәсілдерін жасау.

Перспективті профессиограмма кестесі:

1. Мамандық паспорты:

- мамандық типі;
- білім беру деңгейі, біліктілік дәрежесі;
- аралас мамандықтар;
- әлеуметтік-кәсіби шектеулер.

2. Кадрлар дайындау:

- кәсіби білім беру деңгейі, формасы;
- алынатын біліктілік деңгейі;
- кәсіби өсу мен карьера перспективалары.

3. Кәсіби құрылудың әр кезеңінде жетекші іс-әрекет

сипаттамасы:

- функциялар;
- іс-әрекеттің нақты түрлері;
- типтік кәсіби міндеттер;
- кәсіби іскерліктер.

4. Перспективті психограмма әр кәсіби құрылу кезеңінде:

- жетекші іс-әрекет;
- іс-әрекет субъектісінің негізгі құрылымдары;
- кәсіби бағыттылық;
- кәсіби жан-жақтылық;
- кәсіби маңызды сапалар;
- кәсіби психофизиологиялық қасиеттер;
- жеке бас құрылымының психологиялық сипаттамаларын

қарастырады.

5. Санитарлық-гигиеналық шарттар:

- еңбек тәртібі;
- жүйке-психикалық қозу;

- сенсомоторлы, перцептивті ая;

- медициналық қарама-қайшылықтар.

Профессиограмманы жобалауда бір әдіснамаға сүйену керек. Профессиографияның теориялық негізгі еңбек субъектісі мен кәсіби іс-әрекет құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Профессиограмманың қолданылу аймағы: кәсіби кеңес беру, кәсіби бағдар, кәсіби іріктеу, аттестация, біліктілікті арттыру.

## Қорытынды

1. Мамандық адамға өз қажеттіліктерін (қарым-қатынас, өзіндік өзектілік, сыйластық) қанағаттандыруға мүмкіндік беретін өмір іс-әрекетінің маңызды аясы болып табылады.

2. Мамандық классификациясы нақты практикалық міндеттерді шешуге бағынады. Әмбебап классификация болмайды. Сондықтан мамандыққа жіктеудің жаңа әдістері мен принциптерін іздеу қажет.

3. Профессиография мамандық психологиясының міндеттерінің кең көлемін шешуде еңбек субъектісі мен іс-әрекеті зерттеу құралы болып табылады.

Профессиологияның айналысатын мәселелердің келесі бір саласы – кәсіби бағдарлау. Бұл мамандықты дұрыс таңдап алмау жағдайынан туатын қателіктердің алдын алып, болдырмау жағына бағытталған еңбек экспертизасы.

Кәсіби бағдардың мынандай түрлері бар:

- а) кәсіби сауат ашу;
- б) кәсіби бейімделу;
- в) кәсіби ақыл-кеңес беру;
- г) кәсіби іріктеу.

*Кәсіби кеңес* – түрлі мамандықтың өзіндік ерекшеліктері жайлы түсінігі кем жастарға практикалық ақыл-кеңес беріп, жөн-жосық көрсету. Кәсіби бағдардың бұл түрінде адам тәнінің, сондай-ақ жан дүниенің өзіндік ерекшеліктері, яғни, тиісті мамандыққа қажетті медициналық, психологиялық талаптар туралы ақыл-кеңес беріп, осы мамандыққа қоғамның зәрулігі, кейінен жұмысқа орналасу мәселелері сөз болады. Мұндай кеңесті арнаулы мекемелер, сондай-ақ мектептегі мұғалімдер мен психолог мамандар жүргізіп отырады.

*Кәсіби жарамдылық дегеніміз* – адамның еңбектің белгілі-бір түріне жарамдылығын көрсететін психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерінің, оған қажетті тиісті білім, дағды, икемділіктің жиынтығы. Кәсіби жарамдылықты ажыратуға диагностикалық тест әдісімен адамдардың мамандық таңдауда қандай түрткілері (мотивтер) болатындығы, олардың мән-мәнісі зерттеледі.

Кәсіби іріктеуде жас өскінінің белгілі мамандыққа жарамды-жарамсыздығы арнаулы процедуралар арқылы тексеріледі.

*Кәсіби бейімделу* – жұмысқа жаңа түскен адамның өз ортасына біртіндеп төселіп, бейімделуі.

## 1.2. Жеке бастың кәсіби өзін-өзі анықтауы

*Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мәні.* Жеке бастың кәсіби қалыптасуының өнімділігінің маңызды критеріі – өзінің кәсіби өмірін құру, өз бетінше жобалар жасау, мамандық таңдауда жауапкершілікпен шешім қабылдау, өзінің кәсіби еңбегінде жеке бастық мағына табуға қабілеттілігі. Әрине, бұл өмірлік маңызы бар мәселелер жеке бас өмірінде кездеседі. Жеке бас әрқашан өзгерісте болады, дамиды. Демек, дамудың әр кезеңінде кәсіби өзін-өзі анықтаудың міндеттері әртүрлі жолмен шешіледі.

Мамандық әлемінде өз орнын анықтау, өзінің әлеуметтік-кәсіби рөлінің мәнін ұғыну, кәсіби еңбегіне қатынас, сондай-ақ өзіне және ұжымға деген қарым-қатынасы адам өмірінің маңызды компоненті болып табылады.

Кейде адамдарда өздерінің мамандығына деген қанағаттанбаушылық, көңіл толмаушылық болады. Осыған байланысты мамандық пен жұмыс орнын ауыстыру да жиі кездеседі.

Сонымен қатар, жеке бастың алдында оның мамандыққа деген қатынасын, кәсіби жетістіктерін талдауды, мамандықты таңдау және ауыстыру жөнінде шешім қабылдауды талап ететін мәселелер қойылады.

Мәселелердің мұндай кешені мамандыққа кіріспеде кәсіби өзін-өзі анықтау түсінігімен түсіндіріледі. Әрине, психологиялық ғылымда мұндай психологиялық құбылыс бір ғана түсінікке ие емес.

А. Маслоу кәсіби дамудың концепциясын ұсына отырып, адамның іс-әрекетте өзін көрсете алуының орталық түсінігі ретінде өзіндік өзектілікті алды. Оның концепциясында «өзіндік анықталу» түсінігіне «өзіндік өзектілік», «өзіндік тарату» сияқты түсініктер жақын келеді.

П.Г. Щедровицкий өзін-өзі анықтауды адамның өзін және жеке өмірін тарихын қалыптастыруға деген қабілеттілік деп көрсетеді.

Е.А. Климов кәсіби өзін-өзі анықтауды талдай келе, былайша түсіндіреді: "Мамандар қауымдастығының толыққанды қатынасушысы ретінде өзін қалыптастыру, психикалық дамудың маңызды көрінісі".

Жеке тұлғада даму кезеңінде еңбектің әртүрлі саласына деген нақты қатынас, басқа көптеген мамандықтар жөнінде білу, өз мүмкіндіктерін бағалау, әлеуметтік-экономикалық жағдайды қарастыра алу, мамандық таңдаудың "қосымша варианттары" туралы білу қалыптасады. Бұл кәсіби өзін-өзі анықтауға деген ішкі дайындықтың күйін сипаттайды.

Кәсіби және жеке тұлғалық өзін-өзі анықтау Н.С.Пряжниковтың зерттеуінің негізі болып табылды.

Әдебиетті талдау, үлкен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Н.С. Пряжниковтің жұмысындағы кәсіби өзін-өзі анықтаудың теориясы мен практикасын байытты. Кәсіби өзін-өзі анықтау мен өзіндік таратудың байланысы өмірдің басқа да маңызды аяларында да кездеседі. Осыны түсіндіре келе, ол былай деп жазды: "Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мәні мәдени-тарихи жағдайдағы іс-әрекет пен орындалатын жұмыстың мәнін өзінше ұғыну болып табылады".

Жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуының талдауын қарастыра келе, бұл процестің негізгі кезеңдерін көрсетуге болады:

1. Кәсіби өзін-өзі анықтау-мамандық таңдауға және мамандық әлеміне индивидтің таңдаулы қатынасы.

2. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың өзегі әлеуметтік-экономикалық шарттар мен кәсіби іс-әрекеттің талаптарын, мүмкіншіліктері мен ерекшеліктерін есепке ала отырып мамандық таңдау болып табылады.

3. Кәсіби өзін-өзі анықтау барлық кәсіби өмір ағымында кездеседі: жеке бастың мамандығына деген пікірі, кәсіби болмысы жайында ой қорытындысын жасайды.

4. Жеке бастың кәсіби өзін-өзі анықтаудың өзектілігі жалпы білім беретін мектепті аяқтау, кәсіби мекемеде оқып бітіру, біліктілігін жоғарылату, тұратын жерін ауыстыру, жұмыстан шығу т.б. сияқты оқиғалармен байланысты болады.

5. Кәсіби өзін-өзі анықтау жеке бастың әлеуметтік психологиялық жағдайының оның өзіндік өзектілігі мен өзіндік таратудағы қажеттілігінің маңызды сипаттамасы болып табылады.

## Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мазмұнды-процессуалды моделі

Жеке бастың кәсіби өзін-өзі анықтауын зерттей келе, Н.С.Пряжников оның мынандай *мазмұнды-процессуалды моделін* құрды:

1. Кәсіби дайындықты қажетсіну мен қоғамдық пайдалы еңбектің құндылығын ұғыну, сезіну.

2. Тандалатын еңбекті болжау мен әлеуметтік-экономикалық жағдайға бағдарлану.

3. Кәсіби мақсатты яғни, арманын анықтау, кәсіби еңбек әлемінде бағдарлану.

4. Алдында тұрған мақсатқа жол, кезең ретінде кәсіби мақсаттардың анықталуы.

5. Жұмыс орны мен кәсіби оқу мекемесіне сәйкес келетін мамандықтар жайында ақпарат алу.

6. Кәсіби мақсаттарға жетудегі кедергілер мен өз жетістігін білу.

7. Өзін-өзі анықтаудың негізгі нұсқасы бойынша сәтсіздіктер туындаған жағдайда қосымша нұсқаларды таңдаудың жүйелері, жиынтығы.

8. Кері байланыс принципі бойынша жоспарларды түзету және кәсіби перспективалардың практикалық бастамасы.

Жеке тұлғаның өз қабілеттерін ұсынуының потенциалды мүмкіндіктерін талдай келе, Н.С. Пряжников оның 7 типін көрсетеді:

1. *Нақты еңбек функциясында өзін-өзі анықтау.*

Бұл түрге орындалатын іс-әрекет шеңберінде өзін дамыту жатады. Қызметкер еңбек функцияларын сапалы орындауда өз іс-әрекетінің мәнін ұғынады. Адамның таңдау еркі мен әрекет диапазоны төмен дәрежеде, көптеген қызметкерлер үшін мұндай монотонды еңбек өте жайсыз. Сондықтан да өндіріс ұйымдастырушылары мұндай еңбекті қосымша функциялармен толықтырады. Кейбір адамдарда мұндай біркелкі еңбектен қанағаттанушылық сезімі болады.

2. *Нақты еңбек орнында өзін-өзі анықтау.*

Ол көп қызметтердің орындалуын талап етеді. Еңбек орны өндіріс тапсырмаларымен, нақты құқықтармен, еңбек құралы

енетін өндіріс ортасымен сипатталады, орындалатын іс-әрекетте өзіндік реализация мүмкіндігі жоғары. Нақты еңбек орнын ауыстыру қызметкердің қанағаттанбаушылық сезімін тудырады.

### 3. Нақты мамандық деңгейінде өзін-өзі анықтау.

Жеке тұлғаның өзіндік реализация мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл кезде әртүрлі еңбек түрлерін ауыстырады. Мысалы, автокөлік жүргізушісі кез-келген автомобильді жүргізе алады.

### 4. Нақты мамандықтағы өзін-өзі анықтау.

Қызметкер еңбек іс-әрекетінің ұқсас түрлерін орындайды. Мамандық мамандар тобын біріктіреді. Сондықтан қызметкер тек қана еңбек орнын емес, мамандықты да таңдайды.

### 5. Өмірлік өзін-өзі анықтау.

Бұған оқу, жұмыс, жұмыссыздық т.б. енеді. Мұнда адамның өмір салтын таңдау туралы айтылады. Көптеген адамдар кәсібиліктен тыс іс-әрекеттен өз өмірінің мәнін түсінеді. Өмірлік өзін-өзі бақылаудың әлеуметтік рольдерді, өмір салты мен өмір стилін таңдауда маңызы зор. Бұл кезде мамандық нақты өмір салтының құралы болып табылады.

### 6. Жеке тұлғалық өзін-өзі анықтау.

Бұл өмірлік өзін-өзі анықтаудың жоғарғы көрінісі. Бұл кезде адам өз өмірінің және жағдайының иесі болып табылады. Жеке бас әлеуметтік рольдер мен стереотиптерде жоғарылайды. Адам тек әлеуметтік рөлді игеріп қана қоймай, жаңа рөлдер тудырып, әлеуметтік-психологиялық ережелерді құрады. Жеке бастық өзін-өзі анықтау – "Мен бейнесін" табу, бұл бейненің тұрақты дамуын және оны айналасындағы адамдардың құптауы.

### 7. Жеке бастың мәдениетте өзін-өзі анықтауы.

Бұл жеке бастың өзін-өзі анықтауының жоғарғы көрінісі. Бұл адамның әлеуметтік мәңгілік түсінігіне бағытталған ішкі белсенділікті көрсетеді. Жеке бастың өзін-өзі анықтауының жоғарғы типі жеке тұлғаның мәдениет дамуына (кең мағынада өндіріске, өнерге, ғылымға т.б.) қосқан үлесімен сипатталады.

Сондай-ақ, автор өзіндік таратудың 5 деңгейін көрсетеді (деңгейлерді көрсету критеріі – адамның іс-әрекетті іштей қабылдауы):

1. Орындалатын іс-әрекеттің агрессивті жайсыздығы (дедуктивті деңгей);

2. Осы іс-әрекетті бейбіт түрде шешуге ұмтылу;

3. Іс-әрекетті үлгі, шаблон, инструкция бойынша орындау (пассивті деңгей);

4. Орындалатын жұмыстың жеке элементтерін өздігінен жасауы;

5. Орындалатын іс-әрекетті байытуға ұмтылу (шығармашылық деңгей);

## Жеке бас қалыптасуының әр кезеңіндегі өзін-өзі анықтауы

**Мектепке дейінгі шақ.** Балалардың өз ойындарында ересектерге еліктеуге ұмтылысы және әрекеттерін қайталауы белгілі. Бұл жас кезеңінде сюжеттік-рольдік ойынның маңызы зор. Олардың кейбіреуі кәсіби бағдарланған сипатқа ие. Балалар дәрігері, сатушы, тәрбиеші, аспаз т.б. рөлдерді иеленіп ойындар ойнайды.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың әрі қарай дамуы үшін алғашқы еңбек бастамалары өте маңызды. Мысалы, киімді күтіп, үйді жинаудың күрделі емес әрекеттерін жасау, т.б. Бұл еңбек әрекеттері еңбекке деген қызығушылықты дамытып, кез-келген іс-әрекетке деген оң мотивацияның негізін қалап, ересектердің еңбегі жайлы балалардың білімін дамытады.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың әрі қарай дамуына ересектердің еңбегі жайлы білу әсер етеді. Оның қалыптасуы үшін ересектер еңбегін қадағалау және еңбек мазмұнын суреттеу қажет.

Кәсіби-рөлдік ойындардың, еңбектің қарапайым түрлерін орындау, ересектер еңбегін бақылаудың нәтижесі мектеп жасына дейінгі балалардың еңбектің түрлерін ажырату мен әртүрлі мамандықтарды салыстыру негізіндегі «өзін-өзі анықтауы» болып табылады.

**Кіші мектеп жасы.** Кіші мектеп жасындағылардың психологиялық ерекшеліктері ересектерге еліктеу болып табылады. Бұл жас кезеңіндегі балалардың екінші бір ерекшелігі – жетістікке жету мотивациясы. Әрине, әуелі жетекші іс-әрекетте, яғни оқуда, оқу, ойын және еңбек іс-әрекетінде жиналған тәжірибе негізіндегі қабілеттері мен мүмкіндіктерін баланың түсінуі өзіне ұнайтын мамандық таңдауға деген тілегін қалыптастырады.

Кіші мектеп жасының соңына қарай қабілеттердің дамуы балалар арасында жеке ерекшеліктердің пайда болуына әкеледі.

Оқу және еңбек іс-әрекеті балалардың шығармашылық қиялының дамуына әсер етеді. Бұл қабілеттілік негізінде еңбектің әртүрінің мазмұны жайлы түсініктердің қалыптасып, нақты мамандыққа еліктеу пайда болады.

**Жеткіншек шақ** – бұл алғашқы амбивалентті оптация кезеңі. Бұл – жеке бас қалыптасуының жауапты кезеңі. Бұл жас кезеңінде еңбектің әр түріне адамгершілік қатынастың негізі қаланып, әр түрлі мамандықтарға жеткіншектердің таңдау қатынасын анықтайтын құндылықтар жүйесі қалыптасады.

Ересектердің сыртқы келбетіне еліктеу нәтижесінде ұл балалар ұшқыш, ғарышкер, т.б болуды армандайды. Күш-жігері мол, батыл ер адамдарға еліктейді, ал қыздар топ-модель, эстрада жұлдызы, кино жұлдыз, т.б. әйгілі, әдемі әйел адамдарға еліктейді. Мұндай романтикалық мамандықтарға бағдарлану бұқаралық ақпарат құралдары әсерінен болады.

Әртүрлі оқу пәндеріне қызығушылық, шығармашылық және техникалық үйірмелерге қатынасу жеткіншектерде оқу-кәсіби бағытты қалыптастырады.

**Жасөспірімдік шақ.** Бұл жастың маңызды міндеті – мамандық таңдау. Бұл – реалистикалық оптация кезеңі. Жасөспірімдердің кәсіби жоспарлары арман сияқты сипатқа ие болды.

Олар нақты психологиялық түрде негізделген мамандықты таңдай алмайды. Бұл мәселе көбінесе мектептегі оқуын тастап кеткен қыздар мен жігіттерде кездеседі.

14-15 жаста мамандық таңдау күрделі. Кәсіби бағдарланған арманды шындыққа айналдыру мүмкін емес болғандықтан қанағаттанбаушылық «Мен» образының дамуына түрткі болады. Яғни, мен кімін? Менің қандай қабілеттерім бар? Менің өмірлік идеалым қалай? Менің кім болғым келеді? – деген сұрақтар туындайды.

Өзіндік талдау кәсіби мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауының психологиялық негізі болады. Профтехучилище, профлицейлер, техникумдар мен колледжде кәсіби білім алу олардың нақты кәсіби білім бағдарланғандарын дәлелдемейді. Статистиканың көрсетуінше, оқу-кәсіби мекемесін таңдау

психологиялық жағынан негізделмеген. Орта жалпы білім алған қыз-жігіттер өздерін психологиялық жағынан өте жайлы сезінеді. Мектепті аяқтаған соң, өздерінің арманындағы мамандықтан гөрі шындықтағы қолайлы вариантты таңдайды. Олар өмірдегі табыс пен жетістікке жеткізетін мамандық таңдауға талпынады.

Өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін бағалау, мамандықтың мазмұны негізінде олар кәсіби білім алу мен еңбектің қосымша варианттары жолында өзін-өзі анықтайды.

**Балғын жас.** 16-23 жаста көптеген жастар оқу мекемелерінде кәсіби білім алады. Кейбіреулері өз таңдауларына ризашылық білдірмейді. Кейбіреулерінде кәсіби оқу барысында таңдауларына деген сенімділігі бекітіле түседі. Бұл кезде жеке бастың кәсіби бағыттылығының кристаллизациясы жүреді. Болашақ әлеуметтік-кәсіби рольді игеру нақты кәсіби қауымдастықтың өкілі ретінде өзін сезінуге жетелейді.

**Жастық шақ.** (27 жасқа дейін). Бұл әлеуметтік-кәсіби белсенділік кезеңі. Мамандық таңдауға деген сенімсіздік артта қалды. Бұл кезде кәсіби тәжірибе мен жұмыс орны бар. Кәсіби өсу бұл кездегі өзекті мәселе. Құрдастарының көпшілігі нақты кәсіби жетістіктерге жетті. Бірақ, кейбіреулері өз өмірін құрып, кәсіби бағдарланса да кәсіби жоспарларға байланысты психологиялық жайсыздықты бастан кешіреді.

Кәсіби жетістіктердің жоқтығы, анықталмаған еңбек жолының перспективасы «Мен концепциясының» өзіндік бағалауы мен өзіндік талдауын туғызады. Өмірдің жаңа мақсаттары пайда бола бастайды. Кейбіреулеріне тоқталсақ:

- кәсіби біліктілікті жоғарылату;
- қызметтегі жоғарылау және жұмысты ауыстыру;
- жаңа мамандық таңдау;

30 жасқа қарай кей адамдар үшін кәсіби өзін-өзі анықтау тағы да өзекті мәселеге айнала бастайды. Бұл жағдайды шешудің екі жолы бар: таңдалған мамандықта қалу және соның маманы болу немесе кәсіби миграция, яғни жұмыс орнын не мамандықты ауыстыру.

**Ересек шақ.** Бұл шақ – өзін жеке бас ретінде тарату, кәсіби-психологиялық потенциалды қолдана алу кезеңі. Осы жас кезеңінде кәсіби және өмірлік жоспарлары құрылады. Мамандық

еңбек орынында өз қабілеттерін қолдануға, іс-әрекеттің жеке стилін жасауға мүмкіндік береді.

Кәсіби өмірге тұрақталу, таңдалған мамандыққа қанағаттанушылық кәсіби оптимизм сияқты ерекше эмоционалдық күйдің пайда болуына әкеледі.

**Қарттық жас.** Зейнеткерлікке шығуға жету кәсіби өмірден кетуге әкеледі. 55-60 жаста жеке бас өзінің кәсіби потенциалын толығымен жоққа шығара алмайды. Жоғары мамандану кәсіби шаршағанға қарамастан зейнетке шығуға сенімсіздік тудырады. Күйзеліс уақыты пайда болады. Ондаған жылдар бойы қалыптасқан өмір салты, стереотиптер бір сағаттың ішінде жойылады. Кәсіби маңызды сапалар, кәсіби білім мен іскерліктер, тәжірибе мен шеберлік қажетсіз болып қалады. Бұл негативті кезеңдер әлеуметтік қартаюды тездетеді.

Өзін-өзі анықтау мәселесі тағы да пайда болады. Бірақ бұл жерде кәсіби өмір емес, әлеуметтік, қоғамдық өмірдегі өзін-өзі анықтау жайында айтылады. Кейбір зейнеткерлер қоғамдық-саяси өмірде, кейбіреулері тұрмыстық-жанұялық мәселелерде, ал басқалары бау-бақша өсірумен, қалғандары ұсақ меншік бизнес аясында еңбек өмірін жалғастырады. Бұл белсенді әлеуметтік-еңбектің өзін-өзі анықтау мен жеке бас ретінде өзін жалғастыру кезеңі болып табылады.

Кәсіби қалыптастырудың әр кезеңінде жеке бастың өзін-өзі анықтауын талдауды аяқтай келе, былай көрсетуге болады: кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл тек қана мамандық таңдау емес, жеке бас дамуының өзіндік шығармашылық процесі. Өзін-өзі анықтау адекватты, яғни мұнда жеке бастың дамуы жүреді. Сондай-ақ адекватты емес, яғни ішкі конфликтілерді туғызады.

#### Жеке бастың қалыптасуының әр кезеңіндегі кәсіби өзін-өзі анықтауы

Жас кезеңі	Кәсіби қалыптасу кезеңі	Кәсіби өзін-өзі анықтаудың тәсілдері
Мектеп жасына дейінгі кезең (7 жасқа дейін)		Кәсіби рөлдік ойындар

Кіші мектеп жасы (11 жасқа дейін)		Кәсіби индукциялар
Жеткіншектік кезең (15 жасқа дейін)	Бірінші амбивалентті оптация	Кәсіби безендірілген фантазиялар Романтикалық түрде безендірілген (бойлған) кәсіби бағыттаулар
Жасөспірімдік шақ (18 жасқа дейін)	Екінші реалистикалық оптация	Оқу-кәсіби бағытты жағдаятты таңдау; Кәсіби білім беру мен кәсіби дайындықты таңдау
Балғын жас (23 жасқа дейін)	Кәсіби білім және кәсіби дайындық	Оқу-кәсіби өрісінде өзін-өзі анықтау
Жастық шақ (27 жасқа дейін)	Кәсіби бейімделу Бірінші мамандану	Кәсіби бағыттылық кристаллизациясы. Нақты жұмыс орнында өзін-өзі анықтау.
Ересектік шақ (33-ке дейін)	Екінші мамандану	Мамандықта өзін-өзі анықтау.
Ересектік шақ (60 жасқа дейін)	Кәсіби шеберлік	Кәсіби мәдениетте өзін-өзі анықтау.
Қарттық шақ (75-ке дейін)	Мониторинг-насихаттаушы	Қоғамдық-пайдалы және жанұялық тұрмыстық өмірде өзін-өзі анықтау.

#### Кәсіби өзін-өзі анықтаудың конфликтілері

Өзін-өзі анықтау – бұл мәселелелік жағдайда өз көзқарасыңды дәлелдеп, ұстану. Мысалы, мектепті аяқтаған соң оқуға қайда барады? Қандай мамандықты таңдайды? Осы мамандық бойынша жұмысқа қалай орналасады? Бұл мамандықтың материалдық мүмкіндіктері қандай? Мәселелік

жағдайда нақтылану үшін жеке бас өз қажеттілігін, қызығушылықтарын, позициясын дайындығымен, қабілетімен, эмоционалдық ерік сапаларымен, денсаулық жағдайымен үйлестіру керек. Сондай-ақ, кәсіби оқу мекемесінің, мамандықтың талаптарын да есепке алу керек.

Бұл позицияларды келісімге келтіру қиын. Әлеуметтік-экономикалық факторды, туған-туысқандардың позициясын есепке алсақ, шын мәнінде кәсіби өзін-өзі анықтау конфликтіні білдіреді. Бұл конфликті ішкі жеке бастық сипатқа ие. Оның шешімі кәсіби ұмтылыстарды түзету арқылы жүзеге асады.

Ішкі жеке бастық конфликтінің жақтары әртүрлі құрылымдары болып табылады. Мынандай факторлармен шарттас конфликтілерді көрсетуге болады.

1. Құрамдас бағытталушылықтың келіспеушілігі: әлеуметтік-кәсіби экспектациямен кәсіби шындық арасындағы қарама-қайшылық, сондай-ақ, кәсіби жоғарылау, табыс түрткілері мен материалдық жағдай арасындағы, өзін-өзі бағалаудың жоғарғы деңгейі мен өзіндік сыйлау арасындағы қарама-қайшылықтар.

2. Кәсіби іс-әрекет сипаты мен кәсіби жан-жақтылық деңгейінің сәйкеспеушілігі, еңбек мазмұнына қанағаттанбау және мамандық ауыстыруға тілектің жоғы, т.б.

3. Табысқа жетуге жеке бас бағыттылығы мен әлеуметтік-кәсіби қабілеттер, сапалар, психофизиологиялық қасиеттердің, денсаулық жағдайының қарама-қайшылығы.

4. Өзінің кәсіби жетістіктері мен кәсіби мүмкіндіктерінің сәйкес келмеуі: “Мен-мүмкінмін” және “Шынайы мен”, “Мен-идеалмын” және “Мен-өзгертілгенмін” арасындағы қарама-қайшылықтар. Бұл өзін-өзі бағалаумен байланысты.

5. Кәсіби мүмкіндіктер, қабілеттер мен әлеуметтік шектеулер (жас, жыныс, ұлты, сыртқы қабілеті) арасындағы қарама-қайшылықтар.

Бірінші топ оптация кезеңіндегі адамдарға тән. Екіншісі кәсіби дайындық кезеңінде көрінеді. Үшінші және төртінші мамандану мен шеберлену кезеңіне, ал бесінші топ кәсіби қалыптасудың аяқталатын кезеңінде конфликт тудырады.

Ішкі жеке бастық конфликтілер эмоционалдық күйзеліс, көңілсіз күй, фрустрация, агрессивтілік, қобалжу, т.б. түрінде байқалады. Эмоциялық жайсыздық белгілері адамды психикалық

күйзелістен құтылу жолдарын іздеуге итермелейді. Мұндай конфликтілерді және психологиялық көмек көрсетуді арнайы дайындалған практикалық психолог жасай алады. Ішкі конфликтілерді жеңу үшін психологиялық жан-жақтылықты дамыту, кәсіби белсенділікті жоғарылату, кәсіби перспективаны құру, кәсіби іс-әрекеттің жаңа мәнін түсіну, өзінің біліктілігін көтеру, өзін бағалаудың деңгейін төмендету, мүмкін болатын қиындықтарды алдын-алу, мамандық ауыстырмау, дағдарыстарды алдын-ала ескеру т.б. қажет.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың ішкі жеке бастық конфликтілерін тудыратын төмендегідей психологиялық мәселелерді көрсетуге болады:

1. Мамандықтың идеалды және шынайы образдарының және “Шынайы мен”, “Мен-мүмкінмін” арасындағы келіспеушілік;

2. Кәсіби біліктіліктің еңбек жолында, материалдық және моральдық қолдауға сай келмеуі;

3. Дұрыс таңдалмаған мамандық, жұмыс орны;

4. Кәсіби санадағы қайшылықтар.

Осы конфликтілерді талдай келе, В.Б. Ольшанский мынандай мысалдар келтіреді: математикаға қабілетті мұғалімнің сабақ беруі конфликтілік жағдай емес. Ал, егер мұғалім өзін музыкант деп есептеп (бірақ ешқандай музыкалық білімі жоқ), балабақшада музыкадан сабақ берсе, мұның соңы неге әкелері сөзсіз анық. Ол әртүрлі болуы мүмкін. Конфликтінің жемісті шешімі – кәсіби біліктілікті көтеру немесе жұмыстан шығу. Деструктивті вариант: мұғалім өзін де өзгені де қинап, әрқашанда фрустрация күйінде жүреді.

Бұл процесте өзін-өзі анықтау мәселелері туындайды: кәсіби оқу мекемесін таңдауда, мамандық таңдауда, т.б. және өзін-өзі анықтау әрқашан дағдарыстық құбылыс негізі болып табылатын конфликт сипатына ие болады.

### Қорытынды

1. Кәсіби өзін-өзі анықтау – жеке бастық мамандық әлеміндегі өз орнына деген эмоциялық боялған қатынасы. Бұған әлеуметтік-экономикалық талаптар, мамандар ұжымындағы тұлға аралық қатынастар, кәсіби даму, жас ерекшелік және кәсіби

дағдарыстар әсер етеді. Кәсіби өзін-өзі анықтауда жеке бас белсенділігі, жауапкершілігі жетекші мәнге ие.

2. Кәсіби өзін-өзі анықтау жеке бастың нақты мамандықта және мәдениетте өз қабілеттерін көрсетудегі маңызды фактор болып табылады. Мамандық әлемінде өз орнын үнемі іздеу жеке басқа өзін көрсететін іс-әрекеттің нақты аймағын табуға мүмкіндік береді.

3. Жеке бас қалыптасуында кәсіби өзін-өзі анықтау әр түрлі тәсілімен жасалады. Бұл тәсілдердің анализінің көрсетуінше, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелік жағдайда өз пікірін дұрыс көрсете алумен байқалады. Бұл шығармашылық процесс.

4. Кәсіби өзін-өзі анықтау әртүрлі мақсат, қызығушылық, позициялардың, мүмкіндіктердің соқтығысуын тудырады. “Шынайы мен”, “Мен мүмкінмін” арасында қарама-қайшылықтар пайда болады.

Бұл қарама-қайшылықтар ішкі жеке бастық конфликтілердің пайда болуына әкеп соғады. Ал, оларды жену үшін психологтың психологиялық көмегі қажет.

### 1.3. Психология – ғылым және мамандық ретінде

**Психология ғылым ретінде.** Психология дегеніміз не? “psyche” және “logos” тікелей грек тілінен аударғанда “жан туралы ғылым” немесе “жан туралы білім” дегенді білдіреді.

Психология тарихында адамның ішкі әлемі жан және жан құбылыстармен түсіндіріледі. “Психология” сөзінің өзі кейіннен ғана пайдаланыла бастады. “Психология” сөзін шығарған кім екендігі жөніндегі тарихшылар көзқарасы әртүрлі. Бірінің айтуы бойынша оның авторы Лютер Ф. Меланхтон, ал екіншісінің айтуы бойынша – философ Гокклениус. “Психология” сөзі ғылыми әдебиетте XVIII ғасырда пайда болды. 1732-1734 жылдары жарияланған “Рационалды психология” мен “Эмпирикалық психология” еңбектерінің авторы неміс философы Христиан Вольф бұл терминді алғаш рет философиялық тілге енгізген.

Лингвистикалық көзқарас бойынша “Жан” және “Психика” – бір ұғым. Бірақ мәдениет пен ғылымның даму процесінде бұл ұғымдар мағынасы өзіндік мәнге ие болды. Қазіргі кезде тұрмыстық психологиямен өнерде психика сөзінен гөрі көбінесе жан сөзі кең қолданылады. Және де керісінше ғылымда “жан” ұғымы сирек қолданылып “Психика” ғылыми ұғым болып табылады.

*Психология* – адамның ішкі әлемінің психикасы, адам жүріс-тұрысын түсіндіретін психологиялық себептер жайындағы ғылым. Психикалық құбылыстар астарларында ішкі субъективті тәжірибе деректері түсіндіріледі. Бұл деректер қатарына адамның түрлі психикалық құбылыстары жатады. Түйсіну, қабылдау, елес, қиял, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, еске түсіру қайта жанғырту – бұл танымдық психикалық процестер болып табылады. Бұл процестер арқылы адам сыртқы және ішкі әлемді таниды. Түйсіну мен қабылдау, көру, есту, сипап сезу, иіс сезу, дәм сезу сияқты сезім мүшелері арқылы адамға білім береді. Қабылдау нәтижесінде заттармен құбылыстар адам миында тұтастай бейнеленеді. Адамның есінде пайда болатын елестер зат бейнесін қайта жанғыртады. Ол өткен тәжірибедегі сезім мүшелер арқылы алынған әсерлерді сақтайды. Ал, қиялдағы пайда болатын елестер адам бұрын көрмеген жаңа бейнелерді құруға бағытталған. Қиял фантазияға ұқсас. Ойлау талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, ой-

тәсілдер және ой қорытындылары арқылы жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде адамда сыртқы және ішкі әлемнің қасиеттері мен заңдылықтарын түсінуге көмектесетін жаңа бейнелер, ұғымдар қалыптасады. Танымдық процестер ырықты және ырықсыз болады. Ырықсыз процестер адамда ырықсыз, өзінен өзі пайда болып, өтеді. Олар қабылданып, есте сақталып, еске түсірілетін заттар мен құбылыстардың ерекшеліктерімен шақырылады. Олар бақыланатын құбылыстар мен заттар жаңалығына байланысты пайда болады. Ырықты процестер адамда өз ниетімен әсер етіп көру, есте сақтау, еске түсіру, елес, ойлауда пайда болады. Олар мақсатты түрде реттеліп, қабылдауға, жаттауға, еске сақтауға, ойлауға айналады. Ол үшін белгілі бір күш керек.

Адамның психикалық өмірінде эмоционалды құбылыстар үлкен роль атқарады. Оның көмегімен адам өзінің сыртқы және ішкі әлеміндегі заттармен құбылыстардың қатынасын анықтай алады. Эмоция – эмоционалды процестің өтуінің ең қарапайым формасы. Негізгі эмоциялар қатарына ашу, жек көру, жиіркену, қорқыныш, қуаныш, қайғы және таң қалу кіреді. Эмоциялар жағымды және жағымсыз болып бөлінеді. Эмоционалды қозу барысында адам өзінің іс әрекеті мен ойлауына есеп бере алмайтын, өз іс әрекетін бақылай алмайтын болса, ол аффектілік жағдай, аффект болып табылады. Стресс қазіргі уақытта кең тараған жүйкелік – психикалық кернеуілілік калпында сипатталатын эмоционалды құбылыс. Бұған қарама-қарсы қалып – релаксация. Жоғарыда қарастырып өткен эмоционалды құбылыстармен салыстырғанда көңіл-күй тұрақты болып келеді. Аландау, эйфория және тағы басқалары адамның эмоционалды өмірінің көптеген басқа жақтарын сипаттайды. Адамның заттарға, құбылыстарға, оқиғаға қатынасын көрсететін симпатия, антипатия, махаббат, достық, жек көрушілік және тағы басқа сезімдерді орнықты эмоциялар суреттейді.

Психикалық құбылыстарға іс-әрекетті реттеудің әртүрлі жақтары жатады. Қажеттілік пен мотивация жүріс-тұрыстың әртүрлі әрекеттегі ерекшеліктерін түсіндіре отырып, адамның іс-әрекетке ұмтылуы, бағытталу жүйесін суреттейді. Зейін адамның орындап жатқан ішкі және сыртқы іс-әрекетіне назар аудару ерекшеліктерін сипаттайды. Сәттілікпен аяқталғандық іс-

әрекеттегі зейіннің дәрежесіне байланысты. Зейін дәрежесін ерікті күшке қызығушылықпен қабілеттілік жоғарлатады. Оның көмегімен адам өзінің іс-әрекетін, өзіне және қоршаған ортаға әсерін реттеп отырады. Зейін ырықты және ырықсыз түрде болады. Зейін танымдық психикалық процестерді ырықты және ырықсыз қылады. Психикалық құбылыстарға шығармашылық күй, стресс, шаршау, бейімделу сияқты психикалық қалыптар кіреді. Олар белгілі бір уақыт аралығында психикалық процестер ағымын өзгертіп, оларды белсендіріп немесе қоздырып ерекше сапалық береді. Шығармашылық күй адамның шығармашылық белсенділігін жоғарлатады. Стресс жүйкелі - психикалық кернеу тудырады. Азғантай кернеу адамды белсендіреді, ал үлкен кернеу берекесін кетіреді. Шаршау іс-әрекет нәтижесін төмендетеді. Бейімделу адамның (немесе жануардың) сыртқы орта жағдайының өзгеруіне сәйкестенуінен пайда болады.

Психикалық құбылыстарға темперамент, мінез, қабілет сияқты психикалық қасиеттер жатады. Олар адамның психикалық өміріне өзіндік бейне береді. Темперамент көптеген жағдайда ылғида көрінетін, психикалық өміріндің биологиялық шартты қарапайым динамикалық ерекшеліктерді сипаттайды. Оларға белсенділік деңгейі, қозғалыс, сөйлеу, психикалық процестер қарқыны, салмақтылық деңгейі жатады. Мінез адамның құбылыстарға, заттарға, оқиғаға, адамдарға, өзіне қарапайым қатынасын анықтайды. Бұл қатынас мінездің белгілі бір жауапкершілік, орындаушылық, бірбеткейлік, жинақылық, белсенділік, эгоизм, қатаңдық және тағы басқа белгілерінде пайда болады. Қабілеттер – кез келген іс-әрекет түрлерін меңгеру мен орындау сәттілігін анықтайтын психикалық қасиет.

Тұлғаның психикалық қасиеттеріне өзіндік сана, адамның өз-өзін бағалауы, өз-өзін сыйлауы және тағы басқа көптеген тұлғалық ерекшеліктері жатады. Психологияда тұлға түсінігі адамның әр түрлі әлеуметтік сапаларын сипаттайды.

Көптеген психологиялық құбылыстар тұлғааралық қатынасты сипаттайды. Оларға тұлғааралық қабылдау, симпатия, антипатия, бірігу, қақтығыс, достық, махаббат, сендірушілік, озықтық, психологиялық климат жатады.

Психологиялық құбылыстар саналы және санадан тыс болады. Сана – өте күрделі психикалық құбылыс жиынтығы. Онда

адам өзінің бейнесін, ойын, сезімін саналы түрде түсініп, өз жүріс-тұрысына есеп бере алады. Адам кейде жарақаттанған, ауырған, ұқытаған кезінде санасын жоғалтуы мүмкін. Сонымен қатар, алкоголь, наркотик әсерінен санасын бөлшектеп жоғалтуы мүмкін. Ондай жағдайда адам өзінің жүріс-тұрысы мен қалпын бақылай алмайды. Бірақ, адам қалыпты жағдайдын өзінде өзінің психикалық әлемінің бір бөлігін ғана біледі. Адам терең ойлау қалпында жан жағында не болып жатқанын байқамауы мүмкін. Адам онымен не болып жатқанын, неге миына белгілі бір ойлар келетінін саналы түрде түсінбеуі мүмкін.

Адамның жан әлемінің ілімі ретінде психологиялық білімдер әртүрлі деректерге ие. “Психология” және “Психологиялық” сөздері тек ғылыми психологияда ғана емес, қалыпты өмірде де, өнерде де кездеседі.

Психологиялық білімдерді дәстүрлі түрде екіге бөледі: тұрмыстық және ғылыми психология.

Психологиялық білімдерді зерттеу әдістеріне, құрылымының ерекшеліктеріне, дәлелдеу тәсілдеріне байланысты беске бөлуге болады:

1. Тұрмыстық психология
2. Ғылыми психология
3. Практикалық психология
4. Өнер психологиясы
5. Иррационалды психология

**Тұрмыстық психология.** Біз күнделікті өмірде «психология», «психолог», «психологиялық» сөздерін жиі қолданамыз, алайда оның мағынасына назар аудармаймыз. Адамдармен жақсы қарым-қатынас құра алатын адамды «жақсы психолог» дейміз. Адамның тұлғалық ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында «оның психологиясы сондай» деп айтамыз. Тіпті кейде басқа адамға эмоционалды мінездеме бере отырып «ол - псих» деген сөздерді де жиі естиміз.

Бұл психологиялық білімдер адамның күнделікті өмірінде жиналып, қолданылып тұрмыстық психология деген атауға ие болады. Олар әдетте, адамның жеке өмір процесіндегі бақылау, өзін-өзі бақылау, ой қорытындылау нәтижесінде нақты қалыптасады. Оның дұрыстығы өзіндік тәжірибеде тексеріледі.

Адам бұл білімдерді басқа адамдармен қарым-қатынасында пайдаланады.

Адам басқа адамның әрекетін, оның ішкі әлемінің ерекшеліктерімен түсіндіруге тырысады, ол үшін оның түрлі әрекеттері салыстырылып, оның жанының ерекшеліктері жайында қорытынды жасалады. Адамдардың ішкі әлемін түсіну адамдарды бір-бірімен салыстырып, жалпы қорытынды жасауға әкеліп соғады. Тұрмыстық психология нақты бір жағдайлар, нақты бір мәселелерден және адамдарға қатысты білімдерден құрылады.

Тұрмыстық психологияның қайнар көзі болып тек адамның өзінің жеке тәжірибесі ғана емес оның адамдармен тікелей байланысы болып келеді. Тұрмыстық психологияның мазмұны халық салт – дәстүрлерінде, наным – сенімдерінде, мақал – мәтелдерінде, ертегілерінде, халық даналығында, өлеңдерінде көрініс табады.

М.Монтень, Ф.Ларашфуко, Ж.Лабрюйердің афоризмдер жинағы кеңінен танылған. Ғұлама адамдардың тұрмыстық бақылауы, олардың даналығы мен жалпылауға деген қабілеттіліктері арқасында үлкен құндылық болып табылады. Сондықтан классиктердің афоризмдер жазылған кітаптары ерекше қызығушылық тудырады. Дейл Карнеги өз заманындағы адамдар қарым-қатынасының құпиялары жөніндегі жасаған белгілі адамдардың ойлары мен өмірлік бақылауларын біріктіру тәжірибесіне қол жеткізді. Нәтижесінде «Как приобретать друзей и оказывать влияние на людей» атты көпшілікке танымал кітабы жарық көрді. Осы және басқа да кітаптары тұрмыстық психология негізінде көптеген әр түрлі мысалдармен қызықты жазылған. Мұның барлығы оқырмандарға зейін аудартатын аса қызықты кітап етіп көрсетеді.

Тұрмыстық психология білімдерінің шынайылығының басты критерийі – олардың күнделікті өмірлік жағдайларда аса қажеттілігі мен шындыққа саятындығы. Егер адамдар қандай да бір тұрмыстық психологиялық принциптердің дәлелденгендігіне күнделікті өмірде көздері жетсе және оларды практикалық пайдаға асыра алса, онда бұл принциптер ақиқат деп есептеледі және алдағы ұқсас жағдайларда пайдаланатын болады. Көптеген адамдардың тәжірибесінде сыналып, бекітілгеннен кейін олар

ауызша халық шығармашылығында мақал – мәтелдер түрінде белгіленеді.

Бұл білімдердің ерекшелігі нақтылық пен қолайлылық болып табылады. Олар үнемі адамдардың қандай да бір нақты немесе ағымдағы жағдайларда көрсететін мінез – құлқы, ойлары мен сезімдерін сипаттайды. Кейбір сатушылар мен жарнама агенттері тұтынушылардың жүріс – тұрыс ерекшеліктерін ескере отырып сәйкесінше олармен әңгімелесуде, өздерінің іскерлік қарым-қатынас жасауларында жақсы психолог екенін байқатады. Қызықтырып еліктіріп әкетудің құпияларына жетік адамдар тұрмыстық психология білімдерін молынан жинақтағандар. Бірақ барлық жағдайларда бұл білімдер тек белгілі бір түбірлес жағдайларда, қандай да бір бір түрге біріктіруге болатын адамдармен қарым-қатынаста ғана қажеттілікті қанағаттандыра алады. Тұтас алғанда бұл білімдер жалпыланып мақал – мәтелдер түрінде халыққа тарайды. Олар адамдарға қолайлы кеңестер береді.

Тұрмыстық психологиялық білімдерге фрагменттілік тән. Олар адам өміріндегі кейбір ағымдық сәттерді, жекелеген өмірлік жағдайларды сипаттайды, бірақ адамның ішкі әлемі мен жүріс – тұрысының толық сипатын ашып бере алмайды. Бай психологиялық тәжірибелер ертегілерде көп кездеседі. Ертегілік бейнелер көбінесе белгілі бір психологиялық типтерді және өмірде кездесетін адамдардың мінездерін көрсетеді.

Көптеген тұрмыстық бақылауларды жазушылар жинақтайды және көркем әдебиеттерде немесе моральдық афоризмдерде қолданады.

Ондай білімдер интуитивті сипатта болады. Олар адамның күнделікті өміріндегі ішкі тәжірибесі негізінде анық негізсіз және белгісіз түрде пайда болады. Мысалы, педагогтар қандай да бір әдіс – тәсілдердің нәтижесін өздеріне белгілей отырып оның үйрету мен тәрбиелеудегі тиімді жақтарын ашады, бірақ педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық сәтті механизмдерін білмейді.

Олар баяндаудың түсініктілігі мен көрнекілігі бойынша сипатталады. Мәлімдеудің анықтылығы мен қарапайымдылығы, мол мысалдардың нақтылығы, бейнелілігі оларды басқа адамдар үшін сенімді етіп көрестеді.

Бұл топтың білімдерінде қолданылатын түсініктердің дәл еместігі байқалады. Тұрмыстық терминдер әдетте, ауыспалы және көп мағыналы болып келеді. Бұл олардың өмірлік әр түрлі жағдайларда, кейде қарама-қарсы жағдайларда әр қилы қолданылатындығын көрсетеді. Біздің тілімізде психикалық фактлер мен құбылыстарды білдіретін көптеген сөздер бар. Айтпақшы, бұлардың ішінде көбісі ғылыми психологияның аналогиялық терминдерімен ұқсас, қолданыста аса нақты емес. Мысалы, «түйсіну», «сезімдік тәжірибе» сөздері ғылыми психологияға қарағанда күнделікті сөздік қолданыста белгісіз және әлдеқайда көп мағыналы.

Тұрмыстық психология білімдері үшін өмірлік тәжірибе мен саналы ойлау негізгі тірегі. Бұл оларды, бір жағынан құрметті етеді, басқа жағынан – жеткілікті дәлелденбегендігін көрсетеді. Тұрмыстық психологияны кейде жоғарыдағы кемшіліктерін ескере отырып ғылыми психологияға дейінгі деп те атайды. Бірақ білімнің бұл екі типі де қоғамда қатарлас өмір сүреді, және тұрмыстық білімдердің әсіресе, ғылыми психология өмірмен бірлесе жүруге үлгермеген екі өзіндік артықшылығы байқалады. Мысалы, педагогтар кәсіби тәжірибелеріне сүйене отырып күнделікті жұмыста қажетті оқушылардың белгілі бір психологиялық жіктеулерін өздері ойша құрастырады. Оларға мысал ретінде оқушылардың «тырысушы», «тұйық», «асығыс», «зейін қоймайтын», «баяу», «баяу, бірақ жұмысты жоғары сапалық деңгейде орындаушы», «ойлау қабілеті нашар жетілген», «қабілетті», т.б. к типтерін келтіруге болады. Мұндай жіктеулер педагог бар психологиялық әдебиеттерден өзі үшін оқушылардың жеке тұлғалық классификациясын таба алмағанда қажеттілік тудырады. Ол мұны өмірлік практикалық бақылаулардың анализін негізге ала отырып өзі жасайды және оны оқушылармен қарым-қатынаста сәйкесінше қолданады.

Белгілі болғандай, көптеген адамдар өздерін «тәуір психолог» деп есептейді, яғни, олар қарым – қатынас жасайды, қандай да бір мәселелерді шешеді, бір – бірін түсінеді және т.б. «Тұрмыстық психология» өмір сүруге толықтай құқылы және тіпті нағыз психологтар (кәсіби психолог) біраз дәрежеде өзіндік тұрмыстық тәжірибесін қоса отырып тұрмыстық психологияның тәжірибелеріне сүйенеді. Бірақ, мамандар солай бола тұра ғылыми

психология мен тұрмыстық психологияны ажыратады. Ю.Б. Гиппенрейтер төмендегідей ерекшеліктерді көрсетеді:

1. Тұрмыстық білімдер нақты, дәл бір өмірлік оқиғамен байланысты, ал ғылыми психологияның адамдар өмірі мен жүріс – тұрысының жалпы заңдылықтарын айқындауға сүйенетін жалпы білімдерге талпыныс жасайды.

2. Тұрмыстық білімдер көбінесе интуициялық сипатта болады, ал психологиялық ғылымда психикалық құбылыстардың рационалдық түсіндірмесіне ұмтылады, яғни оларды аса жақсы түсіну мен тіпті болжау жасау арқылы.

3. Тұрмыстық білімдер өте шектеулі нұсқаларда беріледі (ауыздан ауызға, хат арқылы және т.с.с), ал ғылыми білімдер жинақталған тәжірибелерді арнайы фиксациялау жүйелері арқылы беріледі (кітаптар, лекциялар арқылы, ғылыми мектептерде аккумуляцияланады және т.с.с).

4. Тұрмыстық психологияда білімдерді меңгеру қандай да бір жағдайларды бақылау, пікір бөлісу немесе адамның өзі тікелей басынан өткеру арқылы жүзеге асырылады. Ғылыми психологияда жаңа білімдер арнайы зерттеулер мен эксперименттер, сондай – ақ ғылыми ойлау мен қиялдаудың (қиялдағы эксперимент) ерекше формалары арқылы алынады.

5. Ғылыми психология ешқандай тұрмыстық психологияның тасушысының қабілеті жетпейтін кең өрісті, әр түрлі және ғажайып фактілерге толы.

Ғылыми білімнің ерекше сипаттамасы - әрбір психолог – профессионалға осы білімдердің әр түрлі жағынан бағдарлануға мүмкіндік беретін оның жүйелілігі мен тәртіптілігі. Алайда бұған қоса Ю.Б. Гиппенрейтер көрсеткендей, ғылыми психология толассыз тұрмыстық психологиядан «жақсы», сөйтсе де шындығында олар бір – бірін өзара толықтырады.

**Ғылыми психология.** Психологиялық білімдердің маңызды типі ғылыми психология болып табылады. Оның басты мақсаты – адамдардың ішкі әлемі туралы жаңа психологиялық білімдерді іздестіру. Сонымен бірге ғылыми психология психикалық өмірдің жалпы заңдылықтарына да назар аударады.

Ондаған жүз жылдықтар бойы ғылыми-психологиялық білімдер философия, биология, медицина, педагогика, социология және басқа да адамды зерттеуші ғылым салаларында

жинақталады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында психология жеке ғылым ретінде мәлім болады. Содан бері ол көптеген өзіндік психикалық өмірдің механизмдері мен заңдылықтарына, фактлерді зерттеуге бағытталған ғылыми тану әдістерін жинақтап өңдеді.

Ғылыми психология эмпирикалық фактілерге сүйенеді, яғни, тәжірибелік жолмен алынатын. Бұл психологияны ғылым ретінде адамды пікір алмасу мен логикалық ойлау жағынан танитын философиядан ерекшелейді. Ғылыми психологиялық зерттеулерге бақылауларды, тәжірибелерді жүйелеу, құжаттардың анализі мен модельдеу сияқты әдістер объективті сипат береді. Осылардың көмегімен алынған дәлелді мәліметтер ғылыми қорытындылар үшін эмпирикалық базаны құрайды. Психолог фактлердің растығына деген талапқа жауап және олардың тексерілген, бақылаудағы қайнар көзден алынғандығына кепіл беруі керек. Әрине, ғылыми зерттеуде субъективтіліктен толықтай арылып, таза объективтілікті ұстануға қол жеткізу мүмкін бола бермейді. Өйткені, алынған материалдың түсініктемесі қандай да бір дәрежеде субъективті және ғалымның теориялық концепциясына тәуелді болу ықтималдығы қай кезде де бар жағдай. Ғылымның әдістері алынған білімдерді үлкен сенімділік, дәлділікпен қамтамасыз етеді.

Ғылыми психологияда психикалық құбылыстарды түсіндірудің сенімді әрі тексерілген әдістері бар. Психикалық құбылыстар туралы тәжірибелер мен тесттерде алынған сандық мәліметтер ғылыми психологиялық зерттеулердегі маңызды әдістемелік принцип болып табылады.

Ғылыми психологияда зерттеу қорытындыларының нақтылық дәрежесін қамтамасыз етуші эмпирикалық мәліметтерді математикалық өңдеу әдістері кеңінен қолданылады.

Ғылыми психологиялық құбылыстардың жалпы заңдылықтарын іздестіруге бағытталғандықтан алынған білімдерді біріктірумен ерекшеленеді. Жекелеген индивидтың психологиялық ерекшеліктері адамдардың типтері немесе жеке тұлғасының психологиядағы заңдылықтар туралы қорытындылардың жалпылығы үшін құнды факт болып табылады.

Ғылыми психологияға жүйелілік тән болып келеді. Ол адамның психикалық құбылыстарының барлық әлемін, оның жеке

адамдық немесе психикалық өмірінің қандай да бір саласын жүйелі түрде сипаттауға ұмтылады. Сондықтан, психологияда теориялардың жасалуы мен психикалық феномендердің жіктелуіне үлкен мән беріледі.

Ғылыми психологияда алынған білімдердің жалпылығы себебінен ол мысалы, іс-әрекет, индивид, жеке адам, қарым-қатынас, қабілеттілік, стресс және т.б. сияқты жалпы ғылыми категориялар мен абстрактылы түсініктерге сүйенеді. Ғылыми түсініктерде заттар мен құбылыстардың, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастардың анағұрлым мәнді қасиеттері беріледі.

**Психолог терминологиясы** әдетте стандартталған, бірақ, ол толығымен әдемі метафораларды қолдануға мүмкіндік тудырады. Ғылыми түсініктер нақты анықталады, заңдылықтармен байланысты болады. Ғылыми психология психикалық дамудың жалпы тенденциялары мен заңдылықтарын көруге мүмкіндік беретін біріктіруші ұғымдарды қарастырады. Ғылыми психологиялық ұғымдар қатарының ерекшелігі тұрмыстық ұғымдар берілетін сөздермен айтылады, бірақ олардың мағынасы өзеше болады.

Терминологиялық тілдің арнайылығы мен ғылымдағы күрделі абстрактылы теориялар көбінесе адамдардың күнделікті қажеттіліктеріндегі психологиялық білімдерге деген сұранысын қанағаттандыра алмайды.

Ғылыми психологияны академиялық деп жиі атайды. Осы тұрғыда оны әдетте жалпы психологиялық заңдылықтарды зерттейтін негізгі және адамдардың өмірлік немесе кәсіби іс-әрекеттерінің жекелеген салаларындағы мәселелерді шешуге қажетті ғылыми-психологиялық қосымша мүмкіндіктерді зерттеумен айналысатын қолданбалы психология деп бөледі.

**Психология мамандық ретінде.** Психология қазіргі әлемде жалпыға бірдей мәлім ғылым саласы ғана болып қоймай сонымен бірге кәсіби белсенді маман - психологтардың кеңінен тараған ауқымды бөлім болып табылады. Бұл көптеген, әсіресе Солтүстік Америка мен Еуропа елдеріне тән әдеттегі тенденция.

Дэвид Майерстің көзқарасы бойынша ХХ ғасырдың екінші жартысында психологияның үш әлемі қалыптасты. АҚШ психологияның бірінші әлемі – академиялық психологияның

супердержавасы ретінде сипатталады. Басқа индустриалды державалар екінші әлемді құрайды. Ғылыми психологияда аяғына нық басқан дәстүрлер қалыптастырған Ұлыбритания, Германия, Франция, Солтүстік Америка. Бұған сәйкес онда университеттік жүйе айтарлықтай кең дамыған, академиялық психологтар АҚШ-тағы психологтардың 1/25 бөлігін ғана құрайды. Советтер Одағындағы халық саны АҚШ-пен бірдей болды, бірақ мұндағы психологтар АҚШ психологтарының 1/10 бөлігін құрады.

Бангладеш, Куба және Нигерия сияқты дамыған елдер Д.Майерстің пікірінше, психологияның үшінші әлемі. Соңғы он жылдық ішінде Қазақстанда да психологтар саны арта түсті. Психолог жұмысы оқу орындары мен емдеу-сауықтыру орындарында қалыпты құбылыс болып қабылдана бастады. Психолог ставкасы штаттық құрамға және басқа да ұйымдарға кіргізіле бастады. Елде қазір елеулі кәсіби психологиялық мәдени ошақтар көптеп кездеседі.

Осылайша психологтар білім беру жүйесі мен тәрбиеде үлкен орын алады екен. Тек біраз бөлігі ғана еңбек психология саласында қызмет атқарады. Ерлер, көбінесе ғылыми салада айналысса, әйелдер – практикалық салада еңбек атқарады.

Өз ісінің үйлесімді алға басуы үшін психологтар кәсіби қоғамдық ұйымдар құрады. Белгіленгендей, барлық елдерде ұлттық қоғамдастық немесе ассоциация ашылған: Қазақстанда – Қазақстан Психологтар Ассоциациясы, АҚШ-та – Америка Психологиялық Ассоциациясы, Ұлыбританияда – Психологиялық Қоғам және т.б.

### Психологтардың кәсіби іс – әрекет типтері

Мамандықтар мен кәсіптер адамзат тарихында қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде пайда болған. Осыған сәйкес қоғамда әр түрлі жұмыс орындары мен қызметтер орын алды. Оларға не тән ?

*Әрбір қызмет келесі өлшемдермен сипатталады:*

1. Еңбек іс-әрекеттің белгілі бір әлеуметтік қойылған максаттарымен;
2. Іс-әрекет пәнінің анықтауымен;
3. Іс-әрекет әдістер жүйесімен;

4. Кәсіби қызметтік міндеттер еңбек функциялары жүйесімен;

5. Жұмысшының құқықтар жүйесімен;

6. Өндірістік ортамен.

Осындай міндеттілікті, оның барлық талаптар жүйесімен бірге мамандық деп атайды. **Мамандық** – бұл қоғамға қажетті жасалған еңбектің ақысына тіршілік етуі мен дамуына керекті заттармен қамтамасыз етуші белгілі бір еңбек қызметтерін атқаруға бағытталған адамның іс-әрекеті.

**Кәсіп** – бұл түбірлес мамандықтар тобы. Мысалы, кәсіп – дәрігер, ал сәйкесінше мамандық – терапевт, невропатолог, хирург және т.б. Мұғалім кәсібінде педогогикалық кәсіп топтамасына математик-мұғалім, орыс, қазақ тілі, физика және т.б. мұғалімі мамандықтары біріктірілген.

*Кәсіп дегеніміз не?*

1. Бұл белгілі бір еңбек қызметтерін атқаруға бағытталған адамның қоғамдық пайдалы іс-әрекеті.

2. Бұл адамның белгілі бір қызмет міндеттерін атқаруға ұйғарылған, заңды түрде бекітілген лауазым.

3. Бұл белгілі бір марапаттауға (моральдық және материалдық) ие болатын іс-әрекет.

4. Бұл сәтті орындалуы үшін қажетті белгілі бір білімдерді, қабілеттер, әдеттер мен соған сәйкес біліктілікті талап ететін іс-әрекет.

5. Бұл белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысушы адамдардың бірлестігі.

Психология ерекше кәсіби іс-әрекет түрі бола ала ма? Бұл сұрақтың жауабын психологтың іс-әрекетін жоғарыда келтірілген аспектілер тұрғысынан қарастыру арқылы беруге болады.

Психологтың ерекше еңбек қызметтері, қоғамдық-пайдалы және оны басқа мамандықтардан бөліп көрсететін айырмашылықтары бар ма?

Адамның белгілі бір еңбек қызметтерін, міндеттерін белгілейтін қандай да бір заңды түрде нормативтік құжаттарда психологтың іс-әрекеті бекітілген бе?

Берілген іс-әрекетті орындау үшін белгілі бір өлшемде моральдық және материалдық марапаттаулар қарастырылған ба?

Берілген іс-әрекетті сәтті орындау үшін қандай да бір білімдер, қабілеттер, дағдылар мен сәйкесінше біліктілік қажет пе?

Психологиялық іс-әрекетпен айналысушы адамдардың бірлігі байқала ма?

Неғұрлым жоғарыдағы сұрақтарға жағымды жауап тапқан сайын, соғұрлым психологиялық кәсіптің өміршеңдігі туралы айта аламыз. Қазіргі кезде біз психологтың іс-әрекет түрлеріне қатысты барлығына бірдей ұнамды, жағымды жауаптар бере алмаймыз. XX ғасырда психологиялық кәсіптің қалыптасуы әр түрлі елдер мен адамдардың қоғамдық және жеке өміріндегі ғылыми, педагогикалық, практикалық іс-әрекет салаларында біртекті өткен жоқ.

Университеттердегі ғылыми және педагогикалық іс-әрекеттермен байланысты академиялық психология ерте қалыптасты және XX ғасырда қоғамдық пікірде жеткілікті дәрежеде нық сенімді статуска ие болды. **Практикалық психология** жұмысының қажеттілігі қиыншылықпен мойындалды және барлық жерде бірдей ұнамды емес. Қазіргі кезде практикалық психологтардың іс-әрекеттері медицинада, сондай-ақ әлеуметтік, педагогикалық және кеңес беру жұмыстарында анағұрлым кеңірек танылған.

Белсенді түрде практикалық психологияның экономикалық, заңдық, спорттық, әскери сияқты басқа салалары да дамуда.

XX ғасырдың ішінде психолог іс-әрекеті біртіндеп әлеуметте танымал бола бастады, және құқықтық – нормативтік негізге ие болды (кәсіби психологтың іс-әрекет формалары мен мазмұны, статусын бағдарлайтын заңды құжаттар жасалды.) Біртіндеп психологтардың кәсіби дайындық жүйесі қалыптасты, психологтардың кәсіби қоғамдастығы құрылды, маман-психологтардың тәжірибесі мен біліктілігіне деген талаптар қалыптасты.

Көбінесе адамдар өмірлік қиын жағдайларға кездескен кезде психологтардың алдына келеді. Барлығы ретті болғанда, әдетте психолог көмегі аса қажетті емес. Адамдар күнделікті мәселелерді өздері шешеді. Сондықтан психологиялық қызметтерге деген қажеттілік туындауы үшін оған негіз бен себептер болуы керек.

Психологияны байыбына жете түсіну қазіргі кезде, нақтырақ айтсақ, қазіргі кездегі адамның мәселелерін талдаушы публицистикалық және ғылыми-танымал әдебиеттерде қалыптасуда. Психологиялық білімдердің қажеттілігі туралы басқа кәсіп өкілдері де айтады: педагогтар, дәрігерлер, заңгерлер, бизнесмендер, саясаткерлер. Оларға бұл білімдер ең негізгі – адамға мақсатты бағытталған іс-әрекет мәселелерін шешу үшін керек.

Қазіргі заманғы психология практикалық психологиялық іс-әрекет саласы мен толықтай ғылымдар жүйесі болып табылады. Олар кәсіби іс-әрекеттің негізгі мақсаттар бойынша ерекшеленеді. Оны екі негізгі бағытқа: ғылыми және практикалық психологияға бөлуге болады. Олар өз алдына кәсіби іс-әрекеттің негізгі мақсаттары бойынша ажыратылады.

Ғылыми психологияның негізгі мақсаты – адамдардың психологиясын ғылыми әдістермен тану. Ғалымдар жаңа ғылыми фактлер ашуға, жалпы психологиялық заңдылықтар іздестіруге тырысуда. Негізгі ғылыми психология саласында психикалық іс-әрекеттің жалпы заңдылықтары мен механизмдері оқытылады, адамдардың өмірлік және кәсіби іс-әрекеттерінің жекелеген бөлімдеріндегі психиканың қызмет атқаруын зерттеуге қолданбалы әдістер жүргізіледі.

**Практикалық психологияның** негізгі мақсаты нақты адамдарға немесе топтарға психологиялық көмек көрсету болып табылады. *Психолог* – практиктер жалпы психологиялық заңдылықтарды негізге ала отырып нақты адамның немесе топтың индивидуалдық мәселелерін түсіндіруге тырысады. Дәл осы түсіну психологиялық көмек берудің кілті болып табылады.

Кейде қолданбалы және практикалық психология түсініктері шындығында басқаша бола тұра синонимдер ретінде қарастырылады. **Қолданбалы психология** – бұл адамдардың белгілі бір шартты жағдайлардағы әдеттегі психиканың заңдылықтарын зерттеуге бағытталған психологияның бөлімі. Бұл зерттеулер тікелей практикалық құндылық болып келеді. Олардың мақсаты- психикалық іс-әрекет пен психикалық сипаттамалардың жасалуын зерттеу. **Практикалық психологияның мақсаты** – ғылыми зерттеулер емес, тікелей психологиялық көмек.

Бұл жерде ғылыми және практикалық психологияны қарама – қарсы қоюға да болмайды. Бұлар психологиялық жұмыстың тығыз байланысты салалары. Және маманның кәсіби дайындығына деген әр түрлі талаптар қойылатын психолог іс-әрекетінің екі түрлі типі.

Психологтың кәсіби іс-әрекетінің үш түрін ерекше көрсетуге болады:

1.) жаңа психологиялық білімдерді (түсіндірмелер, психологиялық құбылыстардың дәлелі мен болжамдар, психологиялық заңдылықтарды оқыту) ашу жолына бағытталған ғылыми зерттеулер;

2.) практикалық мәселелерді шешуге керекті психологиялық білімдерді қолданумен байланысты психологиялық жұмыс (психологиялық диагностика және кеңес беру, коррекцияны және дамушы жұмыс, психологиялық профилактика);

Кейбір мағынада ғылыми және практикалық психологияның ара қатынасы адам физиологиясы мен медицина арасындағы қарым – қатынасқа ұқсас болып келеді. Физиологияның негізгі мақсаты – адам ағзасын зерттеу. Медицинаның басты мақсаты – адамға көмек жасау. Бірақ бұл ерекшеліктер қатынасты. Адам физиологиясындағы білімдер қолданбалы мағынаға ие бола алады. Сонымен бірге өзінің білімдерін біріктіре келе медицина медициналық ғылымды жетілдіре түспек. Олардың өзара қарым – қатынасы: физиологияда медицина материалдары оқытылады, медицинада – физиологиялық зерттеу нәтижелері қолданылады.

3.) психологиялық білім жинақтау және психологиялық өрлеу (лекция оқу, семинар, практикалық дәрістер өткізу, адамдардың өз бетімен психологиялық білім алуына жетекшілік жасау).

Жоғарыда көрсетілгендердің әр қайсысы маманның кәсіби дайындығы мен қабілеттеріне деген арнайы талаптарды білдіреді. Жақсы ғалым жақсы практик немесе оқытушы, жақсы практик – сонымен бірге жақсы ғалым немесе оқытушы, ал жақсы оқытушы – онымен қатар жақсы ғалым немесе практик болуы міндетті емес. Әрине іс-әрекеттің екі немесе үш түріне де қабілеттілік бір психолог бойынан табылуы әбден мүмкін.

Психолог-ғалым үшін әсіресе маңыздысы жаңа білімдерді іздестіру мен оларды біріктіре білу қабілеті болып келеді.

Психолог-практик үшін – психологиялық білімдерін практикада қолдана алу қабілеті. Ал психология оқытушысына – білімді жүйелеу және оны басқа адамдарға жеткізе білу қабілеті маңызды болып табылады. Ғылыми зерттеу психолог іс-әрекетінің бір түрі ретінде.

Негізгі және қолданбалы психология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысы – кәсіби психологтардың анағұрлым кең тараған іс-әрекеттерінің бірі. Ғылыми психологияда жұмыс жасаушы психологтар психикалық құбылыстарға психикалық процесстердің, қалыптар мен құрылымдардың заңдылықтарына ғылыми зерттеулер жүргізеді. Зерттеулер жаңа психологиялық білімдерді (түсініктемелер, психологиялық құбылыстарға болжамдар мен дәлелдер) ашуға бағытталады. Жүйелік бақылау, эксперименттер, әңгімелесу, тест жүргізу сияқты әр түрлі әдістердің көмегімен психологтар психикалық әлем туралы объективті білімдер алады. Адамның психикалық әлемін сипаттау мен танып-білу үшін ғалымдар мысалы, іс-әрекет, индивид, жеке тұлға, даралық, іс-әрекет субъектсі, қарым-қатынас, қабілеттілік, сенсорика мен перцепция, талаптану дәрежесі, аффект, фрустрация және тағы басқалары сияқты ғылыми абстрактылық критерийлерді зерттейді. Психологиялық іс-әрекеттердің механизмдері мен өзара байланысын сипаттау үшін олар қайсыбір психикалық құбылыстарды түсіндіріп, болжам жасауға мүмкіндік беретін ғылыми теориялар мен концепцияларды өңдейді.

Ғылыми психологиялық зерттеулер объективтілігімен, түгелдей қамтуымен, жүйелелігі, дәлелділігі, ғылыми фактлер мен түсініктерге сүйенуімен сипатталады. Ғылыми-психологиялық білімдер мен нәтижелер әдетте дайындалмаған оқырманға аса түніксіз кәсіби маманданған психологтарға арналып ғылыми психология тілінде жазылады. Ғылыми психологияны академиялық деп жиі атайды.

Ғылыми психология саласында жұмыс жасаушы психологтар психологиялық зерттеулер жүргізеді. Олардың зерттеушілік іс-әрекетінің негізгі мәні:

- психологиялық феномендердің түсіндірмелері;
- қайсыбір теориялық болжамдардың (гипотеза) дәлелдері;
- белгілі бір психологиялық фактілерге болжам жасау.

Ғылыми әдебиеттерге шолу, анализ жасау әдеттегі психологиялық зерттеудің алғашқы кезеңі. Ғылыми зерттеушілікпен айналысушы психологтар кітаптар мен мақалаларды зерттейді, анализ жасайды, оларда жазылған ғылыми фактлер, концепцияларды салыстырады, біріктіреді, осылардың негізінде қандай да бір психологиялық мәселелерді қарастыру жақтарын, шешілмеген мәселелерді көрсетеді.

Қызықтырған мәселе бойынша кітаптарды іздестіру әдетте, кітапхананың жүйелік каталогынан басталады. Мәселе бойынша кітаптар туралы ақпараттарға кең көлемді шолу жасау үшін кітап шежіресі, сондай-ақ кітап пен мақала соңындағы библиографиялық нұсқаулар пайдаланылады.

Авторлар саны мен кітап құрылымына сәйкес психологиялық басылымдар келесі типтерге бөлінеді: монография, әріптестер монографиясы, ғылыми еңбектер жинағы. **Монография** – бір мәселеге арналған ғылыми зерттеулер нәтижесі жазылған кітап. Осы жағдайда кітапты бірнеше авторлар жазған болса, онда оны әріптестер монографиясы деп атайды. Ғылыми еңбектер жинағы ұқсас мәселелер тақырыбына (бірақ біріккен жалпы идеялар мен зерттеулер құрылымы емес) арналған бірнеше мақалалар енгізілген жұмыс.

Психологтар өз әріптестерімен нақты ғылыми мәселенің нәтижелерімен бөлісу үшін баспасөз құралдарын, мысалы журналдарды пайдаланады. Журналдағы мақаланың ерекшелігі – жариялаудағы оперативтілік. Зерттеушінің қарастырған мәселесінің мақсаты, алдына қойған тапсырмасы, әдісі, нәтижесі және қорытындысы қысқаша беріледі. Әлемде психологиялық қоғамдастықтар мен ассоциациялар шығаратын көптеген психологиялық журналдар бар. Олардың ішінде кейбіреулері нақты елдерде оның ұлттық тілінде сол елдің психологтары үшін жазылады.

**Психологтың ғылыми жұмысының екінші кезеңі** эмпирикалық мәліметтерді жинақтауға бағытталған психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу. «Эмпирия» (эмпирика) термині гректің «empeiria» сөзінен шыққан. Қазіргі уақытта көптеген ғылымдарда эмпирия (эмпирика) кез-келген ғылыми фактлер мен мәліметтердің жиыны деп түсіндіріледі. Эмпирикалық зерттеу деп оның мақсаты

мәліметтерді әр түрлі әдістермен: бақылау әдісі және өзін-өзі бақылау, лабораториялық және табиғи тәжірибе, модельдеу арқылы жинақтау болып табылатын жұмысты айтамыз.

Осы тұста эмпирикалық пен экспериментальды (тәжірибелік) ұғымдарын шатастыра түсінеді. «Эксперимент» термині латынның «experimentum» (сынап көру, тәжірибе) сөзінен шыққан және ғылыми тәжірибе, құбылыстың жүру барысын, шарттардың қайталануында қысқа мерзімде қайта жаңғыртуға мүмкіндік беретін құбылыстың дәл есептелген шарттарында оны бақылау. Психологтардың зерттеу барысында алған тәжірибелік мәліметтер сонымен қатар эмпирикалық та болып табылады. Алайда тәжірибеліктен өзгеше эмпирикалық мәліметтерге психологиялық зерттеулердің басқа әдістері (бақылау нәтижесі, әңгімелесу, анкета, тест жүргізу) арқылы да алынғандар жатады.

*Ғылыми зерттеудің үшінші кезеңі – эмпирикалық зерттеу нәтижелерін өңдеу.* Зерттеуші алған эмпирикалық мәліметтер сандық және сапалық әдістермен өңделеді. Эмпирикалық мәліметтердің квалификацияланған өңдеуден өтуі үшін, ғылыми болжамның (гипотеза) сенімді дәлелі үшін әдетте, математикалық статистика әдісі қолданылады.

Психологиялық зерттеудің төртінші кезеңі – жинақталған және өңделген мәліметтерге анализ жасау, жүйелеу, интерпретация (түсіндіру), біріктірілген қорытындылар жасау. Бұл этаптың маңыздылығы өте жоғары, психолог тек белгілі бір эмпирикалық мәліметтерді жинап, өңдеп қана қоймай, оғын психологиялық заңдылықтар мен механизмдер тұрғысынан белгілі бір түсіндірмелер таба білуі қажет.

Осылайшы ғылымда қызмет атқарушы психологтар адамдардың (жануарлардың) психикалық әлемі туралы білімдерді тереңдете түсетін ғылыми фактлерді ашады, психологиялық фактлер мен заңдылықтарды түсіндіруге мүмкіндік беретін теориялар жасайды, психологиялық зерттеулердің әдістерін шығарады.

Зерттеу нәтижелері ғылыми жарияланымдарда (кітаптар, мақалалар) және ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда көпшілікке мәлім болады. Психологтар (басқа да мамандықтың ғалымдары сияқты) өз әріптестерін алған ғылыми нәтижелерімен кітап, журналдарда мақала, ғылыми еңбектер жинағында

таныстыра алады. Ол үшін жазбаша және ауызша ғылыми сөздердің сәйкесінше тілі мен стилі қолданылады.

Психологиялық кітаптар әр түрлі бағыттарда жазылуы мүмкін. Бұған тәуелді олар әр түрлі жанрлардан болады.

Жанрлардың бірінші типі – кәсіби-әріптес психологтарға арналған ғылыми кітаптар. Олар ғылыми тілде жазылады, және қандай да бір мәселе бойынша мәліметтермен хабардар студі мақсат тұтады. Студенттер мен маман емес оқырман қауым мұндай кітаптарды оқуда қолданылған терминология мен сипатталған мәселені жетік білмеуден қиындықтарға ұшырасуы мүмкін. Әйтсе де, психологтар басқа маман иелері үшін де кітаптар шығарады.

Екінші типі – бұл орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдары. Олар ғылыми тілмен жазылады, алайда көтерілген мәселердің күрделілігі мен түсініктілігі, қолданылатын ғылыми терминология саны оқу құралы арналған студенттердің деңгейіне сәйкес жазылуы тиіс. Мұндай текті кітаптың авторы ең бастысы – қандай да бір психологиялық білімдердің жүйелі түрде жазылуын негізге алады.

Жариялаудың үшінші типі – бұл қалың оқырман қауымға арналған ғылыми-танымал кітаптар. Оларда қандай да бір психологиялық мәселелер анық әрі түсінікті және кәсіби терминологиялық білімді талап етпейтін тілде жазылады. Онда ғылыми терминдерге түсінік беріледі немесе қарапайым да ұғынықты тілге алмастырылады. Мұндай кітап авторының мақсаты – психологиялық білімдерді тарату, оқырманның психологиялық мәдениетін көтеру.

Жоғарыдағы жанрдың үш типі тоғысқан кітаптар да бар. Жүйелі, әрі анық жазылған ғылыми еңбектер оқулық ретінде қолданылуы мүмкін, сондай-ақ басқа оқырмандар үшін де пайдалы бола алады. Мұндай типті кітапқа С.Л. Рубинштейннің негізгі еңбегі болып саналатын «Основы общей психологии» атты кітабын мысалға келтіруге болады. Ғылыми –танымал кітаптар әдеби стилі жағынан жеңілдігіне, ғылыми терминдердің жоқтығына қарамастан кейде оларда ғылыми құнды мәліметтер жазылуы әбден ықтимал.

Психолог зерттеушілер ғылыми институттар мен орталықтарда, университет пен институттардың психологиялық зертханаларында, ғылыми – зерттеу саласының қолданбалы психология бөлімдерінде қызмет атқарады. Ғылыми зерттеулер сонымен қатар университеттер мен оқу институттары оқытушыларының маңызды кәсіби іс-әрекеті болып табылады. Маңызды психологиялық тақырып бойынша ғылыми зерттеу жұмысы үшін оны қаржы жағынан қамтамасыз ету мақсатында зерттеуші жұмысына ғылыми қордан арнайы гранттар бөлінеді.

Практикалық психологиялық жұмыс психологтардың іс әрекет типі ретінде.

Практикалық психологиялық жұмыстың негізгі мақсаты – тікелей психологиялық көмекті қажет ететін адамдарға көмек. Психолог практиктер білім облысында, медицинада, өнеркәсіптік іс әрекетте, әлеуметтік және адамдардың жеке өмірлерінде туындаған мәселерді шешуге көмектеседі.

Психологтардың практикалық іс-әрекеті жиырмасыншы жүзжылдық бойы адамдардың әртүрлі өмір сфераларына көп әсер ете бастады. Бірақ бұл процесс әртүрлі елдерде бірдей жүрген жоқ. АҚШ-та практикалық психологияның тарауына Америка Психологиялық Ассоциациясының белсенділігі маңызды дәрежеде болды және де жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында Англия, Франция, Швейцария және т.б. Европалық елдерде психолог практиктердің саны көбейді. Медициналық психологиялық, мектептік психология және ұйымдық психология практикалық психология жұмысын қолдануда негізгі сфералар болып табылады.

Осы уықытта біздің елде біршама практикалық психологиялық тәжірибе жиналған, және адамдардың кәсіби іс, өмір іс-әрекет сфераларында үлкен табыс әкелді. Бірақ психология ғылымының және практиканың мүмкіндіктері туралы көріністер кейде нақтылы емес және шындыққа сәйкес келмейді. Шын мәнінде ол соны бере алмаса да психологиядан көпті күтеді, көптеген психологиялық білімдер тікелей практикалық қолданудан алыс, олар көп интеллектуалды жұмыстарды және шығармашылық қадамдарды қажет етеді. Кейде психологтан бір мәселені шеше алатын «тетікті» іздейді немесе табуға көмектеседі деген үмітте болады.

Ата-аналардың, мұғалімдердің, кәсіпкерлердің, мемлекеттік қызметкерлердің санасында «психология» деген магиялық сөз ретінде қалыптасты. Мұғалімдер, ата-аналар немесе басқарушылар өздері шеше алмайтын мәселелерді психологтың компетенциясына жібере бастаған. Бала оқығысы келмейді, бағдарламаны түсіне алмайды ма? Оны психологқа! Түсіне және оқығысы келетіндей ғып істесін. Өнеркәсіптен табыс жоқ? Психологқа ұйымның дамуын жоспарлауға, жаранамалық компанияны жоспарлауға және жаңа жұмыскерлерді жинауға тапсырма беру керек. Немесе кейде, нақтылы мәселелерді түсінбей және белгілі бір міндеттерді қоймай психологты штаттық жұмысқа алады, одан тек бәріне жақсы болатындай ғып «бірдеме» істеуін сұрайды.

Егер де психологиядан және психологтардан күткен үміттері ақталмай, талаптар орындалмаса, онда олардың көңілдері қалып қояды. Психологпен істелген жұмыс процесіне және нәтижесіне жоғары сыни қатынас пайда болады. Бірақ, шын мәнінде психолог сикыршы емес, ол түгел мәселелерді жалғыз шеше алмайды.

*Психолог тәжірибешілер қалай жұмыс істейді?*

Практикалық психология жұмысының негізгі кейіпкерлері болып тапсырушы, клиент және психолог табылады.

Психологиялық жұмысының тапсырушысы болып мемлекет табылады. Мемлекеттің тапсырушысы ретінде министрлік немесе департамент, аймақтық әкімшілік, өнеркәсіп, жанұя, нақтылы адам болады. Тапсырушы психологқа өзінің жұмысқа деген тапсырысымен келеді. Жұмыстың негізгі мәні клиенттің психологиялық проблемаларын шешу, оған психологиялық көмек көрсету, және де ол осы жұмыстың ақысын төлейді. Клиент дегеніміз өзінің мәселелерін шешудегі психологиялық көмек алушы адам немесе адамдар тобы. Психологиялық мәселе адамға негізінен қиындық ретінде келеді. Ол осы қиындықтан психолог көмегімен өткісі келеді.

Психолог пен клиент арасындағы қарым-қатынас үш жақтан қаралады: психолог практик, эксперт, мұғалім немесе консультант.

*Психолог-эксперт* ретінде нақты білім мен тәжірибелерді сақтаушы. Оған психологиялық экспертиза, яғни бір проект нәтижесінің профилактикалық-психологиялық көзқарасын

бақылау үшін келеді. Психолог-мұғалім ретінде өзінде адамдардың жұмыстарының тиімді ұйымдастыруына көмек көрсететін нақты білім сақтаушы. Мұғалім ретіндегі психолог-практик ол әртүрлі теорияны түсіндіретін мұғалім емес, ол психологиялық тренингтер, кәсіби ойындар және т.б. тәсілдерді өткізеді. Мұғалім өзінің миссиясын жұмыстан бұрын бастайды.

*Психолог консультант* ретінде клиенттердің іс-әрекеттеріне қосылады. Ол клиентке білімін және тәжірибесін сол уақытта клиентке керекті мөлшерде береді. Оның міндеті клиентке оның жұмыс істеу уақытында психологиялық көмек көрсету.

#### **Психолог тәжірибешілердің негізгі міндеттеріне:**

1. Нақты адамның, топтың психологиялық мінездемелерін айқындау.

2. Күндегі өмір іс-әрекетінің қиындауының психологиялық себептерін айқындау.

3. Осы қиындықты өтуде, әртүрлі психологиялық мәселелерде клиентке психологиялық көмек көрсету.

4. Мемлекет, қоғам, кәсіподақтармен бірлесіп психологиялық факторларды тиімді қолданып, практикалық міндеттерді орындау.

5. Клиенттердің еңбек және өмір жолындағы әлеуметтік психологиялық бірегейлік.

6. Адамдардың психологиялық мәдениетін көтеру және психологиялық міндеттерді айту.

7. Психологиялық жұмыстарды орталандыру және кәсіби компетенцияны көтеру.

Психолог тәжірибеші жұмысының негізгі түрлері психологиялық баға беру, психологиялық консультация беру, психологиялық білім беру, түзетуші және дамытушы жұмыс. Кейде психолог практиктың жұмысын психотерапия деп атайды.

Психолог тәжірибешілерге жеке маман ретінде психологиялық баға беру бізде әлі дамымаған. Кәсіби мамандыру басқаша психолог диагност немесе психолог эксперт деп атауға болады. Ел аралық практикада осы аядағы жұмыс мағыналы орын алады. Психологияның негізгі міндеті, ол әр адамның қандай да бір психологиялық сапасын дамыту, оның психологиялық дамуына бір диагноз қою, яғни психодиагностика өткізу.

Ғылыми әдебиетте «психодиагностика» деген түсінікті 1924 жылы Швейцариялық психолог Герман Роршах енгізді. Қазіргі

уақытта психодиагностика адамдардың психологиялық жұмысының функциялары мен ерекшеліктерін көлемдік және сапалық бағалау.

Өзінің жұмысында психолог-диагност адамдардың психологиялық функциядағы тиянақты нормаға бағытталған (жас ерекшелік патапсихология және даралық психология). Қалыптан ауытқуды диагноз көрсетеді.

*Психодиагностика төмендегі негізбен орындалады:*

А) объективті іс-әрекет көрсеткіштері (эксперименттер мен тесттер).

Б) субъективті көрсеткіштер (адамның өзі туралы мәлімет беруі).

Бағалау үшін психолог-диагност кәсіби психологиялық бақылау, әңгімелесу, психологиялық тесттер өткізеді. Бақылау немесе әңгімелесу кезінде психолог адамның психологиялық сапасының бар-жоғын, эмоционалдық реакциясын, жүріс-тұрысын белгіліп отару.

Психологиялық тесттерде тест-сұрақтамалар, проективті тесттер және қандайда бір практикалық тапсырмаларды орындауға арналған тесттер қолданылады. Тест-сұрақтамаларды адам тура және жанама сұрақтарға жауап беру қажет. Ақпараттын дұрыс болуы жауап берушінің шын жауап беруінен өзін бағалай білуіне және де әр жағдайда өзіне есеп беруге байланысты. Сондықтан да кәсіби психологтар бұл сұраулардың нәтижелеріне онша сенбейді және оларды бірінші реттік ақпарат ретінде қолданады. Үлкен дәлді ақпаратты проективті тесттерден алуға болады. Проективті тестті өткізгенде адам өзінің психологиялық сапаларын тестте берілген белгісіз бір жағдайға проекциялайды. Проективті тесттің ішінде ең белгілі тест сиялы нүктелер. Бұнда симметриялы түрде орналасқан нүктелерден адам не көретінін айту керек. Зертеудің мақсаты анық болмағандықтан зертелушіге нәтижені әдейі өзгертуге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, адам тапсырманы қалай орындағанына байланысты оның психологиялық сапарлары туралы айтатын практикалық тапсырмалары бар.

Психологиялық кеңес беру. Бұл практикалық психология іс-әректің түрі білім беруде, денсаулық және жеке дара

мәселелерді шешуде, кәсіби өнеркәсіпте, бизнесте және т.б. әртүрлі аяларда қолданылады.

Кеңес берудің негізгі мағынасы-бұл анықталған күйде құрылған әңгімелесу. Кеңес беру процесінде психолог-практик психологиялық көмек көрсетеді, ол клиентке кездескен ауырлықтарды әртүрлі жақтардан көрсетуге көмектеседі. Психолог адамға психологиялық барьерлерден өтуге көмектеседі, өзінде белгілі бір сапаларды дамытуға негіз салады.

**Психологиялық кеңес берудің мақсаты** – адамдарға жақсы жағдай сезіміне жетуге көмектеседі, стресстен өтуді жеңілдету, өмірлік кризистерді шешу, олардың ауыр жағдайдан шығуға және өздері шешім қабылдауға қабілеттерін көтеру. Психологиялық кеңеске жеке аралық конфликттік жағдаймен барады, оның ішінде әсіресе жанұялық, сексуалдық, сонымен бірге балалармен қарым-қатынасқа байланысты мәселелер өте жиі кездеседі.

**Психолог** – кеңесшілер жеке адамдармен, қос адамдармен, жанұялармен және топтармен жұмыс істейді. Дара және топтық консультациялар мүмкін.

Топтық консультация беру жанұямен, өнеркәсіптік топпен немесе бір-бірімен байланыссыз, бірақ ортақ мәселелері бар топ адамдармен өтуі мүмкін. Топтық консультация беруде ең жиі кездесетін жұмыс тәсілдері жанұялық консультация беру, жеке аралық конфликттерді шешу және қжымда туындаған мәселелі жағдайларды шешу болып табылады. Еңбек немесе басқа ұжымдарда жеке аралық конфликттерді шешу мақсатында психолог делдал ретінде бопады.

Соңғы он жылдарда сенім телефоны психологиялық көмектің және консультацияның бір түрі ретінде таралған. Сенім телефоны бойынша кеңес беру әңгімелесудің тездігін, белгісіздігін және осымен байланысты айрықша сенімділігін қамтамасыз етеді. *Телефонмен консультация* беру клиентке түрлі орындардан, оған ыңғайлы сағатта телефон соғуға мүмкіндік береді.

Психолог телефонмен кеңес бергенде абонентке жеке контактіге қарағанда аса компетентті, сезімтал, көмектесуге қабілетті болып көрінеді. Бұл психологиялық өзара әрекеттесудің тиімділігін көрсетеді.

**Психологиялық білім алу.** Психологиялық білім алудың негізгі міндеті – психологиялық білімдердің кеңеюі және

психологиялық мәдениеттің жоғарылауы. Бұл білімдер әсіресе басшылармен, дәрігерлермен, оқытушылармен, мәдениет жұмыскерлермен, сатып алу және қызмет көрсету аяларымен, жарнама жұмыскерлермен, іскерлермен әрдайым контактіге тұратын мамандарға қажет. Көп адамдарға психологиялық білімдер тек өзін-өзі дамытуға, жеке аралық қатынастарды жақсартуға пайдалы. (мысалы, оқушыларға, ата-аналарға, зейнеткерлерге.)

Психологиялық білім алудың процесінде психолог клиенттерді ғылыми-белгілі формада психологияның негіздерімен, психологиялық зерттеулердің жаңарған нәтижелерімен таныстырады, оларда психологиялық білімдердің қажеттігін қалыптастырады және оларды өмірде және практикалық іс-әрекетте қолдануға тілекті қалыптастырады. Сонымен қатар психологиялық білім алудың маңызды талаптары нақтылық, ақпараттың түсінікті ғып айтуы, оның практикалық бағыттығы болуы керек. Кәсіби және арнайы терминдерді көп қолданудан қашу керек.

Психологиялық білім алу үшін лекциялар, әңгімелесулер, семинарлар, психологиялық әдебиеттің көрмелері, ақпараттық стендтер, көркем және бейнефильмдерді көру және актерлердің жүріс-тұрысын психологиялық анализдеу қолданыла алады. Сонымен қатар істерді қалыптастыру үшін семинарлар және практикалық сабақтар табыс әкеледі. Психолог жеке мамандарға өз өзіне білім беру үшін психологиялық әдебиеттерді таңдауға көмектесе алады. Психологиялық білім алудың ең маңызды негіз – психологиялық білім табуға талпынысты қалыптастыру және оларды өмірлік практикалық іс әрекетте қолдануға тілекті қалыптастыру.

**Түзетуші және дамытушы бағдарлама.** Психодиагностика және консультацияның нәтижесінде адамда жүріс-тұрыс нормадан немесе психикалық даму нормасынан ауытқулар көрінгенде психокоррекциондық жұмыс жүргізіледі. Коррекционды жұмыс – бұл психологтың белгілі бір психикалық қызметіне, сапасына немесе жеке адам жүріс-тұрыс түрлеріне әсер ету, және осы ауытқуды жеңуге бағытталған. Бұл әсер ету психикалық дамудың жас ерекшелік нормасы негізінде әрдайым пайда болады (мысалы, танымдық, эмоционалдық, еріктік процестер нормасында, жүріс-

тұрыс нормасында және жеке адамдық сапалар нормасында). Осыдан шығып психолог түзету жұмыс бағдарламасын құрады.

Түзетуші сабақтар дара түрде немесе топта ұзақ уақыт бойы өтеді. Осы сабақтардың мақсаты, мысалы, зейіннің жетіспеушілігін өту, мидың даму қиыншылықтарынан өту, сол немесе басқа оқиғаға эмоционалды адекватты емес реакцияны түзету, өзін өзі ұстауды күшейту, эмоционалды өзін өзі контролдің дамуы, жеке адамдық сапаларды түзету, жүріс-тұрыс түрлерін, адамның әлеуметтік өзара әрекеттесу нормаларын түзету. Психологиялық нормадан ауытқулар психикалық денсаулықта және әлеуметтік жүріс-тұрыс аумағында маңызды ауытқулармен болғандықтан психолог-практик өзінің коррекциондық жұмысын нейропсихологтармен, психиатрлармен, әлеуметтік педагогпен бірге тығыз өзара әрекеттесіп құру керек. Коррекциондық жұмысты ұйымдастыруда негізінен оқу іс әрекетінде туындаған қиыншылықтар, оқушының жүріс-тұрысының бұзылуы және дезадаптация, кәсіби немесе күндегі іс әрекеттегі мәселелер, ересек адамның эмоционалды-еріктік уайымдауындағы мәселелер.

Топтық психокоррекция коммуникативті қабілеттерді дамытуға, басқа адамның жүріс-тұрысын және қалпын талдауға үйренуді қалыптастыруға, өзін және айналадағы адамдарды адекватты түрде қабылдауды бағыттауға болады. Сонымен бірге жеке адамаралық өзара әрекеттесудің нормалары түзеленеді, жағдайда әр жақтан жауап беруге, әртүрлі жағдайларда және әртүрлі топтарда тез орын өзгерушілік қабілеті дамиды.

Психокоррекциондық әдістер сапасында түрлі интеллектуалды тренингтер, өзін өзі регуляциялауға үйрену әдістері, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, рөлдік ойындар, топтық дискуссиялар жатады.

Сол сияқты практикалық психологиялық жұмыстың әдістері дамытушы сабақтарда да қолданыла алады. Түзетуші жұмысқа қарағанда дамытушы жұмыс адамның сапалардың, қабілеттердің, үйренулердің одан әрі дамуына бағытталған. Түзетуші және дамытушы жұмыстардың арасында қатал бөліну жиі болмайды, өйткені психикалық дамудың нормалары онша көріне бермейді және теоретикалық концепциямен және нақтылы әдістемемен

жағдайланған. Сондықтан берілген жұмыстың түрін дамытушы-түзетуші деп айтады.

Психолог-практик шын кәсіби іс әрекетте бүкіл аталған жұмыс түрлерін атқара алады, сонымен бірге белгілі бір анықталған түрде мамандандырыла алады. Әрбір осы практикалық психологиялық іс әрекеттің түрлерінде маңызды өзгешелігі бар болғанын білу маңызды және нақтылы психолог жеке адамдық сапаға және кәсіби дайындыққа байланысты осылардың біреуімен сәттірек жұмыс атқара алды. Одан басқа психолог-практикке негізгі актуалды мәселелерді бөліп оған сәйкес міндеттерді қолданып өзінің күшін оларды шешу үшін бағыттау.

### Психологиялық көмектің мамандық және әлеуметтік институт ретінде қалыптасуы

Адамдар арасындағы өзара көмектің дәстүрлі тамыры тереңнен басталады. Психологиялық көмекке тікелей қатысы бар мамандықтың дүниеге келуін, қазіргі әдебиеттерде бар мәліметтерге сүйене отырып зерттеп, оның *негізгі балғышарттары мен қайнар көздерін атауға болады:*

1) Эксперименталды психологияның дамуы.

1879 жылы В. Вундт Лейпцигте бірінші психологиялық лаборатория ашады.

2) Психикалық аурулардан зардап шегуші адамдарға жаңа, гумандық және ғылыми тұрғыдан келудің қалыптасуы.

3) Психологиялық тестің дамуы және ақыл-ой тазалығы қозғалысының дамуы. Бұл интеллектуалды коэффициенттің бірінші тестерін жасаушы Ф. Гальтон мен Ф. Бине іс-әрекетімен байланысты. Л. Термен, Э. Торндайк, Кл. Бирс алғашқы рет АҚШ-да ақыл-ой тазалығын ұйымдастырды.

4) 20-шы ғ. 1-ші жартысында Фр. Парсонның еңбегі мен мамандықты таңдау және адамға өзіне сай жұмысты таңдауда көмек көрсетуге арналған кеңестің берілуінің дүниеге келуі.

5) 40-шы жылдарда АҚШ-да дүниеге келген және бекітілген К. Роджерстің /директивті емес психотерапиясы/, қоғамдық санада психологиялық көмек туралы көріністерді бекітті, «пациент»

термині «клиент» деп аталынды. Бұл қазіргі уақытта дербес кеңес беруді, психотерапияны біріктірді.

6) Соңында, американдық дәстүрге тән, 2-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңында діни қамқорлық және әлеуметтік қызметкерлер институты пайда болды. Аралас философия, социология факультеттерінің түлектері, яғни бұл мамандар қиын эмоционалды немесе ауыр тұрмыс жағдайына ұшырағандарға практикалық көмек көрсетуге арналды.

Осылайша, 20 ғасырдың 50-ші жылдарында психологиялық, психиатрлық, психотерапевтік, әлеуметтік және діни практикадағы ағымдар жаңа адамзат іс-әрекеттерінің облысы кеңес беру, психологиялық көмекті бекітті.

20 ғасырдың аяғынан және 20-шы ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап, жоғарыда аталған ағымдар өндірістік революцияның негізінде пайда болды. Олар: индустрияландыру, жаңа мамандық пен жаңа жол құралдарының пайда болуы, әлеуметтік қатынастың әртүрлі деңгейінің көтерілуі, адамдардың үлкен массаларының қалаға келуіне байланысты жұмыссыздықтың өсуі т.б.

Соңғы жылдары, әсіресе АҚШ университеттерінде және басқа оқу мекемелерінде (семинария, колледж) арнаулы факультеттер ашылды: жанұя психотерапиясы, философия, теология, психология, социология. Түлектер, қауымдарда, т.б. әртүрлі мәдени және білім беру орталықтарында адамға практикалық және психологиялық көмек көрсетуге құқық алды және диплом берілді. Осы көрсетілген мамандардан басқа 20-шы ғасырдың 60-шы жылдарында медициналық психотерапия облысында жұмыс істеуші кәсіпкерлердің әр түрлері стандартталды.

1. Дәстүрлі психиатр фигурасы.

2. медицина ғылымы докторы дәрежесі бар, психоанализ облысында қосымша білім алатын, психоаналитик;

3. клиникалық психолог;

4. әлеуметтік қызметкер.

Осылайша, психологиялық көмекті индустрияландыру дәстүрлі медициналық және діни өзара көмектен басқа, 2 принципті жаңа қызмет түрі мен мамандықты өмірге әкелді.

Бұл институттың дамуының жалпы тенденциялары индивидтің және жеке бастың социумдағы өмір сүруінің жаңа формаларына әкелді.

### Кәсіби және «әуесқойлық» психология

Таңдау тек психологиялық ғылым туралы ғана емес, нақ осы психолог кәсібін таңдау болғандықтан, келесі сұрақтың туындауы заңды: *психолог – профессионалдың әуесқой психологтан принципиалды айырмашылығы неде?* Бұл жердегі мәселе әуесқойлық деңгейде – ақ көптеген адамдар (тіпті жасөспірімдер) өмірлік мәселелерді шешуде бір – біріне көмек көрсетіп жатады және мүмкіндігінше көбінесе мұны жеткілікті тиімді жасайды. Осы жерде сонда не үшін маман – психологтар қажет деген сұраудың туындауы орынды. Мұндай сұрақ болашақ психолог үшін өзекті бола алады. Мысалы, білім алудың әр түрлі кезеңдерінде студент өзінен сұрай алады: *«мен өзімді психолог деп есептей аламын ба, әлде әлі ерте ме?»*. Кейде біз тек студенттер аудиториясы ғана есем, сонымен бірге жұмыс атқарып жүрген кәсіби білімін жоғарылату курсына оқып жүрген мамандар аудиториясына да кім өзін психологпын деп санайды, қолдарыңызды көтеріңіз», - деп сұрастырып көрдік. Кейде біршама қолдар көтеріледі... Қалайда мұның бәрі тегін емес. Шартты түрде психологтың – кәсіби психологтың - әуесқойдан айырмашылықтарын принципиалды көрсетуге болады:

1. Маманда теориялық негіздің болуы, ең негізгісі – психикамен психолог жайлы жүйеленген, жинақталған ұғымдар. «Әуесқойда» кең өрісті психологиялық білімдер жеткілікті болуы мүмкін.

2. Маманның ғылыми таным әдістеріне сүйенуі. Олар маманға көптүрлі ғылыми мәселелерде бағдарлану ғана емес, сондай – ақ қатысушы көре алатын жерде өзін таба білуге де мүмкіндік береді. Ғылыми таным әдістерінсіз тіпті көптүрлі жүйеленген білімі бар психологтың өзі көбінесе қоршаған әлем мәселелерін түсіндірудегі нәрселерді шешуге қабілетсіз болып жатады. Яғни білім бір жағынан бар да сияқты, бірақ олар ешқандай көмек бере алмайтын жағдай... Ғылыми таным әдісін маман өзіне де, оның кәсіби рефлексиясы үшін негіз болатын

ғылыми – практикалық іс - әрекетінде, яғни «өзін - өзі сырттан көруде» қолдана алады (психологтың әдістемелік базасының негізін айқындауда).

3. Маманның психологияда өңделген арнайы құралдар - әдістерді қолдануы, яғни практикада нақты іс-әрекет тәсілдерімен ақталған ғылыми негізделген және бекітілген, белгілі бір мақсатқа – ғылыми, диагностикалық қалыптастыруға бағытталған әдістер. Әдістердің түп мәні – олар зерттеуші (эмперик және тіпті теоретик) мен практиктің мүмкіндіктерін кеңейтуінде жатыр. Әуесқой негізінен өзіндік дарынына (әсерлілік, тәжірибе және т.с.с.) сүйенсе, маман қажеттілік туындағанда сәтті таңдалған әдістермен өзінде жоқ дарындылықтың орнын толтыра алады.

## II тарау. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ФУНКЦИЯСЫ, МІНДЕТТЕРІ

### 2.1. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің қажеттілігі, оның негізгі міндеттері

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің ғылыми негіздемесі ретінде, отандық психологиядағы адам психикасының дамуы мен әлеуметтік табиғаты ретіндегі теориялық ерекшеліктері алынады. Онда адамның психикасы дамудың өнімі және психикалық даму адамзаттың жинаған әлеуметтік тәжірибесінің нәтижесі ретінде қарастырылады (филогенетикалық және онтогенетикалық қатынастарда). Мұнда Л.И. Бажович, Л.С. Выготский, А.В. Запарожец, А.Н. Леонтьев, А.В. Петровский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б. Эльконин және басқа да авторлардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Осы теоретикалық көзқарастарға сай, жеке адам сана мен жүріс-тұрыстың қоғамдық формаларын меңгеру барысында қалыптасады. Жеке адамның қалыптасуы дүниеге келген уақыттың алғашқы минутынан бастап және баланың психикалық дамуымен қатар жүреді. С.Л.Рубинштейн психиканың дамуы сандық өзгерістердің сапалыққа ауысуы арқылы жүретін өзгеру процесі деп көрсеткен.

Баланың психикалық дамуының негізгі шарты ретінде өзінің іс-әрекетін алуға болады. А.Н. Леонтьев “баланың психикалық дамуы адамдардың дамуының өткен тәжірибесін меңгеруі” деп көрсеткен. Баланың белсенді мотивациялық іс-әрекетінде оның жеке адам болып қалыптасуы жүреді. Бұл қалыптасу баланың жас ерекшелігіне сай онтогенездің негізгі іс-әрекетінің негізінде жүреді (қарым-қатынас, еңбек, ойын, оқу).

Негізгі іс-әрекетті бөліп көрсету оның өсіп келе жатқан баланың психикалық дамуына әсерін түсінуі үшін қажет.

Баланың кез-келген іс-әрекетті меңгеруі үлкендермен қарым-қатынасының және олардың тікелей басқаруының негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан да үлкендермен қарым-қатынас жасау, баланың психикалық және жеке адамдық дамуына қажетті шарт болып табылады.

Үлкендермен қарым-қатынас әрбір жас кезеңінде жеке адамның қалыптасу процесінде өте маңызды болып табылады. Дамудың алғашқы кезеңінде үлкендермен қарым-қатынастың формасы, мазмұны және қызметі баланың заттық әлемді меңгеруіне бағытталады. Қарым-қатынас барысында басқалармен қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік, эмоционалдық қатынас, психикалық процесстер, заттық-манипулятивтік іс-әрекет дамып, тек баланың 6-7 жасында ғана өзіне ғана тән қарым-қатынасы көріне бастайды.

Ерте мектептік шақта үлкендермен қарым-қатынас баланың жеке тұлғасының дамуының негізгі факторы бола отырып, осы кезеңнің соңында құрбыларымен қарым-қатынас маңызды роль ала бастайды. Жасөспірімдік шақта қарым-қатынас құрбы-құрдастарымен жүзеге асырыла отырып, негізгі қызметі қоршаған ортадағылармен өз қатынасын орнатуға бағытталады. Осы кезеңде бала саналы түрде орта нормаларын қабылдай отырып, өзінің жекелеген ерекшеліктеріне бағдар жасай бастайды.

Жастық шақ кезеңінде үлкендермен қарым-қатынас болашаққа мақсат құрумен байланысты бола отырып, маңызды бола түседі.

Осыған орай, қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік – адамның әлеуметтік қажеттіліктерінің негізгілерінің бірі болып, өте ерте пайда болып, біртіндеп дами бастайды. Тәжірибеде көрсетілгендей, баланың бұл қажеттілігі қанағаттандырылмаса, әрі қарайғы дамуыда жүрмейді. Көптеген балалармен мектеп оқушыларында үлкендермен формальды емес қарым-қатынастың қанағаттандырылмауы жоғары үрейлену деңгейіне, өз-өзіне сенімсіздікке, тұрақсыз, әрі өзін-өзі адекватты емес түрде бағалауға, жеке дамуындағы қиындықтарға және бейімделу процесінің қиын жүруіне әкеліп соғады.

Тәжірибелік психологияда баланың психикалық дамуында, әрбір жас кезеңінде негізгі рольді оқыту алады деген принципті дұрыс қолдана білу керек.

Басқаша айтқанда, Л.С. Выготскийдің көрсетуінше, оқыту “өзекті даму аймағына” емес, “жақын даму аймағына” бағытталу керек.

“Жақын даму аймағы” баланың өз бетімен жүзеге асыра алмайтын, бірақ үлкендердің көмегімен жүретін міндеттердің

мазмұнымен анықталады. Бұл баланың дамуында тек көмекті қажет етудегі келесі этап болып саналады. Баланы оқыта отырып, үлкендер балаға дербес түрде жете алмайтын ерекшеліктерімен сипатталады. Л.С. Выготскийдің көрсетуінше, егер де бала ересектің көмегімен міндетті шеше алмаса, онда ол “жақын даму аймағына” жетпегендігін көрсетеді және ешбір даму эффектісі болмайды деп көрсеткен. “Жақын даму аймағы” сыртқы бақылауға көрінбейтін, психикалық процесстердің есейгендігін көрсете отырып, болжау мен оқытуда маңызды роль атқарады.

Оқыту мен дамудың өзара байланысы туралы сұрақ тек психологиялық теорияға ғана емес, сонымен қатар педагогикалық практика үшін де маңызды болып табылады. С.Л. Рубинштейннің көрсетуінше, әрбір оқыту концепциясы қандай да бір деңгейде даму концепциясын өзіне енгізеді дейді.

Индивидуалдық даму жоғары жүйке іс-әрекетінің құрылымдық дамуымен, сонымен қатар оқытумен де анықталады.

Даму мен оқытудың, даму мен тәрбиенің бірлігі осы процесстердің өзара байланысын білдіреді. Даму оқыту мен тәрбиелеуді шарттандырмайды, керісінше, баланың психикалық қасиеттері тәрбиелеу мен оқыту процесі барысындағы дамудың нәтижесі болып табылады.

Ересек адамдар ұйымдастыратын және бала өмір сүретін білім беру ортасы, біріншіден, бала меңгеретін білімдер, дағдылар, іс-әрекеттен тұрса, екіншіден, баланың осы білімдерге, дағдыларға, ережелерге, іс-әрекеттерге деген қатынасынан, үшіншіден, баланың өз-өзіне, өзін қоршаған құрбыларымен үлкендерге деген қатынасынан және осы ортада алатын орнын түсінуінен тұрады.

Білім беру мен психикалық дамудың тиімділігі қаншалықты оқыту мен тәрбиелеудің құралдары, мазмұны, әдістері жастық және индивидуалдық дамудың психикалық заңдылықтарын ескеруіне байланысты болады. Сонымен қатар үлкендердің әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істеуде, баланың бойында қоршаған орта өміріне деген қызығушылығын, оқуға деген құштарлығын, білімді дербес түрде меңгеруіне және іс-әрекет процесіне белсенді қатысу қажеттілігінің көріну деңгейі, оқытудың тиімділігін көрсетеді.

Әрбір жас кезеңінде бала өзіне деген қандай да бір қатынасты талап етеді. Білім берудің тәжірибелік психологиясы мектепке дейінгі шақты (3-6/7 жас), мектептік шақты (6-9 жас), жасөспірімдік кезеңді (10-14 жас) және ерте жастық шақ уақытын қамтиды (15-17 жас).

Л.С. Выготский жасты жалпы даму циклінде сандық әрі сапалық өзгерістермен сипатталатын ерекшелік деп көрсетеді. Жас ерекшеліктері жалпы дамуға бағытталатын, жастың аса ерекше өзгерістері мен сипаттары арқылы көрінеді. Қандай да бір жас кезеңі жеке адамның арнайы психикалық процесстері мен қасиеттеріне, психологиялық сапаларына сезгіш деңгейде болады.

Әрбір жас кезеңінің дамуының бастапқы шағында тек осы жасқа ғана тән бала мен орта арасында қайталанбас қатынас туындайды. Мұны Л.С. Выготский осы жастың әлеуметтік даму жағдайы деп атаған. Дамудың әлеуметтік жағдайы осы жас кезеңіне сәйкес келетін психикалық даму динамикасы мен сапалы психикалық құрылымдар арқылы сипатталады. Осыған орай, әрбір жас кезеңіне жекелеген ерекшеліктерімен жаңа құрылымдардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар жеке адам құрылымының бірегейлігі және осы жас кезеңіне тән даму тенденциялары жатады. Басқаша айтқанда, баланың жас ерекшеліктік психологиялық сипаттамасы оған тән жекелеген сипаттармен емес, әрбір жас кезеңіндегі жеке адамдық құрылымының әртүрлілігімен көрінеді.

Л.С. Выготскийдің жеке адамның дамуындағы сезгіштік кезеңдер идеясына сүйене отырып, көптеген психологтар әрбір жас кезеңінің психикалық даму сипаттамаларын бөліп көрсету қажеттілігін көрсетеді. Н.С. Лейтестің көрсетуінше, балалық уақытында көрінетін дамудың жоғары мүмкіндіктері тек өтпелі, белгілі бір уақытқа ғана байланысты болады. Сондықтан да дамудың жоғарғы темпінде, әрбір жас кезеңінің жастық жетістігі айқын түрде көрініп, жеке адамның дамуына маңызды үлесін қоса білуі маңызды болып саналады. Баланың әрбір жас кезеңін толық түрде өткеруі, келесі кезеңнің жаңа құрылымдарының көрінуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі білім беру орындарында балалардың ерекшеліктері мен әрбір жасқа тән қызығушылықтары, жекелеп айтқанда ойын, оқу іс-әрекетінде, тәрбиелеуші шараларды

ұйымдастыруда, балалармен қарым-қатынасында толығымен ескеріле бермейді. Әсіресе көптеген мәселелер өтпелі кезеңдерде туындайды.

Бала дамуының дағдарыстық кезеңдер теориясына сәйкес (Л.С. Выготский) әрбір өтпелі немесе дағдарыстық кезең, біріншіден, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі баланың объективтік орыны, екіншіден, ішкі позициясының өзгеруі арқылы көрінетін, дамудың әлеуметтік жағдайының өзгеруінің нәтижесі. Әрбір ауыспалы кезең ұқсас мазмұндық ерекшеліктерімен жалпы заңдылықтар арқылы көрінеді. Бір кезеңнен екінші кезеңге ауысуда мазмұны тұрақты кезеңдердегі даму ерекшелігінен тұратын, даму дағдарыстарынан тұрады.

Ауыспалы кезең-жас ерекшеліктік дамудың негізгі этаптары болып саналады. Бұл уақытта балада осы жас кезеңіне тән негізгі жаңа психологиялық жаңа құрылымдар қалыптасқан болуы керек.

Бұл кезеңдердің негізгі мазмұндық ерекшеліктері П.П.Блонский мен Л.С. Выготский еңбектерінде жазылған. П.П. Блонский көрінетін ауысулардың нақтылығы, айқындылығына көңіл бөледі. Л.С. Выготский ең алдымен, ауыспалы кезең бұл баланың өткен тәжірибесінен жинаған ерекшеліктерін жоғалтуымен көрінетін кезең дейді. Дамуға сәйкес келетін ауыспалы кезеңдер жеке адамның мүмкін болатын жаңа сипаттарымен толықтырылып көрінеді. Дамудағы ауыспалы кезеңдердің жағымсыз мазмұны кез келген ауыспалы жастың басты және негізгі мәнін құрайтын, жеке адамның жағымды өзгерістерін келесі жағы болып саналады.

Көрсетілген кезеңдерді теориялық және эксперименталды түрде жеткіліксіз қарастырылуы, бала дамуын жүйелі түрде кезеңдерге бөлудегі терминалогияның кемшіліктерін көрінеді. Сонымен қатар, "дағдарыс", "дағдарыстық жас", "дағдарыс кезеңі" т.б. түсініктерді атап өтуге болады.

Бұл түсініктер синонимдер ретінде қолданылады. "Дағдарыс" бұл түсінік емес, керісінше, жағымсыз ассоциация тудыратын жүріс-тұрыстың, өзгерген құлаған модельдерін, мүмкін болатын басқару формаларының құлауын, қандай да бір ерекшеліктеріне байланысты кенеттен болатын өзгеруді айтамыз.

"Дағдарыстық жас" – көп кездесетін нақты емес түсінік. Оны басқаша, өте күрделі дағдарыс қалпы деуге болады. Біз әртүрлі

зерттеулердің жұмысында дағдарыстық жасты сипаттауларында, талдауда қарама-қарсылықты, сәйкессіздікті көреміз.

Бір жағынан, авторлар жеке адамдық жаңа құндылықтардың талдауына көп көңіл бөле отырып, осы даму кезеңдерінің арнайы психологиялық ерекшеліктерін көрсетсе, екіншіден, балалардың осыдай ерекшеліктерге сай қиын тәрбиеленетіндігін ескертеді. Қазіргі кезде бұл терминді жасөспірімдік уақыт туралы (10-11-ден 14-15 жасқа дейін), сонымен қатар жастық шақ дағдарысы (16-17 жас) туралы айтқанда қолданады.

Дағдарыс психологиялық дамудың ерекше құбылысы ретінде өте ертеден қарастырып, біраз уақыт өткен соң бұл терминді эмпирикалық түрде қарастыру тоқтатылғанмен, қазіргі кезде бұл мәселеге деген қызығушылық күшеюде. Көптеген уақытқа дейін бұл мәселе терминологиялық қарама-қайшылықты тудыру мүмкіндігіне байланысты, көптеген әдебиеттерде қарастырылмады.

Қарастырылатын мәселенің адекваттылығына байланысты, «дағдарыс» терминінің орнына «ауыспалы кезең» терминін қолданған дұрыс болады. Себебі, фактілі түрде алатын болсақ, бала өзінің дамуының бір кезеңінен екінші кезеңіне ауысады. Ауыспалы кезеңде, екі жастың кездесуінің негізінде, бір жастың даму кезеңінің тоқтауын және екінші жастың дамуының басталуын көрсететін дағдарыстар туындайды.

Бұл мәселенің педагогикалық тәжірибеде қарастырылуының практикалық құндылығы, осы жастағы балалармен жұмыс істеудің қиындығына байланысты болып отыр. «Бала өзінің дамуында белгілі бір кезеңдерде қиын тәрбиеленетін жүріс-тұрысымен көрінеді» деп жазады Л.С. Выготский.

Ауыспалы кезеңнің мазмұндық сипатының мәні мен білімін түсіну, әртүрлі жас кезеңдерінде оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастыруда балалардың жас ерекшеліктік психологиялық ерекшеліктерін дұрыс ескере білуге мүмкіндік береді.

Жастық дамудың тағы да бір маңызды бөлігіне көңіл бөлейік. Жасөспірімдік және жастық шақ уақытындағы психикалық және жеке адамдық дамудағы қиындықтар мен ерекшеліктер жыныстық жетілумен байланысты болады. Қыздар мен ұл балаларда бұл кезеңде жай ғана есею сезімі пайда болып

қана қоймай, белгілі бір жынысқа жатқызу дифференциациясы, яғни, «ішкі ер позициясы» немесе «ішкі әйел позициясы» жүреді..

Физикалық тез өсу және жыныстық жетілу жасөспірімдердің ішкі және сыртқы әлемінде айқын өзгерістер және өз-өздерімен қарама-қарсы жыныс өкіліне деген қызығушылықтар тудырады. Жасөспірімдерде жаңа түйсінулер, сезімдер, уайымдар туындайды, сонымен қатар осы көзқарас тұрғысына өздерін түсінуге деген қажеттілік қалыптасады, «ересек ер», «ересек әйел» секілді идеалдар пайда болады, бұл болса өз кезегінде ата-аналарға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге аса бақылана қоймайтын, жасөспірімнің өзіндік сана-сезімінің бір көрінісін құрайды.

Мектептегі оқу-тәрбиелік жұмыстың бағдарламалары мен әдістері жасөспірімнің өзін жеке жыныс өкілі туралы ойын, қыз балалар мен ұл балалардың қажеттіліктерін, түрткілерін, құндылық бағдарларын, басқа жыныс өкілдеріне деген қатынастарын ескермейді.

Баланың жынысына сәйкес жеке тұлғасының дамуының міндеті біріншіден, психикалық жынысын, екіншіден қарама-қарсы жыныс өкілдерімен қатынас жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Жастық ерекшеліктер индивидуалдық ерекшеліктермен бірлікте болатындықтан, жас өз бетінше жеке адамның стандарттық психикалық дамуын анықтамайды. Психологияда жеке адамның индивидуалдық ерекшеліктері ретінде индивидті басқалардан ерекшелендіретіндерді айтуға болады. Олардың қалыптасуына адамның табиғи қасиеттері, әлеуметтік орта, дамудың жалпы деңгейі, жеке адамның бағыттылығы, әртүрлі қасиеттері мен сапаларының өзара қатынас сипаты үлкен әсерін тигізеді. Индивидуалдық ерекшеліктер тек осы адамға ғана тән, оның психикасы мен тұлғасын құрайтын, қайталанбас адам ретінде сипаттайтын ерекшеліктер.

Психологтар (Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, Н.С. Лейтес, Б.Д. Эльконин және т.б.) көрсеткендей, жеке адамның жастық ерекшеліктері дамудың индивидуалдық нұсқасы формасының негізінде көрінеді. С.Л. Рубинштейн ғалымдардың индивидуалды ерекшеліктерді жас ерекшеліктерінен бөліп қарауға болмайтындығына көңілдерін аударуға тырысқан. Себебі, бөліп алып қарауда жекелеген адамдардың ерекшеліктері мен

қабілеттіліктері мистификацияланып, оны зерттеуге, қарастыруға деген жол жабылып қалады. Автордың көрсетуінше «жас өздігінен психикалық дамудың қандай да бір стандартын анықтамайды, жас ерекшеліктер индивидуалдылықпен бірлікте және тек соның ішінде ғана болады», - дейді.

Білім берудің практикалық психологиясы жоғарыдағы авторлардың көрсеткен теоретикалық концепциясына сүйенеді. Бұл концепция жағымды шарттар болған жағдайда барлық балаларда дамуға деген қабілеттілік болатындығын білдіреді. Сондықтан да тәрбиешіде, мұғалімде өз оқушыларының үлгермеушілігіне, олардың нашар деңгейде дамыған ақыл-ой мүмкіндіктерін кіналай алмайды. Себебі, баланың мүмкіндіктері оқытудың ұйымдастырылуы мен оның мазмұнына байланысты. Білім беру баланың әртүрлі аймақтарда және іс-әрекет түрлерінде баланың қабілеттіліктерін дамытуға бағытталғанда ғана мазмұнды болады.

Дегенмен де, тұлғалық және кәсіби есейгендікке кез-келген психикалық дені сау бала жете алады. Мұндай биіктіктерге жету кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Неліктен? Бұл сұрақтың себебі өте көп болды. Мүмкін ең маңыздысы психикалық даму тұрғысынан әрбір адам өзінің балалығы мен жастық шағын толық түрде өткізгендігі маңызды. Сондықтан да, баланың өмірінің алғашқы күндерінен бастап, оның әрбір жас кезеңінде мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатындай, өмірін дұрыс ұйымдастыру керек. Бұл баланың қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығы, өзінің белсенділігі және нақты жас кезеңіне тән іс-әрекет түріне ересек адаммен бірге қатысуы арқылы көрінеді. Сонымен қатар, баланың жағымды түрде индивидуалдық дамуы жүзеге асуында, әрбір жаста көрінетін жаңа құрылымдар маңызды болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің теориялық негіздемелері жоғарыда көрсетілгендей.

Жалпы алғанда білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет – мемлекеттің бірегей білім беру жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі. Неліктен қазіргі кезде психологиялық қызмет интенсивті түрде дами бастады деген мұрақ туындайды. Оның себептері неде? Мүмкін, тәжірибе қажет болар? Шынында да, педагогикалық тәжірибеде баланың психологиялық біліміне

деген қажеттілік туындап отыр. Психологиялық қызмет өзінде баланың дамуы туралы білім мен өмірде және білім беру орындарында осы дамуды жүзеге асыратын тәжірибе мүмкіндіктерін қамтиды. Әсіресе, білім беру тәжірибесінің балалар туралы ғылыми білімге деген қажеттілік пен осы қажеттіліктердің әрбір баланың психикалық және жеке адамдық дамуын қанағаттандыруы осы саланың туындауына әкелді.

Ғылым мен тәжірибенің кездесуінде, психологиялық құбылыстар мен педагогикалық шарттар өзара байланыста болады. Толығырақ айтқанда, білім берудің психологиялық қызметі – бұл ғылыми, қолданбалық, тәжірибелік және ұйымдастырушылық аспектілердің бірлігінен тұратын, интегралдық құбылысты айтамыз. Әрбір аспектінің өзінің шешуі кәсіби біліктілікті талап ететін міндеттерден тұрады.

**Ғылыми аспект** білім берудің тәжірибелік психологиясы туралы теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді білдіреді. Білім берудің тәжірибелік психологиясы психикалық дамудың жас ерекшеліктік заңдылықтарының индивидуалды түрде көрінуін, оқушы жасындағы балалардың психологиялық, денсаулығының негізі болатын жеке адамдық және индивидуалдық даму шарттарын қарастырады. Бұл жерде міндет ретінде, психодиагностикалық және дамытушылық бағдарламалардың операциялдық түрде құрылуы мен ғылыми түрде негізделуі, сонымен қатар психологиялық білімдерді, қазіргі білім беру жүйесінің нақтылы жағдайларында, құралдарды, тәсілдерді, әдістерді кәсіби түрде қолдануды айтуға болады. Бұл зерттеу жұмыстарының академиялықтан айырмашылығы, онда тек қандай да бір психологиялық механизмдер мен заңдылықтарды анықтап қана қоймай, нақты бір баланың жеке адам болып қалыптасу жүйесіндегі механизмдермен заңдылықтардың дамуының психологиялық шарттарын көрсетеді.

**Қолданбалық аспект** білім беру қызметтерінің психологиялық білімдерді қолдануын білдіреді. Мұндағы негізгі әрекет етуші субъектілерге тәрбиешілер, мұғалімдер, әдіскерлер және т.б. оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысатын барлық қызметкерлер жатады.

**Ұйымдастырушылық** **аспект** мазмұндық және ұйымдастырушылық сұрақтарды жүзеге асыратын құрылымдық бөліктерден тұратын және тәжірибелік психологтардың кәсіби біліктілік арттыруға жауап беретін, құрылымдық бөлігін айтамыз. Бұл бөліктер иерархиялық байланыста бола отырып мынадай топтардан тұруы мүмкін: тәжірибелік психологтар, психологиялық қызметтің ғылыми-әдістемелік бөлім (орталықтар, кабинеттер), республикалық білім беру министрлігіндегі психологиялық қызмет бөлімдері. Тек түбегейлі түрде ұйымдастырылған бөлім қызметкерлері ғана, білім беру жүйесіне білікті психологиялық қызмет көрсете алады, балаларға, ата-аналарға, мұғалімдер мен білім беру орындарына нақтылы түрде көмек көрсете біледі.

**Тәжірибелік аспектін** білім беру орындарының, оның ішінде бала-бақша, мектеп және басқа да білім беру жүйесінің қызметкерлері жүзеге асырады. Олардың міндеті – қандай да бір нақтылы мәселелерді шешу үшін балалар тобымен, тәрбиешілермен, мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыстар жүргізу. Олардың міндеті жаңа әдістер құру емес, керісінше, ғылыми түрде бекітілген әдістер мен тәсілдерді кәсіби түрде дұрыс қолданып өңдей білу.

Барлық аспектіннің жүйелі дамуы психологиялық қызмет үшін өте маңызды.

## 2.2. Практикалық психологиялық жұмыс – психологтардың іс-әрекет типі ретінде

*Практикалық психологиялық жұмыстың негізгі мақсаты* – тікелей психологиялық көмекті қажет ететін адамдарға көмек. Психолог практиктер білім облысында, медицинада, өнеркәсіптік іс-әрекетте, әлеуметтік және адамдардың жеке өмірлерінде туындаған мәселерді шешуге көмектеседі.

Психологтардың практикалық іс әрекетті жиырмасыншы жүзжылдық бойы адамдардың әртүрлі өмір сфераларына көп әсер ете бастады. Бірақ бұл процесс әртүрлі елдерде бірдей емес жүрді. АҚШ-та практикалық психологияның тарауына Американ Психологиялық Ассоциациясының белсенділігі маңызды дәрежеде болды және де жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында Англия, Франция, Швейцария және т.б. Европалық елдерде психолог практиктердің саны көбейді. Медициналық психология, мектептік психология және ұйымдық психология практикалық психология жұмысын қолдануда негізгі сфералар болып табылады.

Біздің елде практикалық психология жұмысының белсендеуі 1980 жылдардан басталды. Кәсіпорындарда, білім беру орындарда психологиялық қызметтерді дамытуға міндеттер қойылды. Он жыл ішінде психолог практиктердің саны мәнді түрде өсті, сонымен қатар психологиялық қызметтер, психологиялық консультациялар пайда бола бастады, психологиялық тренингтер үлкен атаққа ие болды. Психолог практиктердің қоғамға қажеттігі туралы баспалық және ғылыми – атакты әдебиеттерде жазылған.

*Психологтың кәсіби дамуы.* Кәсіби психологтардың шет елдерде дайындалуы жиырмасыншы ғасыр бойы дамып жатқан кәсіби психологтардың дәстүрлі даму түрлері Великобританияда, германияда, Францияда, Австралияда, Бельгияда, Нидерландияда, Ресейде, сонымен бірге АҚШ-та және Канадада бар. Осы елдерде психологтардың ғылыми және оқытушылық іс әрекет тәжірибелері жиналған, және тарихи түрде жоғары білім беру жүйесі қалыптасқан. Басқа европалық елдерде, сонымен бірге Австралияда, Азия және Африка елдерде, Оңтүстік Америкада психологтардың дайындық моделі ретінде осы уақытта бар моделі алынады. Жеке елдерде психологиялық білім берудің құрылымы

және ұзақтығы жоғары білім берудің халықтық дәстүрімен анықталады, ал зерттелінген оқу пәннің мазмұны – психологияның ғылыми және практикалық жетістіктерімен анықталады.

Тоқсаныншы жылдары европалық елдің ғылымдары басқа елдердің психологтарының кәсіби дайындық жүйесіне қызығушылық танытты және ортақ қадамдарда жүзеге асырғысы келді. Осы жұмыстың нәтижесінде психолог кәсіпкерлердің *Европалық Федерация ассоциациясымен 1990 жылы «Оптималды стандарттар»* психологияда кәсіби дайындық үшін рұқсат етілді. Олар кейбір жалпы қадамдармен және принциптермен байланысты, бірақ олар білім берудің мазмұнын және құрылымын бөлшекті түрде нақтыланбайды.

Қазіргі уақытта басқа елдерде психологтарды дайындау жүйесі бойынша біршама зерттеу тәжірибелері жиналған.

Психологтардың дайындығы білім берудің ұзақтығы, құрылымы және мазмұны бойынша ерекшеленеді.

**Психологтардың дайындық ұзақтығы.** Европада, мысалға алғанда, бір елдерде психологиялық кәсіби білім берудің жиі кездесетін кезеңі жалпы алғанда 5 жыл, ал басқаларда – 6. Осы мерзім 5 жыл ішіндегі үздіксіз білім алуды қамтиды, немесе екі деңгейге бөліне алады. Кейбір елдерде, мысалы, Норвегияда студенттер 1 жылдан соң жоғарғы білім берудің кіріспе курсы аяқтағаннан кейін кәсіби психологтарды даярлайтын бесжылдық бағдарламаны өту керек. Англияда негізгі психологиялық білім беру өзіне 3 жыл білім алуды қосады. Бірақ-та кәсіпкер психологтар болу үшін және өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігін алу үшін студенттер осыдан басқа мамандандырылған бағдарлама бойынша жоғарғы білім берудің екінші деңгейінде 3 жыл оқу қажет. Шотландияда психологиялық білім берудің негізін 4 жыл құрайды, қосымша психологиялық кәсіби білім беру 2 жылға арнаған.

Елдердің көбісінде психологиялық білім алуды шын аяқтау үшін кәдімгіге қарағанда үлкен кезең талап етіледі. Бұл біріншіден, студенттің психологияны зерттеудегі оқу жүктемесін және темпін өз бетінше бұру мүмкіндігімен байланысты. Мысалы, Германияда студентке интенсивті оқу жүктемесінің жағдайында бағдарламаны орындау үшін 9 семестр, яғни 4,5 жыл керек. Бірақ

студенттердің көбісіне осы үшін 12 семестр, яғни 6 жыл талап етіледі.

АҚШ-та негізгі психологиялық білім алу 4 жылға созылған, онда ол студент бакалавр дәрежесін алады. Магистр болу үшін 2 жыл оқиды немесе ол бакалавр дәрежесін алғаннан кейін практикалық психологтарды даярлайтын 2 жылдық бағдарламаны өту керек.

Психологты даярлайтын құрылымды көптеген мемлекеттерде негізінен 3 құрылым бөлінеді:

- тоқтаусыз бесжылдық мамандандырылған,
- тоқтаусыз бесжылдық жалпы,
- үзілмелі мамандандырылған білім.

Тоқтаусыз бесжылдық мамандандырылған білім алуда студент басынан нақты бір психологиялық аумақта мамандандырылады, мысалы клиникалық, мұғалімдік, немесе даму психологиясында. Осындай психологиялық білім алу жүйесі, мысалы, Финляндияда, Швецияда, Бельгияда тараған.

Тоқтаусыз бесжылдық ортақ білім алу кезінде студенттер жалпы психологиялық білім алудан бастайды. Содан тек соңғы курстарда ғана кейбір жағдайларда университет бітіргеннен кейін мамандандырылады. Осындай жүйе Португалияда, Венгрияда, Испанияда, Швейцарияда, Ресейде және Данияда тараған.

Үзілмелі психологиялық білім алудың 2 тәсілі бар. Англияда "3+3" моделі тараған. Онда студенттер 3 жыл негізгі психологиялық білім алады. Одан ол өзін психологиялық білім алуын аяқтау үшін тағы 3 жыл оқиды немесе өзінің оқуын әрі қарай басқа мамандықпен немесе басқа университетте бітіруі мүмкін. Ондай жүйе Ирландияда, Францияда, Грецияда, Португалияда және Мальтада тараған. Үзілмелі психологиялық білім алудың екінші тәсілі негізгі білім алудың 7 жылға созылуын, ал мамандандырылу үшін тағы 2 жыл оқуын қалайды. Бұл АҚШ-та және Шотландияда тараған.

Психологиялық білімдердің кеңеюіне байланысты көптеген мемлекеттерде білім алу жүйесінде арнайы мамандандырылған мектеп психологтарын дайындау ұйымдастырылған. Тәжірибе көрсеткендей осында психологиялық дайындық кейде жетпейді. Клиникалық психология мамандары, мысалы, жиі мектеп психологиясының мәселелерін түсінбейді.

Көптеген мемлекеттерде мектеп психологы жоғарғы білім алуы қажет. Ол медицина даму психологиясы, педагогикалық психология сияқты пәндерді және жеке адам теориясын, психодиагностиканы, психологиялық кеңес, психотерапияны және т.б. пәндерді жақсы білуі қажет.

Теориялық білім алудан басқа мектеп психологына 2 жылдай стажировка өтуі керек, және де практикалық жұмысты психологиялық қызмет көрсету жерінде маман басқаруымен өтуі керек.

Көптеген мемлекеттерде психолог мұғалім ретінде жұмыс істеуі қажет.

*Бакалаврды даярлайтын* оқу программасына 3 топтық тәрбиесі кіреді:

- жалпы білім беру пәндері,
- арнаулы пәндер (негізгі және қосымша),
- студентті таңдаудағы пәндер.

Жалпы білім беруді даярлау – психолог бакалаврдың білім беру бағдарламаның негізгі бөлігі. Ол әртүрлі колледждер мен университеттерде өзіне «Философия», «Этика», «Логика», «Әдебиет», «Математика», физикалық және биологиялық ғылымдар, «діни және әлеуметтік сияқты пәндерді енгізеді. Ғылыми зерттеулер, жазбаша сөз курсы, көлемдік талдау әдістері, шет тілі, өнердің теориясы мен тарихы, қазіргі өмірді зерттеу және оның тарихы секілділер тек пәндік бөлігі, осыдан студент өзіне оқу үшін курстық пәндерді таңдайды.

АҚШ-тағы арнайы білім беру жоғары оқу орындарында келешек мамандарды ғылыми әрекетке немесе практикалық психологиялық жұмысқа даярлайды.

Осыған байланысты студентке әртүрлі курсты таңдауға береді, ол жалпы немесе арнайы дайындық.

Психологияда студентке 3 түрлі курсты таңдауға береді:

- керекті,
- арнайы қызығушылық курстар,
- алдыға бағытталған интегративті курстар.

Керекті курстарға «Психологиядан кіріспе курс», «Статистика», «Ғылыми зерттеулердің әдістемелері», «Эксперименталдық психология» кіреді.

Содан кейін арнайы элективтер басталады. Вашингтондағы Американдық университетте мысалы; негізгі пәндер ретінде: «Жүріс тұрыс принциптері», «Перцепция және ойлау », «Биологиялық негізгі жүріс тұрыс» Жүріс тұрыстың өзгеру процестері «Білім алу және мотивация», «Физиологиялық психология», «Адамның білім алуы, вербалдық жүріс тұрыс». Қабылдау және түйсіну «Эксперименттік зерттеулер негіздері, өзін өзі басқару», «Бала психологиясы», «Социалдық психология», «психопатология», «кризистік әсер ету», жеке адам теориясы. «Адамның сексуалдық жүріс тұрысы», «Психологияның тарихы және системасы», «Топтық процесс», «Тесттер мен өлшемдер». Оқу: оның принциптері мен қолдануы «Өлім психологиясы, өзін өзі өлтіру және өмірге қауіп төндіретін жүріс тұрыс». Одан басқа студент қосымша курстарды өтуі қажет.

Олар маманданған психолог басқаруымен тесттермен айналысу, клиенттермен жұмыс жүргізу, жеке адамдарға немесе топтарға көмектесу, олардың мәселелерін шешу. Осындай мамандар психикалық денсаулық орталығында, кәсіби реабилитациялық орындар немесе психология мұғалімі ретінде орта мектептерге сабақ беру. Бірақ көптеген студенттерге ұжымдық колледждердегі алған бакалавр дәрежесі олардың магистр болып оқуын жалғастыру үшін даярлайды. Жоғарғы психологиялық білім алудың келесі бір сатысы болып магистр дәрежесін алуы табылады. Ол үшін университетте 2 түрлі оқу программалары бар:

- зерттеу мектептері, ғылыми жұмыскерлерді даярлау және негізгі зерттеулерді жүргізу;
- кәсіби мектеп, практикалық мамандарды даярлайды, қолданбалы зерттеулермен айналысады.

*Магистр дәрежесін* 1-2 жыл зерттеу мектептерде білім алған бакалавр дәрежелі мамандар алады. Осы дәрежені алу үшін көптеген пәндерді оқумен қатар, қолданбалы аймақтық практикалық жұмыс жүргізу қажет және орындаған зерттеуі негізінде диссертация жазуы керек.

Осы көлемдегі білім зерттеуші ретінде жұмыс істеуге немесе әртүрлі аймақтарда практикалық психолог болып жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ол тесттермен айналысу, лабораторияда

зерттеулер жасау, пациентке консультация беру, әкімшілік жұмысты орындау, 2 жылдық колледждерде немесе мектептерде сабақ беру.

*Дипломнан кейінгі психологтың білім алуы.*

Дипломнан кейінгі психологтың білім алуын Еуропалық мемлекеттерде, Америкада, Канадада 2 түрін бөлуге болады: зерттеулік және практикалық мамандық.

Зерттеу дипломынан кейінгі психологтың білім алуы - ол *философия докторын* алу үшін арналған программалар. Ол өзіне көптеген ғылыми пәндерді жүргізеді және диссертация жазылады. Докторды даярлау 35 жылға созылады. Осы дәреже зерттеулік болып табылады. Оны алу үшін психология саласында үлкен дәрежелі жұмыс жасау керек және докторлық диссертацияны жазу керек. Психолог-зерттеушілерді даярлап философ докторы дәрежесін жеткізу үшін келесіні кіргізеді: негізгі білім алу курстары «Экспертті жоспарлауға кіріспе», «Психологиядағы зерттеулік проектілер», биопсихологиядан семинарлар, психологияның эксперттерді жоспарлау әдістердің алға басу курсы, жеке адам (әлеуметтік және ұйымдастырушылық психологияны дамыту), олар оқудың 1 жылдарында оқылады:

- элективті оқу курсы, мамандандыру саласынан бөлек (4 курс, оның 2-ін басқа факультетте тыңдауға болады);
- зерттеулік жұмыстар және диссертация жазу.

Кейде студенттерден сұрақ туады: *Неге философия докторы, психология докторы емес?* Себебі оқу системасында көптеген елдерде философия докторы дәрежесі ғылыми мамандықты білдірмейді. Ол квалификацияның дәрежесін көрсетеді. Философия доктор дәрежесі квалификация деңгейін көрсетеді, ол отандық академиялық жүйеде ғылым кандидаты деңгейіне сай. Философия доктор дәрежесі бар психолог мамандар жоғарғы кәсіби квалификацияға ие. Сондықтан оларға үлкен әрқилы жұмыс түрлері беріледі: оқыту, зерттеу жүргізу ғылыми еңбектермен оқулық құралдарды жазу немесе редакциялау, кеңес беру.

Практикалық кәсіби дипломнан кейін психологияның оқытылуы – ол тиянақты кәсіби білім алу, әр сферада практикалық психологтың жұмысы бірнеше жыл аралағында оқытылады. Ол клиникалық аяда жұмыс істеуі қажет. Клиникалық психологтарды даярлау үшін арналған арнайы программалар АҚШ пен

Еуропаның көптеген елдерінде бар. Осы курстарды аяқтағаннан кейін арнайы сертификат беріледі. Ол оған клиникалық психолог ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. АҚШ-та басқа елдерге қарағанда мамандырылған мектептер бар, олар магистрлік немесе докторлық дәрежені практикалық мамандырылған психология береді. Осы бағдарламалар көбінесе психологиялық практикаға бағытталған, қолданбалы маманданған психологиялық білім алуға арналған және де негізгі салада үйрену. Маманданған мектептер психология докторын даярлайды. Психология докторы дәрежесі психологияда жоғарғы практикалық жетістіктер кіргізгені үшін беріледі.

АҚШ-да басқа мемлекеттерге қарағанда психологтар доктор дәрежесін психологияны оқытуда ұлғаймалы жетістіктер алуы мүмкін. Білім беру докторы дәрежесі психологқа оның оқу бағдарламасын құрастырғаны үшін және оларды жақсы енгізгені үшін беріледі.

Қорытындысында мынаны белгілеуге болады: АҚШ-та, Еуропада студенттердің психологиялық білім алудағы жетістіктері күшейіп жатыр, көптеген студенттер психология мамандығын таңдайды.

### **Психологтың даралық және кәсіби сапалықтары** *Психологтың кәсіби сапалары*

Психолог іс-әрекетінің маңызды сапалығы-кәсіби хабардарлық, яғни: кәсіби білім, шеберлік, дағды және қабілет.

Сонымен қатар кәсіби хабардарлықтың сипаттарына мыналарды да жатқызуға болады: кәсіби мүмкіндіктердің диапазоны, кәсіби іс әрекеттің құралдарымен, тәсілдерімен, технологиялармен жоғары дәрежеде жұмыс істеу шеберлігі. Психологтың кәсіби хабардарлығы іс әрекеттің шығармашылық сипатында, жаңашыл жолдарды және инновациялық технологияларды белсенді іздеуде, даралық белсенділікте және кәсіби қарым қатынаста көрінеді. Психолог жан-жақты дайындығы бар маман болу қажет. Сондықтан оның кәсіби эрудициясы тек қана психология білімін ғана емес, сонымен қатар философия, тарих, мәдениеттану, педогогика, экономика, әлеуметтану, саясаттану, құқық, филология, дене шынықтыру,

математика және информатика, қазіргі жаратылыстану ғылымының концепциялары аумағында белгілі бір білімге ие болу қажет.

Кәсіби шеберлік психологтың практикалық іс әрекетіндегі сәтілігін анықтайды, яғни психологтың психологиялық білімдерді өз міндеттерін орындауды нақты әрекетті, тәсілдерді психологиялық техникаларды қолданудағы қабілеттілік.

Кәсіби дағдылар – кәсіби жұмысын тиімді орындауға мүмкіндік беретін тұрақтанған, жеңіл және сенімді орындалатын кәсіби іс- әрекет. Неғұрлым тәжірибе көп болса, соғұрлым маман кәсіби дағдыларға ие болады.

Психологтың сәтті кәсіби іс-әрекетіндегі пән бойынша дайындығының негізгі талаптарын қарастырайық:

Психология аумағында маман міндетті:

1. Психолог кәсіби іс әрекетінің мақсатын, методологиясын және әдістерін түсіну;
2. Психологиялық зерттеудегі құралдармен, ұйымдастыру әдістерімен жұмыс істей алу;
3. Психология пәнінің спецификасын және оның басқа пәндермен байланысын түсіну; психологияның негізгі салаларын білу және өмірдің әр түрлі аумақтарында психологиялық білімдерді қолдану мүмкіндігін білу;
4. Психология ғылымының даму тарихын және өзекті мәселелерін білу;
5. Жануарлар психикасының эволюциялық заңдылықтарын, жануар мен адам психикасының арасындағы сәйкес және сапалық айырмашылықтарды білу; адам психикасының филогенезін және онтогенезін білу;
6. Ми механизмдерінің психикалық процесстерін және қалыптарын білу;
7. Адам іс-әрекетінің табиғатын, адамның өмір іс әрекетіндегі психиканың функцияларын білу;
8. Қалыптасудың заңдылықтарын және оның мотивациялық аймағындағы қызметін білу;
9. Танымдық процестің психологиялық заңдылықтарын білу (түйсіну, қабылдау, ес, қиял, ойлау, сөйлеу );
10. Зейін механизмдерін, эмоционалды құбылыстарын, еріктік регуляцияның процесстерін білу;

11. Жеке адам мен даралық түсінігін жеке адамның құрылымын және оның дамуының қозғаушы күштерін білу;

12. Топтағы қарым қатынастың адамдар арасындағы өзара іс- әрекеттің заңдылықтарын, топаралық қарым қатынас білу;

13. Адамның әр бір психикалық даму деңгейінің заңдылықтарын білу;

14. Білім беру психологиясының негізгі заңдылықтарын білу;

15. Адам іс-әрекетінің қалыптарын психикалық процесстердің нормалық және патологиялық критерияларын және нормаға қайта келудің жолдарын білу;

16. Адам еңбек іс-әрекетіндегі психологиялық мәселелер туралы білу;

17. Психологтың негізгі іс-әрекет түрлерін және негізгі аймақтарын білу;

18. Психологиялық консультация жүргізудің және психодиагностиканың негізін білу;

19. Психологтың коррекциялық және даму жұмысының, психотерапияның негіздерін білу;

20. Психологиялық әдістерді жүргізе алу және психология сабағын бере алу.

Сонымен қатар осы мамандықтың төңірегінде психолог көптеген терең білімдерге және практикалық шеберлікке ие болуы қажет. Мамандықтың негізгі аймағына мыналар жатады: 1. Жалпы психология; 2. Жеке адам психологиясы; 3. Әлеуметтік психология; 4. Саяси психология; 5. Басқару психологиясы; 6. Еңбек және ұйымдық психологиясы; 7. Клиникалық психология; 8. Психофизиология; 9. Арнайы психология; 10. Даму психологиясы және акмеология; 11. Педогогикалық психология; 12. Психологиялық консультация жүргізу; 13. Әлеуметтік жұмыс психологиясы; 14. Заң психологиясы; 15. Спорт психологиясы.

Осы талаптар ең аз дегенде психологиялық іс- әрекетте керек. Жоғары оқу орында «Психология» мамандығын бітірген студент осы талаптарды қанағаттандыру міндетті. Сонымен бірге табысты жұмыс үшін психолог өзінің кәсіби хабардарлықтың деңгейін көтеру, білімді жоғарылататын курстарға, психологияның жеке мәселелеріне маманданған семинарларға қатысу керек. Жұмыс тәжірибесін өзіндік талдау және кәсіби

деңгейдің дамуы психолог іс-әрекетінде жоғары жетістіктерге жетуге көмегін тигізеді.

Ғылыми психология саласында табысты жұмыс үшін сәйкес қабілеттер қажет. К.А. Рамуль бойынша әрбір ғалым мынадай сапалықтарға ие болу қажет: қызығушылық таныту, бір мәселені шешуде көп уақыт бойы жұмыс істеу қабілеттілігі, салыстырмалы түрде ғылыми дарындылықтың жоғары деңгейі, яғни естің дамуы, шығармашылық ойлау, қиял және бақылаушылық. Бірақ оның ойынша «психолог ғалымның арнайы қабілетке ие болуы соншалықты маңызды емес».

Психологтың даралығы мен хабардарлықтың дамуы маман ретінде студенттік шақта басталып, көп жылдар бойы қалыптасады. Н.С. Пряжников және Е.Ю. Пряжникова студенттер мен жұмыс істейтін мамандарды бақылау негізінде шартты түрде келесі психологиялық кәсіби даму кезеңдерін ажыратады (2001).

1. Қуанышты – романтикалық. Психологиямен алғашқы танысу кезінде көрінеді.

2. Өзінді белгілеу. Белгілі бір «экзотикалық әдістемеге» үйрену.

3. Алғашқы көңіл қайтулар және оқуда, жұмыста жаңа мағыналарды іздеу.

4. Танымал техникалармен әдістер арқылы кейбір теоретикалық және практикалық мәселелерді өз бетінше шешу.

5. Басқаша жұмыс істеу қадамдары. Көп жағдайда олар өзіндік көңілсізденумен аяқталады. Осы кезеңде студент шығармашылық жұмыста және импровизациялауда психологиялық теория мен әдістемелік жақсы білім керек екеніне кенетен көз ашылады.

6. Психологияның теоретикалық, әдістемелік негізіне көңіл аудару.

7. Теория және практика, ғылым және өнер қосылатын, жаңарған теоретикалық және әдістемелік базалардың негізінде импровизация және кәсіби шығармашылық.

Н.С. Пряжников және Е.Ю. Пряжниковалардың ескеруінше психологтардың барлығы осындай дамудың толық циклын өтеді, көбісі бір кезеңде қалып қояды, яғни өз кәсіби дамуын жалғастырмайды. Мысалы: психолог бірінші кезеңде тоқтап қалу мүмкін. Бұл жағдайда оған бәрі «күлгін түсте» көрінеді. Аңқау

бола тұра бұл психолог психология ғылымы мен практикасына мүлтіксіз сенеді. Бұндай психологпен клиенттер өздерін жеңіл және сенімді сезінеді. Өзінің болашаққа сенумен, жеңілдігімен басқаларды баурайды. Н.С.Пряжников және Е.Ю.Пряжниковалардың ойларына мұндай психологтарды кінәләуға болмайды, өйткені олар өзінің жұмысында белгілі бір мағынаны тапты және оларға басқа күрделі мағыналарды іздеу керек емес. Мүмкін уақыт өте келе олар өзінің шығармашылық ізденісін жалғастыратын шығар, бірақ жалғастырмауы да мүмкін – бұл, яғни олардың таңдау құқығы.

*Кәсіби даму* – ол психологтың өз ісі,оның кәсіби тағдыры. Оның нормативті критерийлері жоқ.

Психологтың хабардарлығы кәсіби мамандығына қарағанда оның дайындығымен және тәжірибесімен сипатталады. Сондықтан да кәсіби іс-әрекет сапасын бағалайтын пән болып табылады.

Ғылым жұмыстары және педагогика іс-әрекет салаларында психологтың кәсіби мамандығы оқу дәрежесінің жүйесіне байланысты (кандидат және психология ғылымының докторы) және оқу деңгейіне байланысты (доцент, профессор).

Психология саласында кандидат және психология ғылымының докторы дәрежелері ғылыми жұмыскерлердің оқу дәрежелері болып саналады.

*Кандидат ғылымының дәрежесі:* тиісті емтихандарды сәтті тапсырғандарға, кандидаттық диссертацияны диссертациялық кеңесте дайындалып қорғаған психологтарға беріледі.

Психология ғылым кандидатының оқу дәрежесін талап ету диссертациясы ғылымы – мамандандырылған жұмысы болып табылады. Оның ішінде автормен жасалған зерттеулеріне байланысты теориялық тұрғылар өндірілген, олардың сәйкестілігін психология саласындағы жаңа үлкен ғылыми дәрежесі сияқты немесе үлкен ғылыми мәселесін шешумен мамандыруға болады.

*Доцент оқу деңгейі:* психология ғылымының кандидат оқу дәрежесі бар және ғылыми педагогика іс-әрекетінде тиісті мамандықта көрсеткен психологтарға тағайындалады. *Профессор оқу деңгейі:* психология ғылымының докторы оқу дәрежесі бар

және тиісті ғылыми – педагогикалық маманданған психологтарға тағайындалады.

Тәжірибелі психологтың кәсіби мамандығы мамандандырылған санаттармен бағаланады, абыройлы және хабарлы мамандардан тұратын эксперттік комиссиямен тағайындалады. Тәжірибелі психология саласында кәсіби 3,2,1 және жоғары мамандандырылған санаттардан тұрады. Олар психологтың жұмыс тәжірибесіне, тиісті кәсіби білімнің болуына және кәсіби шеберліктің қолдануына байланысты тағайындалады. Тәжірибелі психологтың нормативтік құқықтық дәрежесі осы сұрақты шешуге құдіреті бар министрліктермен тізім қағаздармен анықталады.

Психолог мамандығының жоғары деңгейі ғылыми педагогика және тәжірибелі психология салаларында оның кәсіби іс- әрекетінде кең мүмкіндіктер мен жоғары деңгейлі сыйақымен анықталады.

### Психологтың кәсіби іс-әрекет этикасы

Әрбір кәсіби топтардың іс- әрекетінде өзінің жеке нормалары кәсіби жүріс тұрыстың ережелерінен тұратын кәсіби этика қалыптасады. Былай дәрігерлік және ғылыми этика туралы айтады. Дәрігер іс- әрекетінде этика маңызды екенін көбісі біледі. Көне грек дәрігері, философ Гиппократ дәрігердің этикалық анттарын жасағаны туралы да біледі.

Психологтың кәсіби іс әрекеті – адамның даралығымен, ішкі дүниесімен жұмыс істеу. Ал бұл объект ерекше қағидалардың және этика ережелерінің дұрыс орындалуын қажет етеді. Психологияның кейбір құралдарымен жұмыс істегенде аса сақ болу қажет. Психологтың кәсіби этикасының ең маңызды қағидаларын қарастырайық:

1. кәсіби хабардарлық қағидасы. Психолог өзінің құқықтары мен міндеттерін, мүмкіншіліктері мен шектеулерін білуге тиіс. Өзінің кәсіби мүмкіншіліктерін нақты білу қажет және өзінің кәсіби дайындық деңгейінің шегінде ғана іс-әрекет жасау керек. Психодиагностикалық әдістемені, коррекциондық, дамушы, консультациялық бағдарламаны қолданғанда психолог олардың теориялық негіздерін және жүргізу технологиясын білу қажет.

Хабардарланған психолог біртұтас көмегін ұйымдастыру үшін контакт орната білу қажет, әріптестерімен және сәйкес келетін маман өкілдерімен – психиатрлармен, психотерапевт-дәрігерлермен, психоневрологтармен, нейропсихологтармен бірлескен жұмыс жүргізуі қажет. Маманданған психолог үшін «мен ол сұрақтармен жұмыс істемеймін», басқа маманға барсаңыз жақсы болады, - деген жауап беру оның кәсіби хабардарлық емес екендігінің көрсеткіші болмайды. Тек қана жеткіліксіз турде маманданған психолог шектеусіз жұмыс істейді. Керекті дайындықсыз кез-келген мәселені алады, кез-келген мәселеге жауап береді. Психологтың кәсіби хабардарлық қағидасы тек қана сол мәселе бойынша кәсіби білімі және практикалық әдістемелерді қолдана білу тәжірибесі. Осыған байланысты психолог тапсырыс беретін адамға қойылатын сұрақтардың аумағында өзінің мүмкіншіліктерін және өзінің хабардарлық шегін айта кеткен жөн. Психологиялық міндеттерді орындауда психолог ғылыми мәліметтерді талдауда, практикалық тәжірибеге сүйенеді. Психолог клиентке психологиялық ақпаратты адекватты формада және түсінікті тілде ұсынады.

2. адамға зиян келтірмеу қағидасы. Психолог өз іс-әрекетін ең алдымен тапсырыс беретін адамның қызығушылығымен іске асырады. Бірақ практикалық жұмысқа немесе зерттеуге қатысатын кез- келген адамға зиян келтірмеу қағидасын ұстану қажет. Сондықтан психологияның негізгі этикалық қағидасы – «зиян келтірме». Гиппократпен ұсынылған осы дәрігерлік этика психолог іс-әрекетінде де маңызды. Психологтың іс-әрекет процесстері мен нәтижелері адамның денсаулығына, қалпына, әлеуметтік жағдайына зиян келтірмеу қажет. Психолог қауіпсіз және ең қолайлы әдістемелерді қолдану қажет; алынған нәтижелерді білген адамдар клиентке зиян келтірмес үшін қамқорлық жасау; тапсырыс беретін адамның іс-әрекеті дұрыс емес болса ескерту жөн. Бұл үшін психолог өз ұсыныстарын құрады: сақтауды ұйымдастыру, пайдалану және жариялау, зерттеу қорытындылары тапсырыс беретін адамның тапсырмасының шегінде орындалуы қажет.

Егер клиент «зерттелуші» ауыратын болса, онда зерттеу әдістері немесе психологиялық тәжірибе жұмыстарының қолданылуы тек қана дәрігердің немесе басқа клиенттің

қызығушылығын білдіретін адамдар рұқсатымен жасалынады. Психолог ауыратын адаммен психотерапиялық жұмысты тек қана емдейтін дәрігердің рұқсатымен немесе дәрігерлік психологияда мамандандырылған адамның рұқсатымен жүргізеді.

3. Ғылыми түсіндірменің және объективтіліктің қағидасы. Психолог тек қана валидті және сенімді әдістерді қолдана алады. Әдістеме ұқсас мақсаттар мен зерттеу жүргізілетін шарттарға, жасқа, жынысқа, білімге, зерттелушінің қалпына байланысты жүргізілуі қажет. Әдістемелер стандартты, қалыптасқан, сенімді, валидтті, бейімделген болу қажет. Психолог ғылыми анықталған әдістерді қолдану қажет. Жұмыстың нәтижесі психологтың өзіндік сапасына тәуелді болмауы және алынған нәтижелер ғылыми негізделген болу керек.

Психолог объективті позицияны ұстау қажет, үшінші тұлғалардың талаптары мен субъективтік ойларына тәуелсіз болу қажет. Зерттелушінің әлеуметтік мәртебесінің, субъективті уайымдарының негізінде психологиялық жұмысты орындау мен нәтижелерді шығару болмайды. Психолог кәсіби өмірі мен өзінің жеке өмірі арасына шек қою қажет. Ол өзінің жеке бас мәселелерін кәсіби іс-әрекетке аудармауы керек. Психолог пен клиент арасында тығыз қарым- қатынас болмауы қажет.

4. Клиентті сыйлау қағидасы. Психолог клиенттің қадір-қасиетін сыйлау және шынайы қарым-қатынасты білдіру керек. Зерттеу жүргізу кезінде міндетті түрде оның мақсатын айту керек, зерттеушіні алынатын ақпаратты қалай қолданатынын уақытында ескерту керек. Практикалық психолог пен клиенттің арасындағы қарым-қатынастың тиімді стилі тең дәрежеде әрекеттесу. Клиент психологпен серіктес сезімінде болу қажет. Практикалық психологтың ең тараған қатесі – қорғаушы және қамқоршы позициясы. Бұл жағдайда психолог клиентке әсер етіп өз критерилерін ұстануға мәжбүрлейді «дұрыс және дұрыс емес» деген не? Осының барлығы психологтың, адамның іс-әрекетін жақсы немесе жаман баға беруіне әкеліп соқтырады. Ол кәсіби еместігінің көрінісі.

Практикалық психологқа клиенттің іс-әрекетін бағалаудағы ойларын айтудан, кеңес айтудан бас тарту қажет, өйткені ол жағдайда психолог және адам үшін, оның тағдыры үшін жауапкершілікті өзіне алады. Адам даму үшін ол өзінің

қабылдаған шешімдеріне жауапты болу керек. Маманданбаған психолог клиенттің іс-әрекетіне шаблонды бағалауды және клиенттің жағдайны стереотипті стиль реакциясын көрсетеді. Оқу ағарту жұмысында, дәріс оқу кезінде семинарларда психолог аса басымдылық сезімін, директивті жүріс-тұрысын көрсетуі міндет. Психологтың көмегі кепілді сипатта және максималды сыйлы болу қажет.

Психолог клиентпен конфронтациялық қарым-қатынастан бас тарту керек.

Мысалы: психологтың кәсібилігі педагогикалық процессте оқушыны және оқытушыны бір-біріне қарсы қоймауда көрінеді. Кейбір психологтардың жұмыс тәжірибесі кейде осындай тенденцияда көрінеді. Бірақ психолог оқытушы және оқушы арасына тұрмауы қажет. Психолог іс-әрекетіндегі ең өнімді іс-әрекет формасы мұғалімнің оқушы мәселесімен танысуы.

5. Кәсіби құпиялылықты ұстау қағидасы. Психолог психодиагностикалық әдістемелердің құпиясын сақтау қажет. Зерттеудің материалдарының саналы немесе кездейсоқ тарауын болдырмау. Сонымен бірге алынған ақпараттың есебін жүргізу, үшінші тұлғаның осы материалды табу жолын шектеу, алынған мәліметтерді дұрыс қолдану.

Зерттеу материалдарының құпиялылығының сенімді кепілі үшін кодтік жүйе қолдану пайдалы яғни, барлық хаттамалардан бастап есеп берулерге дейін, зерттелушілердің аттары, жөндері, орнына цифрлардан және әріптерден тұратын код жазылады. Психолог білетін аты, жөні, тегі және сәйкес коды көрсетілетін құжат бір данада тапсырылады, эксперименттік материалдардан бөлек сақталынады және жұмыс шарты бойынша тек қана тапсырыс берген адамға ғана материал беріледі.

Психолог алдын-ала тапсырыс беретін адаммен материалдарды білу құқығы бар адамдардың тізімін сақтау шартын және орнын, оларды қолдану мақсаты туралы келісім жүргізу керек.

Тапсырыс беретін адамдардың, клиенттердің және пайдаланушылардың психологиялық ақпаратты берудегі нақты шекті белгілеу. Зерттеу процессіндегі алынған мәліметтердің беру мақсаттылығын анықтау – сенімді қарым-қатынастың кезінде алынған мәліметтер оның рұқсатынсыз кез-келген қоғамдық,

мемлекеттік ұйымдарға және тұлғаларға берілмеуі тиіс. Сонымен бірге психологиялық зерттеуде алынған құпия мәліметтер басылымдарда, дәрістерде ашық түрде кездеспеуі керек. Кейбір жағдайда ұйым немесе зерттелудің пайдасы үшін психологиялық зерттеулердің нәтижелері ресми адамдарға берілуі мүмкін. Мұндай жағдайда зерттелушіге ол туралы айтылуы керек. Сонымен қатар психолог ұйым және жеке адам үшін зерттеудің тек нақты керек ақпаратын беру керек. Бірақ психолог осы ақпарат – гуманды мақсатта қолданылатынына сенімді болу қажет.

Кәсіби психологтардың кәсіби құпиясын сақтау міндетті, яғни, зерттелуші ол құпияны айтуға рұқсат етсе де сақтау қажеттілігі жоғалтпауы тиіс. Бірақ, осы жағдайда да психолог ол зиян келтіре алса, мүмкіндігінше таратпауға тырысу керек. Зиянның мөлшерін білу психологтың кәсіби борышы.

Зерттелуші туралы мәлімет ашық талқыланбауы керек. Жалпыланған түрде зерттеулер барлық зерттелушілерге айтылуы мүмкін.

Сонымен бірге кәсіби психолог жұмысындағы жеке тапсырмалардың төңірегінде ерекше мәселелер де кездеседі. Сондықтан, психологиялық зерттеуде, психодиагностика, психологиялық кеңес жүргізуде маңызды болатын спецификалық этикалық қағидаларды қарастыру керек. Осы мәселелерге негізінен белгілі оқу курстарда назар аударылады.

Психологиялық зерттеудің этикалық жағы мен практика арасындағы маңыздылығын ескере отырып соңғы жылдарда көптеген елдердің психологтары кәсіби психологиялық іс-әрекеттің этикалық ережелерін жасап жатыр. 1981 жылы Американдық психологиялық ассоциация ресми түрде «психологтардың этикалық стандарттарын қабылдады». Кодекс 1985 жылы Британдық психологиялық қоғам психологтарға арнайы жүріс-тұрыс кодексін қабылдады. Зерттеушілік және практикалық іс-әрекеттің этикалық қамтамасыз етудің сұрақтары басқа да еуропалық елдерде өндіріледі. Біздің елімізде де психологтардың кәсіби этикалық мәселелері талқыланады және олардың іс-әрекетіндегі этикалық жағын көрсететін құжаттар жасалынады.

Психолог іс-әрекетінде кәсіби және өзіндік ерекшеліктер көп жағдайда бір-бірімен тығыз байланысты. Жеке адам жағынан біреу, кәсіби іс-әрекетте басқа адам болу қиынға соғады. Сондықтан, да даралық сапалар психологтардың кәсіби табыстылығының негізін құрайды.

Бір студент айтқандай, шынайы кәсіби психологтарда кәсіп пен өмір әрқашан үйлесімділікте болады.

Студент-психологтың кәсіби қалыптасуында көңіл қайту дағдарыстары болуы мүмкін (Пряжников, Пряжникова, 2001). Бірақ, ең ауыр көңілсіздену өзіндік көңілсіздену, кәсіп тандаудың дұрыстылығына сенімсіз қарау, одан жақсы психолог маманы шығатынына сенбеу. Құндылықтардың қайта бағалануы ауыр өтеді. Жас мамандар әлемге деген тұрақты көзқарасын, өз кәсібіне, ең бастысы өзіне, өзінің әлемдегі алатын орнына, көзқарасын өзгерту қарсылық көрсетеді. Осыдан қорғанудың құралы қоршаған өмірден, кәсіптен, өзінің оқу орнынан көңіл қалу болып табылады.

Н.С. Пряжников пен Е.Ю. Пряжникова «қорғану-көңілсізденудің» келесі түрлерін ажыратады:

1) Сүйікті болған оқытушылардан көңіл қалу (белгілі бір кезеңде басқа адамдар сияқты мұғалімдердің де кемшіліктері болатынына студенттің көзі жетті). Бірақ оқудың алғашқы курстарында студент үшін оқытушы үлгі және еліктеудің мысалы.

2) Оқитын пәннен көңіл қалу (Психологияның жеке пәндерінде немесе барлық психологияда). Студент бұрын әйгілі кітаптарда, теледидар бағдарламаларда танысқан психология шынында көңілсіз және қызықсыз екенін түсінеді.

3) Оқитын оқу орнынан көңіл қалу. Студент басқа орындарда оқытушылар жақсы (қызықты), кітапханалар, қоғамдық жұмыстар қызықтау, спорт жарыстары қызық өтетіні туралы біледі. өз тарапынан студент мүмкін дұрыс айтатын шығар, бірақ біз жоқ жерде бәрі жақсы. Ал студенттің шығармашылық позициясы әр түрлі қызықты мейрам кештерін және тағы басқаларын ұйымдастыруды көрінуі мүмкін.

4) Болашақ жұмыс перспективасынан көңіл қалу. Студент «жақсы» және «пайдалы» жұмысқа тұратынына сенбейді. Оған

жалақының аздығына қанағаттану керек болады, өйткені қазіргі нарықтық экономикада психологтың жалақысы өте төмен.

Сөз жоқ басқа кәсіби іс-әрекетте көп ақша табуға болады. Бірақ психолог өз өмірін негізгі құндылықтарына назар аударуы керек. Психолог үшін жоғары жалқыдан гөрі, шығармашылық іс-әрекеттің процесі маңызды болуы мүмкін.

Қандай даралық сапалықтар адамдарда психологиямен шұғылдануға итермелейді? В.М. Бехтерев айтады: «Психологтар-психикамен, неврологтар – нервтермен». Мысалы: көз көрмейтіндер көзбен, әлеуметтік психопаттар – жүріс-тұрыстың регуляциясымен, некеде бірнеше рет болған адамдар неке және жанұя психологиясын, ал жолы болмаған ақындар шығармашылық психологияны оқиды. Бір жағынан оған мысалдар бар сияқты. Ч. Дальтон түстерді көре алмау құбылысын ашты (дальтонизм). Оның өзінде осы кемістік болған. З. Фрейд жақын адамдардың еске алуынша сексуальды невротик болған. Бір жағынан қабілет мәселесімен айналысқан Ф. Гальтон данышпан болған, ал Пиаженің өзінің зерделік деңгейі өте жоғары болған. В.Н. Дружинин бойынша белгілі бір психология саласын таңдау белгілі психикалық сапалықтың «көп болуына» немесе «жетіспеушілігіне» байланысты болады. А. Адлер көрсеткендей жетіспеушілік комплексі адам шығармашылығының көптеген аймақтарында белсенділіктің қайнар көзі болып табылады.

В.Н. Дружинин бойынша басқа адамдарға ұқсамаушылықты, әлемге деген рухани бейімделмеушілікті, дисгармонияны жеңу үшін адамдар психологияны оқиды. (Дружинин 2001).

Басқа адамның өмірі психолог үшін жұмбақ. Ол өзінің ішкі жан дүниесін басқа адамға таңбайды, қарапайым тәжірибеге сүйенбейді, керісінше басқа адамның психикасын жұмбақ ретінде көру арқасында оны шешуге талпынады.

Р. Кеттел әріптестерімен бірге психолог зерттеушілерді психолог-практиктардан ажыратып даралық сапалықтардың зерттеулерін жүргізді. Кәсіби портреттерді құрастыруға мүмкіндік беретін 16 факторлы сұрақнама көмегімен кәсіби іс-әрекеттің тиімділігі даралық сипаттан тәуелділігі зерттелді. Ол тәуелділік келесі формуладағыдай:

*Психолог-практик үшін:*

$$\text{ЭФФ} = 0.72A + 0.29B + 0.29H + 0.29N$$

*Психолог-зерттеуші үшін:*

$$\text{ЭФФ} = 0.31A + 0.78B + 0.42N$$

Бұнда А – «қарым-қатынасқа дайындық»,

Н – «қарым-қатынасты ұстай білу шеберлігі»,

В – «жалпы интеллектуалдық»,

Н – «басқа адамдармен қарым-қатынастың жетіспеушілігі» (Дружинин 2001).

Психолог-практик адаммен қарым-қатынассыз өмір сүре алмайды, адамдардан жалықпайды, керісінше олар қарым-қатынастан ешқашан шаршамайды. Оның кәсіби іс-әрекетінің табыстылығы үшін бұл маңызды фактор.

Психолог-зерттеушілер интенсивті қарым-қатынасты жек көреді, және осы факторлар кәсіби іс-әрекетте аз әсер етеді. Бірақ, бұл «жалпы интеллектуалдылық» өте маңызды фактор болып табылады.

Осыған орай ғылыми зерттеулер мен практикалық психологиялық жұмыста психолог іс-әрекет түрлерінде даралық сапалықтардың сәйкестіліктері мен айырмашылықтары бар екенін көруге болады.

Олардың әрбіреуі психолог даралығына көптеген спецификалық талаптарды қояды.

К.А. Рамуль бойынша кез-келген ғалымға, психологқа төмендегідей жеке тұлғаның мінездемесі керек:

1) Жұмысқа және оның міндеттеріне қатысты энтузиазм.

2) Ынта – көп уақыт бойы жұмыс істеу қабілеттілігі.

3) Тәртіптілік.

4) Сынға және өзіндік сыни көзқарасқа қабілеті.

5) Құмарланбаушылық.

6) Адамдармен тіл табыса білуі (Рамуль 1965)

Рамуль бойынша аталған сапалар барлық ғалымдарға қажет. Ал, әр түрлі мамандықтардың саласында ғылыми дарындылық және арнайы қабілеттер болу мүмкін: математикте – математикалық, тілмашта – лингвистикалық және т.б. Психолог туралы сөз қозғасақ, оған ешбір арнайы қабілеттер керек емес.

Т.А. Верняева өткізген және эмпирикалық зерттеулердің әдеби анализі көрсеткендей психолог зерттеушіге кез-келген фундаменталды ғылымның ғалымына керек жеке тұлғаның жалпы

қасиеттері керек. Специфика тек коммуникативті сапалықтардың айқын көрінуінде тұрады.

Практикалық психология психологтан өте көп кәсіби спецификалық сапалықтарды талап етеді. Н.А. Аминова, М.В. Молоконова бойынша практикалық бағдары бар психолог манандай мінездемеге ие: қарым-қатынасқа даярлықтың айқындығы, контакт ұстай білу, стресске қарсы тура алу; аз жүріс-тұрысты бақылай білу; яғни, қарым-қатынаста эмоционалды жағынан өзін-өзі ұстай білу; аттракция (сүйкімділік); эмпатия; шешім қабылдаудағы көмек (Аминов, Молоконов 1992). Верняваның мәліметтері бойынша практикалық психологтың кәсіби маңызды даралық сапалықтарына: мейірімділік, жауапкершілік, оптимизм, ұйымдастырушылық; шыдамдылық, альтуризм, сыпайылық, объективтілік, интелектілік, жүріс-тұрыс икемділігі, жалпы және әлеуметтік интеллекттің жоғары деңгейі, рефлексия, тыңдай алу, креативтілік, қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын пайдалана алу, ашықтық, стресске төзімділік және т.б. Дружининнің көзқарасымен психолог-практик зерттеушіге қарағанда әлеуметтік ортаға жақсы бейімделетін тұлға болып табылады. Ол адамдармен сәтті азара әрекеттесуге және адамдарды жақсы жаққа өзгертуге болатынына сенеді. Олардың мәселелерін түсінеді. Ларашфуктоның жазуынша: адам қаншалықты ақылды болса, соншалықты ол адамдар арасындағы айырмашылықтарды көре алады, ақылсыз адамға – барлық адамдар бірдей көрінеді.

«Жоғары интелектсіз табысты психолог жоқ» - деп қорытындылайды В.Н. Дружинин. Егер адам оның субъективті әлемі мен объективті әлемі ажыратылатындығы туралы білсе, егер абсолютті түрде барлық адамдар бір-біріне сәйкес келмейтіндігін білсе, онда оның психолог болуына мүмкіншілік бар.

Практикалық психолог үшін адамдарды түсіну шеберлігі және психологиялық корректі түрде оларға әсер ете алу сияқты жеке тұлғаның коммуникативті сапалықтары маңызды. Психолог адамдармен жұмыс істей білу қажет, мінездерді ажырату қажет, тек қана психологиялық білімдерімен ғана емес, сонымен бірге психологиялық интуицияға ие болу қажет. Кәсіби іс-әрекетте психологтың маңызды коммуникативтік сапалықтары: сүйкімділік, сыпайылық, тыңдай білу, адамдарды түсіну. Негізінде

осы сапалықтардың комплексін «қарым-қатынасдарындылығы» жеке адамның сапалықтарының 5 блогынан тұрады:

1) Объектіні толық және дұрыс қабылдау қабілеттілігі, бақылаушылық, жағдайда тез шешім табу.

2) Объектінің ішкі ерекшеліктерін түсіну қабілеттілігі, психологиялық интуиция.

3) Эмпатияға, көңіл білдіруге, жақсылыққа, сыпайылыққа, көмекке қабілеттілік.

4) Өзіндік талдауға, өзінің жеке тұлғасына, басқалардың даралығына қызығушылық қабілеттілігі.

5) Өзін және қарым-қатынас процессін бақылай білу, зейінді болу, тыңдай білу, контакт орната білу, сенім туғыза білу. (Бачманова, Стафурина 1985). Өмірге және іс-әрекетке деген қатынас жауапкершілікте ұйымдастырушылықта, оптимизмде, ашықтықта, бақылаушылықта, өзіндік ойлауда, креативтілікте, жүріс-тұрыс икемділігінде, өз уайымдарының рефлексиясында және кәсіби іс-әрекетте көрінеді.

Психолог үшін даралық белгілі эмоционалды қасиеттері, соның ішінде табиғилық, қарым-қатынаста ашықтық, стресске тұрақтылық, эмоционалды тұрақтылық маңызды. Практикалық психологтың керекті даралығына: эмпатияға қабілеттілігі, клиенттің жағдайын түсіне білуі жатады. Бірақ, белгілі бір ара қашықтықты ұстану да маңызды. Осы психогигиеналық ережені ұстамаса психолог коммуникативті ауыртпалыққа тап болады.

Маңызды еріктік сапалықтарға: шыдамдылық, өзін ұстай алу, сенімділік жатады.

Психолог өз даралығының индивидуалды ерекшеліктерін, қабілеттерін, мінездің күшті және әлсіз жақтарын білуі тиіс.

Кәсіби іс-әрекетте психолог барлық жағдайда табысты бола алмайды, сонымен қатар, өкінішке орай барлық әдістер мен тәсілдерді тең жағдайда қолдана алмайды. Іс-әрекеттің барлық түрлеріне қызығушылық туа бермейді. Сондықтан психолог өзінің даралық ерекшеліктерін есепке ала отырып кәсіби іс-әрекеттің индивидуалды стилін қалыптастыру міндетті.

## Психолог маманның этикалық принциптері

Психолог-кеңесшімен қарым-қатынас жасау адам үшін үлкен мағынаға ие. Психологтың жеке тұлғаға әсер етуі, оны ары қарай дамытуы немесе мүлдем жойып тастауы, оның іс-әрекетіндегі этикалық принциптердің сақталуы, сақталмауына байланысты. Психолог-тәжірибеші өз жұмысында *этикалық проблемалар* мен бой ұсынуларға соқтығысады. Көбінесе кездесетіндері мыналар:

1. *Билікке бой ұсыну*. Психологтың адамдарды өзіне тәуелді ету мүмкіншіліктері көп екені айқын. Адамның қимылы мен іс-әрекеті біреу үшін өзіндік мақсат болғаны дұрыс емес.

2. *Психологтың жауапкершілік проблемасы*. Басқа жай "маман емес" адамдарға қарағанда, психолог бар жауапкершілікті өзіне алмау керек. Оның мақсаты күрделірек-кеңес алып жүрген клиенттердің жауапкершілік сезімін ашып, бірте-бірте қалыптастыру. Кеңесші тек көмек ұйымдастыру үшін ғана жауап береді, шешімді қабылдау өзін-өзі билей алу субъектісі ретінде клиентке тиесілі.

3. *Жұмыс әсемдігіне бой ұсыну*. Өзінің мамандығын көпшілікке көмектесу емес, жеке сапалары мен қасиеттерін жәрмеңке ету. Бір жағынан клиентке ешқандай жағымды әсер етпеу де дұрыс емес. Ең бастысы кеңесті бір актерден тұратын театрға айналдырмау.

4. *Жүргізілетін кеңес үшін "сый-сияпат" алу проблемасы*. Бұл көбінесе психиатрия және психотерапия аумағындағы эксперименттерді еске түсіреді. Клиент әжептеуір ақша төлеп барып қана, өзімен жүргізілетін жұмысқа жауапкершілікпен қарайды. Осы туралы Э. Шостром өзінің "АнтиКарнеги немесе Человек - манипулятор" деген танымал кітабында былай деп жазған: "Бизнеске жеке тұлға тұлға емес, ол ақша істейтін машина. Психолог бизнесменге айналғанда, өз клиентіне зат ретінде қарайды. Бірақ, Э. Шостромның мойындауы бойынша, жанұясын асырау керек болғандықтан, ол клиенттерінен ақы алуға мәжбүр. Өзін сәл де болса жұбату үшін ол былай дейді: "Сіздер махаббат пен зейін үшін емес, сіздерге жұмсалған уақыт үшін төлейсіздер, ал ол уақыт менде өте аз". Кәсіпкер де өз тұтынушыларына осындай қарым-қатынаста болатынын айтады.

5. *Жаңа әдістемелік жаңалықтарды зерттеу проблемасы*. Психологтың соңғы жаңа әдістемелермен танысу үшін соған бар уақытын кетіре тұра, олардың бірде-біреуін меңгере алмауы. Сонда да, кеңесшілер соңғы жаңалықтардан бейхабар болмауы керек. Ол үшін белгілі бір мөлшер қажет шығар.

6. *Психологтың мөлшерден тыс экспериментшіл болып кету проблемасы*. Бұл кезде кеңесші ғылыми мақала немесе диссертация жазғысы келеді. Клиенттер өз проблемаларымен бірге зерттеуші психолог үшін әлеуметтік материалға айналып, оларға көмектесу екінші орынға түседі. Әрине, психолог-тәжірибеші ғылыми ізденулерден бас тартпау керек, бірақ кеңес беру бірінші орында болуы қажет.

7. *Үнемі тоқтамай жұмыс істеуге бой ұсыну проблемасы*. Бұл кезде психолог өзінің денсаулығы мен туған-туысқандарының, жақындарының қызығушылықтарын ұмытады. Басқаларға қатты көрінбеу үшін, ол бәріне телефон номерін беріп, үнемі, тіпті мереке күндері де қосымша кездесулер ұйымдастырып отырады. Кейде психолог-тәжірибешінің еңбек психогигиенасын ұстанбауынан, өзі психиатриялық емханаға түсуі де мүмкін. Әлбетте, педагогтың "эмоциялық күйінуін" кейбір авторлар (Дж.Фрейденберг, К.Кондо) мөлшерден тыс мейірімді, жұмсақ болуынан десе, ал басқа авторлар керісінше, авторитаризм мен эмпатиялық деңгейдің тым төмен болуымен байланыстырады.

Танымал психотерапевт А.С. Спиваковская лекцияларында айтқандай, кеңесші клиентінің проблемаларына қатты үңілмеу керек. Егер ол сол проблемадан шығу жолын таппаса, көмекті қажет етіп отырған адам бұрынғы бірқалыпты күйіне келмейді.

8. *Жалпы қабылданған критерийлердің күшіне сенбеуі*. Кеңес көбінесе айнымалы келеді, яғни болашаққа қарайды. Өйткені, кеңесшінің жұмысының сапасын тек біраз уақыт өткенде бағалауға болады. Ғылыми жұмыстар мен диссертацияларда қолданған эффектілік көрсеткіштер де көмектеспейді. Өйткені, олар көбінесе қолдануда күрделі келеді және өзін-өзі билеу аспектілерінің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан да кейбір кеңесшілер нақты критерийлердің болмауымен келісіп, арам ниеттілікпен жұмыс істеп, олардың клиентке көрсеткен көмегі қаншалықты сапалы екенін уақыт көрсетеді деушілер де болады.

Бұл жерде психологтың іскерлік ар-ұяты күрделі проблемаға айналуы мүмкін.

9. *Психологтың клиенттермен жұмыс істеген кезінде "кеш түсіну" проблемасы* туындауы мүмкін. Клиент өзінің өмірінің маңыздылығын білгісі келеді. Егер кеңесші клиентке істеген іс-әрекеттері дұрыс емес немесе қылмысты деп айтса, бұл әрекетімен адамға үлкен зақым келтіруі мүмкін. Мұндай тақырыптағы ашық әңгімелерді кеңесші адамның ақиқатты, шындықты қабылдай алатынына сенімді болғанда ғана жүргізу керек.

10. *"Етіксіз етікішінің проблемасы"*. Өмірде өзін-өзі билей алмайтын, өз орнын таппаған психолог-кеңесші басқа адамның өмірден өз орнын табуға көмектесуге құқылы ма? Бір жағынан қарағанда, жеке тұлғалық және іскерлігіне байланысты өзін-өзі билеу қиыншылықтарын бастан кешірмеген кеңесші басқа адамдарға көмек көрсетуге құқығы бар ма? Мүмкін жауап осылардың арасында шығар. Сонда да кеңесші клиентпен нақты жұмыс жасап отырғаннан кейін өз проблемаларын уақытша қоя тұрып, клиент проблемаларына назар аудару қажет.

11. *Қазіргі кезде елдегі жалтыға бірдей танылған идеалдар мен профессионалдардың жоқ болу проблемасы*. Жасөспірім шаққа мінездеме беретін болсақ, бұл жас кезеңінде балалардың бір адамға ұқсағысы келгенін, сол кісінің жақсы қылықтарын өзінің бойына сіңіргісі келгенін байқауға болады. Егер бұрынғы кезде Қазақстанда өз батырлары мен таланттары болатын болса, қазіргі кезде олардың көбісі жойылып кеткен деуге де болады. Жаңа батырлар немесе "жаңа қазақтар" анекдоттардың ерлері болып, көпшіліктің санасында қылмыскерлер ретінде қаралады. Жай констатацияның өзі, тіпті нақты этикалық проблемалардың болуы психолог-тәжірибешінің көңілін көншітпейді. Олардың өзі де бұл проблемалардың шешілуінің түрлі әдістерін қажет етеді. Кеңесшілердің ішкі белсенділік пен іскерлік сияқты сапалары күрделі сұрақтарға жауап тауып, уникалды жағдаяттардан лайықты шығу жолдарын таба білуі керек.

## Психологтың жұмысындағы негізгі принциптері

Психологтың негізгі принциптерін қарастырайық. Жартысы адамның қоғамда өзін ұстай алу қабілеті болса, қалғаны психологтың мамандығына байланысты іскерлігімен анықталады.

Кеңес жүргізудің дәстүрлі (әдепті) түрлерін қарастырайық. Бұл принциптер психолог-терапевт болсын, тәжірибеші психолог болсын немесе әлеуметтік жұмысшы болсын жалпылау түрде белгіленбеген, бірақ ұмтылыстар жоқ емес.

Ең жалпыланған түрге мына *принциптерді* жатқызуға болады:

1. *Зиян келтірме!* Психологтың жұмысының ұйымдастырылуы, оның процесі, өткізілу барысы немесе қорытындысы өзінің денсаулығына, қалпына немесе әлеуметтік жағдайына нұқсан келтірмеуі керек.

2. *Бағалама!* Өйткені объективті бағалаусыз жұмыс істеу мүмкін емес; не болмаса былай деуге болады: "нашар бағаны іште ұстау керек".

3. *Психологтың бейтарап немесе алаламайтын принципі*. Адам қандай да болмасын субъективтік әсер берсе де, мейлі ол заңды тұлға болсын, мейлі әлеуметтік жағдайы мықты болсын оған көңіл аудармау керек.

4. *Хабардар болу бірлігі принципі*. Сыналушыға үнемі этикалық принциптер мен психологиялық әрекет ережелері туралы ақпарат беріліп отыру керек.

5. *Адамды қандай болса, сол қалпында қабылда*. Бұл принцип ерекше көзқарасты талап етеді. Л.А. Петровская К. Роджерстің айтқанына былай анализ берген: "Жеке сезім гаммалары қандай болса да, оған құқығы болу керек. Психологтың құрметін жоғалтып алады деген ой болмау керек. Ол психологтың мақұлдағанын күтеді".

6. *Кәсіби құпияны сақтау принципі*. Психолог пен көмек сұрап келген адам арасындағы орнаған сенімді қарым-қатынастар нәтижесінде алынған материал немесе ақпарат еш уақытта әдейі немесе абайсызда жария болып жүрмеуі керек. Өйткені бұл психология ғылымының да, психологтың да, сонымен қатар сыналушының абыройына дақ түсіруі мүмкін.

7. Жұмысындағы әріптесіңді, оның мамандық шығармашылығына байланысты және жұмысын істеуде өзіндік тәсіл таңдау құқығын құрметте. Сын немесе пікірталас нақты дәлелді және көрнекті өтуі керек. Клиенттердің көзінше ешқашанда ұжымдас әріптестер қарым-қатынастарын анықтамауы қажет.

8. Жете білушілік принципі. Дайындалмаған мамандарға күрделі психологиялық тәсілдерді берме және өзін де қажетті деңгейде білмейтін тәсілдерді қолданба. Психолог өзі жақсы білетін, хабардар болған психокоррекциялық және де басқа жұмысты атқаруға міндетті жұмыстарды орындауға құқылы.

9. Клиентпен өзара әрекеттіктің белгілі нақты мөлшерін сақта. Өзі туралы ең құпиялы сырларын айтуға рұқсат етпе. Әр адамның еш болмаса, ең асыл құпиялары өз жанында қалуы қажет. Сонымен қатар өзінде белгілі бір шекараны сақта, әйтпесе оның құрметі мен сенімінен айырылып қалуың мүмкін. Сыналушының іс-әрекеті мен қылықтары үшін өзі жауап беру құқығынан айырма.

10. Өз біліміңді жәрмеңке етпе! Біріншіден клиенттің өзінің шешім қабылдауына көмектес. Бұл принципті нақты мына кезде қолдану керек: клиент бір нәрсе айтқысы келсе, тіпті психолог өз сөзін айтып бітпесе де, клиент болмайтын нәрсені айтып отырса да, оған өз ойын айтуына бөгет жасама. Бұл жағдайларда психологтың үндемей - ақ қойғаны дұрыс.

11. Психологиялық процедураларға өз еркімен қатысу.

12. Қолданылатын тәсілдердің қауіпсіздігі туралы принцип. Психолог сыналушының денсаулығына еш зияны жоқ тәсілдерді қолдану керек.

13. Тапсырушының дұрыс емес іс-әрекеттері туралы айту принципі. Психолог сыналушының міндеттемесі туралы құжаттарды тек сол адамның келісімімен ғана тапсырушыға бере алады.

14. Психолог пен тапсырыс берушінің қызметтес болу принципі. Психолог тапсырыс берушіге қазіргі психология ғылымының мүмкіндіктері туралы, өзінің хабардар болуы және өз мүмкіншіліктерінің шегі туралы ақпарат беруі керек.

15. Психолог пен сыналушының іскерлік принципі. Психолог психодиагностикалық әңгіме тәсілдерімен, байқау, психологиялық әсер ету қабілеті жоғары болу керек. Бұл оған бір жағынан,

қойылған мақсатқа тиімді жолмен жетуге, ал екінші жағынан, сыналушының психологпен қарым-қатынасқа түсуден жақсы сезімде болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

16. Психологтың зерттеулерінің негізделген қорытындысы болу принципі. Психолог зерттеу қорытындыларында психологияда қабылданған терминдер мен түсініктерді қолданады.

17. Тәсілдердің немесе әдістердің пара-пар болу принципі. Қолданылып жатқан әдіс - тәсілдер зерттеу мақсатына, біліміне, сыналушының жағдайына, зерттеудің шарттарына пара-пар болуы қажет.

18. Зерттеу қорытындыларының ғылыми болу принципі. Белгілі бір зерттеу қорытындылары сол мамандық пен біліктіліктегі психолог екінші рет қайталап зерттегенде, сол бірінші зерттеу қорытындысы шығу керек.

19. Психологиялық мінез-құлқының салмақтылығы туралы принциптер. Психолог зерттеу қорытындыларын тапсырушыға оған белгілі түсініктер мен терминдерді нақты ұсыныстар түрінде береді. Ол сыналушының немесе тапсырушының жағдайын төмендететіндей мәліметтер бермейді.

20. Мәліметтерді кодтау принципі. Психологиялық тұрғыда барлық материалдарда сыналушының фамилиясы да, аты да, әкесінің аты да көрсетілмей, тек соларға берілген код жазылады.

21. Психологиялық мәліметтердің сақталуын бақылау принципі. Психолог алдын-ала тапсырушымен сыналушының мінездейтін материалға құқығы бар тұлғалардың тізімін, сонымен қатар олардың сақталу шарттары мен орнын пайдалану мақсаты мен жою мерзімін ойластыру керек.

22. Психологиялық тұрғыда мәліметтерді корректі қолдану принципі. Сыналушы туралы психологиялық мәліметтерді ашық түрде талдауға, хабарлауға, жариялауға болмайды.

23. Өзіңді маман әрі адам ретінде құрметте! Жиі мына әдемі сөздер естіледі: "Психолог жұмысының ең басты құралы – оның жеке тұлғасы". Бірақ, тұлға ең жоғары байлық болғандықтан, ол құрал ретінде қолданылмауы керек. Адам және жеке тұлға құрал ретінде белгілі бір мақсатқа жету үшін, мысалы, базарда адам да, жеке тұлға да, достық пен махаббат та тауар

түрінде көрсетіліп, белгілі бір бақуаттылықты немесе байлыққа жету құралы болып саналады.

### *Психологтың этикалық стандарттары*

Жоғарыда айтылған принциптер психологтың жұмысында болғандықтан, бүкіл әлемде этикалық принциптер қабылданады.

#### **1. Жалпы принциптер**

1.1. Психолог іс-әрекеті мынадай гуманитарлық және әлеуметтік мақсаттарға бағытталған. Олар: денсаулық, өмірдің жоғары сапасы, жеке тұлғаның дамуы және т.б. Бұл мақсатқа жету іс-әрекеті тек психологқа емес, басқа да мамандарға тән. Сондықтан психолог олармен қарым-қатынасқа түсіп, қызметтес болып, олардың ой-пікірлері, тәжірибелерімен танысу керек.

1.2. Психология мамандығы ішіндегі барлық мамандықтар әдеп принциптерін ұстанады. Олар: тұлғаны сыйлау, қорғау, жауапкершілік сезімі, клиентке деген ізгілік пен адалдық, мамандықтағы жете білушілік, ғылыми негіздегі мақсатқа жету ниеті.

1.3. Психологтар жеке тұлғаның тәуелсіздігіне, оның физиологиялық және психологиялық дербестігіне қол сұғушылыққа жол бермеу және оған қатыспаулары керек. Психологтың қинау мен азаптауды, қорлаушылықты ұйымдастырып немесе соған қатысуы үлкен қылмыс қана емес, сонымен қатар мамандықтағы әдептілікке ауыр нұқсан келтіруі болып табылады. Олар мейлі зерттеуші, мейлі көмекші немесе сыбайлас ретінде ешқандай азаптаушылық пен қанаушылықта немесе кемсіту іс-әрекеттерінде қатысы болмау керек. Олардың объектісі кім болса да, оған қандай да бір күдік пен кінә тағылса да, қинау арқылы ақпарат алуға құқығы жоқ. Азаттық соғыс немесе революция, террористік акция, басқа да жағдайларда болсын, бұл әрекет ешқашан, еш уақытта ақталынбайды.

1.4. Барлық психологтар өздерінің клиенттерінің діни және моральді сенімдерін құрметтеп, жұмыс барысында соларды қолдана білуі керек.

1.5. Психологтар өздерінің мамандар бірлестіктерінде адамның құқығының бұзушылығы, қанаушылық, қатігездік, кемсіту жағдайлары жайлы ақпарат беріп отыруы керек.

1.6. Психологтар өз мамандығы беріп отырған билікті клиентке қатынасты жағдайда белгілі пайда табу үшін қолданбау керек.

1.7. Психологтар іс-қағаздар жүргізгенде өз концепциялары мен қорытындыларына қатынасты сақ, салмақты болуы керек, оның кемсіту және дискриминациялау мүмкіншілігін қабылдай алу қабілетін ескеріп отыруы керек. Мысалы, бейімделген, бейімделмеген, жақсы - жақсы емес, интеллектті-миында кемістігі барлар.

1.8. Көмек көрсеткенде психологтар пайда болу шарттарына қарай, жасына, топтық және әлеуметтік қажеттіліктеріне, жынысына, дініне, идеологиясына, ұлтына және басқа да айырмашылықтарына қарай бөлу жасамау керек.

1.9. Психологтар өзіне клиенттерді тарту үшін дара иеленушілікті қолданбау керек. Қоғамдық ұйымдарда жұмыс істейтін психологтар бұл қасиетті өзінің практикасын ұлғайту үшін қолданбауы керек.

1.10. Психолог өзінің фамилиясын немесе қолын квалификациясы мен мамандығы жоқ адамдарға, психологиялық әдістерді заңды емес түрде қолданғандарға пайдалануға бермеуге құқығы бар. Психологтар оларға белгілі болған біреудің құқығына қол сұғушылықтар туралы жағдайларды хабарлап отыру керек. Пайдасыз және өтірікке негізделген іс-әрекеттер психолог біліктілігімен бүркемеленбеуі керек.

1.11. Егер де клиенттің көзқарастары мекеменің көзқарастарына қарсы болса, психолог өз функцияларын максималды бейтараптықпен орындауы қажет. Белгілі бір мекемеге клиенттің ұсыныс жасауы, оның қызығушылықтарының туындауы психологтың оған деген құрметі мен зейінінен тұрады. Психолог клиенттің қорғаушысы ретінде мекеме әкімшілігіне қарсы шығуы мүмкін.

## 2. Мамандықтағы хабардарлық пен басқа да мамандар қарым-қатынасы туралы

2.1. Психологтың міндеті мен құқықтары оның мамандық тәуелсіздігі мен ұйымдағы қызмет бабы, жоғары лауазымды мамандар мен әкімшілік автономиясына қатысты принциптерге негізделеді.

2.2. Психологтың мамандық мәртебесі оның қабілеттері мен квалификациясына байланысты базаланады. Психолог мамандандырылған болуы керек, өз саласындағы тәсілдер мен құрал-жабдықтарды қолдана білуі шарт. Өзінің мамандық білімі мен қабілеттерін қазіргі заманға сай деңгейде ұстай білуі, оның жұмысының жартысы болып табылады.

2.3. Психолог қазіргі ғылыми зерттеуден өтпеген, мектепке қатысты әртүрлі пікірлері жоқ тәсілдер мен процедураларды қолданбау керек.

Әлі ғылыми баға алмаған психологиялық тәсілдерді қолданған жағдайда, клиент ол туралы хабардар болмау керек.

2.4. Барлық психологиялық мәліметтер, зерттеу қорытындылары мен емдеу және араласу туралы мәліметтер тек маманданған психологтардың қарамағында болуы керек және оны олар жете білмейтін адамдар арасында жарияламау қажет.

2.5. Егер психологиялық зерттеудің мақсаттары немесе араласуы басқа салалар мамандарымен тығыз байланысты қажет етсе, психологтар өзінің және клиенттің жағдайына жақсы әсер беретіндей жағдай жасауға міндетті.

2.6. Психологиялық тәсілдер араласып кетпеу керек. Олардың қолдануында және қоғамға ұсынылуында, психологияның ғылыми негізіне бөтен тәсілдер араласып кетпеу керек.

2.7. Психологтар керек кезіндегі ғылыми сынаудан бес тартпағаны сол немесе басқа ғылыми әдістерді қолданғаны әріптестері мен басқа мамандық уәкілдерін сөкпей, ғылыми және мамандық хабардар мектептер мен ағымдарға құрметпен қарау керек.

2.8. Психологтың жұмысы психологияға іс-әрекеті жағынан жақын салалардың мамандарына деген құрмет білдіруімен жетілдіріледі.

## 3. Қол сұғылу немесе араласу туралы

3.1. Психологтар өз көмегінің пайдаланылуы тұлғалардың қызығушылықтарына, топтарға, ұжымдар мен қоғамдық топтарға зиян келтіретін болса, араласудан бас тартуға міндетті.

3.2. Психологтар жеке тұлғаларға, ұйымдарға, топтарға және қоғамдық топтарға қатысты араласудан іске асыруда оларға негізгі шешіліп жатқан проблемалар, қойылған мақсат және қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы ақпарат беруі тиіс.

Кәмелетті жасқа келмеген немесе заңды жақсы білмейтін тұлғалардың ата-аналарына немесе қамқоршыларына хабар беруі керек. Қандай жағдайда болмасын жеке дербес тұлғаларды дара билеушіліктен немесе автономиялы таратудан бас тартуы керек.

3.3. Психолог араласу немесе араласу тәсілдері жеткілікті уақытта қорытындыға келмей, белгілі бір жетістікке жетпесе, оны тоқтатуға міндетті. Соңғы кезекте жеке тұлғаға, топқа, ұйымға және қоғамдық топқа басқа психологтардың немесе басқа саладағы мамандардың араласу әдістерін жалғастыра алатындығы туралы мәлімет беруі керек.

3.4. Араласуды тоқтатқысы келсе, сонымен қатар басқа психологтың немесе басқа маманның кеңесін алғысы келсе, оның бостандығын шектемеу керек. Жеткілікті мәлімет негізінде адамның шешім қабылдай алу қабілетін дамытып отыруы керек. Егер онымен бірге тағы бір маман өзінше осы проблемамен айналысып отырса психолог араласудан бас тартуы мүмкін.

3.5. Ерекше жұмыс орнын талап ету үшін, жоғары жалақы талап ету үшін, психолог оған оның мәртебесі беретін билікті қолданбау керек.

3.6. Өзінің рөлі немесе функциялары қажет емес жұмбақ ситуацияларға психолог өзін тартуға кедергі жасау керек.

3.7. Басқа мамандардың қабылдаған іс-әрекеттеріне араласпау керек.

3.8. Егер психологтың жұмысы жарнама немесе коммерциялық компанияларға қажет болса, ол тұлғалардың қызығушылықтарын қорғау мен тыл мәліметтерді қамтамасыз ету мақсатында қызметтес болуы керек.

3.9. Өздері орындай алмайтын негізделмеген күтулерді орындағанда ерекше сақ болуы керек.

#### 4. Білім және зерттеу жұмыстары туралы

4.1. Барлық психологтар қай салада болса да, ғылымның және жеке психологияның прогреске жетуіне көмектесуі керек. Зерттеулер жасап, өзінің іс-әрекетіне ғылыми тұрғыдан қарап, өз білімдерін студенттер мен басқа мамандарға беруі керек.

4.2. Психолог сыналуды зиян келтіретін зерттеулерден бас тарту керек. Қандай да болмасын зерттеу бағдарламаларының қатысушылары зерттеу жүргізуге өздерінің келісімін беруі керек. Егерде кәмелетке толмаған немесе заңды білмейтін тұлғалардың ата-аналары немесе қамқоршыларына мәлімет бергені дұрыс.

4.3. Егер эксперимент шарттары бойынша сыналудың алдау керек болса, психолог сыналуды ешқандай зиян келмейтіндігіне көз жеткізуі тиіс. Зерттеуді қорытындылағанда алдауды сыналуды міндетті түрде хабарлау керек.

4.4. Психологиялық эксперименттер нормальді ситуацияда, сонымен қатар обсервациялы ситуацияда барлық уақытта жеке тұлғаның қасиеттеріне байланысты құрметпен, оның дінімен, интимді ситуацияға сексуалды іс-әрекеттеріндегі ұялшақтылық пен ақылдылық, сонымен қатар қартайған, ауру, қамалған тұлғаларды зерттегенде құрметпен орындалуы қажет.

4.5. Жануарларға жүргізілетін зерттеулерде зиян, дискомфорт немесе қанаушылық қолданылмау керек. Хирургиялық операция жасағанда жануарларға ауруды сездірмейтін дәрілер беріп, ауру күрделеніп кетпеу үшін керекті шешімдер қабылдауы қажет. Жануарлармен жұмыс жасайтын адамдар олармен араласуда және басқаруда халықаралық стандарттан өтуі қажет.

#### Қорытынды

Сонымен, қорытындыға келер болсақ, Әрбір маман, әрбір психолог өзінің міндеттері мен принциптерін ұмытпай, оларды бұлжытпай орындауы керек. Өйткені психолог маманның міндеті – өзіне келген адамдарға көмектесу.

#### 2.3. Практикалық психологтың кәсіби қызмет үлгісі

Бұл мәселені талдаудың қажеттілігі, біздің ойымызша, ең бірінші практикалық психологтың жұмысы жеке адаммен тікелей байланыстылығында. Әрине, психолог өзі толық құқығы бар жеке адам ретінде алынады. Осыған байланысты практикалық психологтың әлеуметтік мәніне сай көптеген мәселелер туындайды, мысалы, оның жұмысының тиімділігінің көрінісі, мамандығының дәрежесі, айналып келгенде практикалық психологтардың кәсіби дайындығы. Осыған орай, көптеген мәселелер психологтардың барлық елдерде кеңінен таралуы және кәсіби және әдептік кодекстері арқылы шешіледі. Практикалық психологтардың іс-тәжірибесінің мәнін аша білу үшін, оның жұмысының іс-әрекетіне психологтың жұмыс барысында айрықшаланып тұратын, он түрлі негізгі сапасы арқылы сипатталады. Төменде сипатталып отырған практикалық психологтың негізгі кәсіби қызметінің сапасы, біздің ойымызша, оның жеке басының алатын орнын нақты анықтауға және оның кәсіби дайындық барысындағы «Мен – тұжырымдамасын» белгілеуге мүмкіндік береді.

#### 1. Психологиялық көмектің мақсаттары

Ісіне білікті психолог өзіне көңіл аударған адамды оның мақсаттарын анықтап көрсететін мінез – құлқының болуы керек екендігін мейлінше мүмкіндіктерін ашып береді. Өз ісіне білікті психолог өзіне көңіл аударған адамға мақсаты айқын мәдени - өнімділік тұлға болуы, яғни жалпы мәдениет барысында өмірге икемді, алдағы атқаратын істерін толық сезе білетін, өміріне көзқарасы қажетті дәреже танытатын адам деп түсіне алады. Басқа сөзбен айтқанда, өз ісіне білікті психолог психологиялық тұрғыда көмек көрсетуді өзіне көңіл аударған адамның қарым – қатынас жасау барысында атқаратын психологиялық көмек деп қарастырады.

Өз ісіне білікті емес психолог өзіне көңіл аударған адамды тек өзінің жеке мақсаттарына пайдалану мақсатын ғана көздейді. Мысалы, психолог өзіне көңіл аударған адамға өз мамандығын жете меңгерген кәсіп иесі екендігін көрсете алудың орнына

немесе өз ой түйіні арқылы өзіне көңіл аударған адамның түсініктерін түгелдей жоққа шығарып, мән – мағынаның бәрін жойып жібереді.

Өз ісіне білікті емес психолог психологиялық көмек көрсету мақсатын өзінің «Мен – тұжырымдамасы» арқылы құруға тырысады. Басқа сөзбен айтқанда, өзіне көңіл аударған адамның «Мен – тұжырымдамасын» жоққа шығарып, оның құқықты қолдану жүзеге асыруға ықыласты білдірмейді. Өз ісіне білікті емес психолог – бұл өз мақсатын көздейді, өзінің бойындағы ерекшеліктерін іске асыру үшін қолданады. Клиенттің айтқан ойларын ескермей, өз пікірін қолданып, клиенттің қобалжуына, мазасыздануына алып келеді. Сондықтан да «Мен тұжырымдамасын» (клиенттің) жоққа шығаруға мүмкіндік береді.

## **2. Практикалық психологтың өз кәсібіне байланысты көңіл аударуы және мән беріп, жауап қайтаруы**

Өз ісіне білікті психолог вербальді және вербальді емес кең көлемді мәселелер мен жағдайлар барысында өз мінез – құлық ерекшеліктеріне жауап қайтарып, назар аударуды таба білу керек.

Өз ісіне білікті емес психолог мінез – құлықтың әдеттегі барысына сай мән беруге икемді емес.

Өз ісіне білікті психолог жағдайларға байланысты клиенттің әрекеттеріне баға беруге, тек өз пікірін айтуға ұмтылмайды.

Өз ісіне білікті емес психолог үшін клиенттің әрекеті бір қалыпты, жаттанды болып көрінуі мүмкін.

## **3. Практикалық психологтың көзқарасы, тұжырымдамасы (концепциясы)**

Өз ісіне білікті психолог өз зерттеулеріндегі мәселенің және жеке адамға әрекет етудің күрделілігін және оларды бір тұжырымдаманың шеңберінде ғана қарап зерттеудің мүмкін еместігін түсінеді, өйткені жұмыс ол барысында көптеген тұжырымдамаларды түсініп, пайдалануға тырысады.

Өз ісіне білікті емес психологтың анық тұжырымдамасы болмайды, өзінің практикалық қызметіндегі жағдайларға көңіл аударма алмайды, өз жұмысын белгілі бір шеңбердің ішінде

шектейді. Осындай бір сарынды тұжырымдаманың мазмұны оған көп жағдайда түсініксіз болып қала береді.

## **4. Практикалық психологтың мәдениетті түрде жемісті істі атқаруы**

Өз ісіне білікті психолог көптеген ойларды, сөздерді және өзінің мәдениет тұрғысында тәртібінің үлгісін басқа мәдениеттің шеңберіндегі үлгілерімен шығаруға тырысады. Оның жеке басының және мәдениетінің дәрежесі, байқағыштығы мәдени бағытта іс-әрекетті атқара алуының негізі болып табылады. Мұның өзі өзіне көңіл аударған адамның (клиент) тіршілігіне араласа отырып мәселелерді бірлесіп шешуіне жол ашады және де мұның өзі өз ісіне білікті психологқа бұрынғы түсінігінен бөлек өмір жолын табуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, өз ісіне білікті психолог мәдени іс өнімділігін «Мен» деген тұжырымдаманың негізінде емес, өзіне көңіл аударған адаммен өзара қатынасқа байланысты. Жоғары мәдениеттілікті көрсететін практикалық психолог кәсібіне негізделген байланыстарға байланысты жүзеге асырады.

Өз ісіне білікті емес психолог «Мен» деген тұжырымдаманың мазмұны арқылы түсінетін бір шеңбер ішінде ғана іс - әрекет атқаруға шамасы келеді, ол өзінің мәдени өнімді іс-әрекетін жалпы мәдениеттің нормалары, мінез – құлықтың стандарты деп түсінеді.

## **5. Конфиденциалдылық (клиент тарапынан түскен құпияны сақтай алу) қабілеті**

Өз ісіне білікті психолог жұмыстағы құпияны сақтай алуы әр уақытта көрініп тұрады. Ол психологиялық бағдарламаның мазмұнына және өзіне көңіл аударушының маңыздылығына бірден көңіл аударып отырады. Сондай-ақ, психологиялық ақпаратты тапсырушыны, өзіне көңіл аударушыны және психологиялық ақпаратпен пайдаланушыны бір – бірінен нақты ажырата алады.

Өз ісіне білікті психолог кәсіби қызметі барысында барлық қатысушылардың жауапкершілік шегін дұрыс түсінеді және

оларды заң жүзінде бір – бірінен дұрыс ажыратып отыру жауапкершілігін жүзеге асырады.

Өз ісіне білікті емес психолог құпиялылықты сақтай алмайды, психологиялық ақпараттарды таратып жіберуге оларды сақтай алмауға икемділік танытады.

## **6. Практикалық психологтың іс-әрекетіндегі шектеулер**

Өз ісіне білікті психолог өзінің кәсіби қызметіне үнемі көңіл бөліп өз мүмкіндіктері мен мамандық дәрежесін дұрыс бағалай алады. Өз мүмкіндіктерін дұрыс түсініп, соның шеңберінде жұмыс істейді. Өзіне ұқсас әріптестерімен, психиатрлармен, терапевт – дәрігерлермен, психоневрологтармен, нейропсихологтармен және басқалармен бірігіп жұмыс істей алады. Өз ісіне білікті психолог өз жұмысына жеке басының «Мен – тұжырымдамасын» қолданудан аулақ тұрады. Оны тек қана кәсіби бағытта өсудің бір мүмкіндігі ғана деп санайды.

Өз ісіне білікті психолог өзінің кәсіби бағытта өсу мәселесіне өз әріптестерімен кәсіби түрде қарым – қатынас жасаудың қажеттілігі бар деп қарайды.

Өз ісіне білікті психолог өзіне көңіл аударған адамдарға: «Мен бұл мәселелер төңірегінде жұмыс істемеймін», - дегені оның ісін жете білмейтіндігін көрсетпейді, керісінше сыпайылық танытып, бейтаныс істерден шектей отырып, өзі үшін де, өзіне көңіл аударған адам үшін де тәжірибе жүзінде орынды үлгіні көрсетеді.

Өз ісіне білікті емес психолог жауапсыз жұмыс істеп, кез – келген жұмысты қолға алады, іс жүзінде қолданыла алмайтын мәселелерге барады. Басқа өз ісіне білікті кәсіби дәрежесін танытамын деп, өз пікірі бойынша ғана жұмыс істеуді қарастырып, өзінің «Мен – тұжырымдамасын» психологиялық ақпараттың қайнар көзі деп санайды. Оның бұл мәселе төңірегіндегі көзқарасы: «Психолог ретінде менің жасағандарым қалайда, әрі әр кезеңде дұрыс, өйткені, мен солай деп санаймын»- деген сенімді ойда болады.

## **7. Практикалық психологтың жұмысындағы тұлғааралық әсері**

Өз ісіне білікті психолог оның іс - әрекеті өзіне көңіл аударған адамдарға әсер ете алады, және де, керісінше, клиенттің әсері оған да ықпалын тигізетінін түсінеді. Өзіне көңіл аударған адаммен өзара тигізетін әсер деп түсініп, клиенттің өзіне әсерін өз сезіміндей, ойындай және мүмкіндігіндей, ықыласындай ескеріп, айқындайды, әрі түсінуге тырысады. Өзі ісіне білікті психолог мұны өзіне көңіл аударған адамның көңіл – күйін оның қобалжуын қайта сұрай отырып, ашық және жабық сұрақтарды қолдану арқылы жүзеге асырады. Өзіне көңіл аударған адамға мұның бәрінің әсер етуі, бір – біріне өзара әсер ететіндігі маңызды нәрсе, яғни мұның өзі ойларда, сезімдерде, тілектер мен мүмкіндіктерде болатын өзгерістерді көрсетеді.

Өз ісіне білікті емес психолог үшін тұлғааралық және өзара әсер етуде түсінушілік болмайды. Ол өз іс - әрекетінің барысында тек тікелей әсер етудің бейнесін бір жақты ғана байқайды және көреді. Сөйтіп, өз ісіне білікті емес психолог өзінің «Мен – тұжырымдамасын» және оның дәрежесін жоғары қойып, көңіл аударған адаммен есептеспей, өзінің ойын ерекше бөліп көрсетуге тырысады. Ал, өз ісіне білікті психолог өзінің «Мен – тұжырымдамасының» мазмұнын және оның клиентпен өзара әрекетіндегі қосылу дәрежесін бөліп, айрықша атап қарамайды.

## **8. Практикалық психологтың жұмысындағы адамның жетістігі**

Психологтың жұмысында адамның жетістігі өзіндік құндылығымен сипатталады. Өз ісіне білікті психолог үшін өзіне көңіл аударған адамның адамгершілін сыйлау, оның сол адаммен қарым – қатынас жасау барысындағы, оған психологиялық ақпараттар беруде пайдаланудағы аксиома болып табылады. өз ісіне білікті психологтың жұмысының бір көрінісі өзіне көңіл аударған адамға психологиялық ақпаратты жеткізу ең басты нәрсе.

Өз ісіне білікті емес психолог үшін өзіне көңіл аударған адамға сыйластық көрсетпеу оның қызметінің рефлексиясы болып

саналмайды, ол өзінің жұмысы барысында басқа адамдарға деген менмендік көрсетуге, керек болса мазақ ету қатынасына баруы оның кәсіби рефлексиясының пәні болып табылмайды. Ол басқаларға үстінен қарау позициясын көрсетуі өз кәсібін өте жоғары санауына икемді екенін көрсетеді.

Өз ісіне білікті емес психологтар үшін психологиялық ақпараттарды беру мен қабылдау барысында арнайы кәсіби мәселелер болмайды. Ол көп жағдайда жалған пікірлермен немесе арнайы терминдермен араластыра отырып, өзінің мықтылығын айрықша көрсеткендігін байқатады.

## 9. Жалпылама теория

Өз ісіне білікті психологтың жұмысында жалпылама теория маңызды орын алады. Бұл жалпылама ғылыми білім өз жұмысының барысындағы көп көңіл бөліп отыратындықтан, жаңа теориялар мен жаңа қағидаларды үнемі жүзеге асыруды талап етеді. Өз ісіне білікті психолог олардың негізінде психологиялық көмек көрсетудің өзіндік тұжырымдамасын дамытады. Ол бір ғана теорияны ұстағанымен жаңа білімдерді игеруге, ұқсас көзқарастарды қабылдауға икемділік танытып, өзінің практикалық жұмыс барысында жүйелі жолға көшуге тырысады.

Өз ісіне білікті емес психолог бір ғана өзіне танымалы теориямен жүруді көздеп, альтернативтік ойларға көңіл аудармайды, ол басқа көзқарастарға жүйе ретінде талдау жасай алмайды, басқаша айтқанда өз ісіне білікті емес психологтың қортындылаған теориясы өзінің жеке ойының нәтижесі емес.

## 10. Жалпылама теорияларға қатынасы

Өз ісіне білікті психологтың жалпылама теорияға қатынасы – сол теорияны шындықтың көрінісі деп түсінуімен сипатталады. Осыдан оның мәдени және жыныстық тиістілікпен туындайтын ойлау мәнерін дұрыс көріп байқайды және түсінеді. Ол теорияны адамның мәдени және жыныстық тиістілігіне байланысты жетілдіретін және өзгертін ойлаудың тәсілі деп қарастырады. Осыған орай, өз ісіне білікті психологтың қатынасы өз мәнерінде кез – келген теорияны ойлауда адам өмірінің психикалық

шындығын, сондай – ақ мәдени және жыныстық тиістіліктің шындығын бейнелейтін кезеңдерді бөліп қарауға негізделген. Басқа сөзбен айтқанда өз ісіне білікті психолог кез – келген теорияда оның пәні мен тәсілдерін сипатталуы бар екенін түсінеді, егер пән (адамдардың ішкі дүниесі) барлық зерттеушілер үшін біреу болса, онда оны сипаттау тәсілі, талдауы, жалпыламалауы барлық авторлар үшін әр түрлі болып келеді. Ол мұны өз теориясын қортындылағанда көретіндіктен, басқа теориялармен салыстыра алады.

Өз ісіне білікті емес психолог әртүрлі теорияның авторларына қарсы шығып, теорияның заты мен әдістерін жеке көрсете алмайды. Ол үшін өз теориясын басқа авторлардың теориясымен салыстырып қарау мәселесі ескерілмейді. Өз ісіне берік психолог позициясы кәсіби рефлекске құрылады, ал өз ісіне берік емес психологтың позициясы Мен – концепциясына құрылады. Мұны мына төмендегідей формуламен көрсетуге болады.

ПБП (практикалық білікті психолог) = (жалпылама теория; Мен – психолог; «Мен – тұжырымдама»), бұл жерде ПБП өз ісіне білікті психологтың позициясы. Ол жалпылама теорияның рефлексиясына, оның өз кәсібіне қатынасы, Мен – тұжырымдама мазмұнына рефлексиясы дегенді білдіреді.

ПБЕК = (Мен – психолог; Мен – тұжырымдама), бұл жерде өзіне көңіл аударған адаммен қарым – қатынас мәнісі (Мен) практикалық психологтың Мен – тұжырымдамасының мазмұнымен анықталады.

Бұл формулалардың негізінде сипаттау өз ісіне білікті практикалық психологтың күрделілік дәрежесіне қарай оның жұмысын ұшқыштың жұмысына тең келетін күрделі сәт. Мұның өзі тұрақты кәсіби рефлексияның өзіне көңіл аударған адаммен (тұрақты) қарым – қатынас жасаудың қажеттілігі, яғни кәсіби нақты әрекет жасай отырып, пайдалы психологиялық көмек көрсетудің көрінісі деп айтуға болады.

## 2.4. Мектеп психологының іс-әрекетінің негізгі бағыттары

### Бірінші бағыт – мектептегі қолданбалық психодиагностика

*Диагностикалық жұмыс* – мектептегі психологиялық тәжірибенің дәстүрлі негізі болып табылады. Қазіргі күннің өзінде маманның жұмыс уақытының үлкен бөлігін алады. Мектептегі диагностикалық іс-әрекет дәстүрлі диагностикалау жұмысынан ерекшеленеді. Ол аз уақытты қамтып, таңдау мен өңдеуге және де нәтижелері педагогикалық тілге ауыстырылатындай болу керек. Ең басты айырмашылығы оның мақсаты мен міндеттерінде жатыр. Мектептегі психодиагностикалық жұмыстың мақсатына психологиялық қамтамасыз ету процессін ақпараттық түрде бағыттау болып табылады. Психодиагностикалық мәліметтер керек:

- оқушының әлеуметті-психологиялық портретін құрастыруға (мектептегі статусын сипаттау үшін);
- оқуға, қарым-қатынаста және психикалық өзін-өзі сезінуде қиындық көретін балаларға көрсетілетін көмектің жолдары мен формаларын анықтау үшін;
- мектеп оқушыларына лқылары мен қарым-қатынастарына сәйкес келетін, психологиялық қамтамасыз ету құралдары мен формаларын таңдау үшін.

Дегенмен де диагностика және оның мәліметтері өзіндік мақсатқа айналмау керек.

Кейінгі жылдары отандық әдебиеттерде мектептегі психодиагностикалық іс-әрекеттің спецификасын конструктивті және тиімді түрде көрсететін жұмыстар көптеп шығуда. Бұл жұмыстарды талдау мектеп психологының жұмысын төмендегідей ұйымдастырып, құрастыруға мүмкіндік береді.

*Біріншіден* – таңдалған диагностикалық жұмыс және нақтылы әдістер, мектептің психологиялық іс-әрекетінің мақсаттарына сай келу керек (тиімді қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттеріне). Басқаша айтқанда, қолданылатын тәсіл оқушының тиімді оқуы мен дамуы үшін қажетті психологиялық ерекшеліктерді анықтау керек. Диагностикалау барысында оқу

процесі үшін, қандай ерекшеліктер маңызды екендігін қалай білеміз деген сұрақ туындайды. Мұндай жағдайда, оқушының қандай да бір психикалық қасиеттері мен сапаларының мәнділігін анықтауға, баланың психолого-педагогикалық статусы көмек бола алады. Оған жүріс-тұрыстың, оқу іс-әрекетінің, қарым-қатынастың психологиялық сипаттамалары мен оқыту процесі мен әртүрлі жас кезеңдерінің дамуында маңызды болатын оқушының жеке адамдық ерекшеліктері жатады. Мектеп психологының диагностикалық іс-әрекеттегі міндеті ретінде, осы ерекшеліктерді уақытында анықтау жатады. Осы принципті ұстану диагностикалық жұмыстың көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

*Екіншіден* – зерттеу нәтижелері “педагогикалық” тілге оңай ауыстырылуы керек. Басқаша айтқанда, диагностикалық нәтижелеріне сүйене отырып, психолог немесе педагог баланың оқу және жүріс-тұрыстың қиындықтарының себебі туралы қорытынды жасап, білімдерді тиімді менгеру үшін және қарым-қатынасына маңызды шарттар құра білетіндей болу керек. Бұл принципті жүзеге асыру, әдістердің көптігіне байланысты және олардың осы талаптарды қанағаттандырмау себебіне орай, мүмкін болмай отыр. Айтылған принциптерге сүйенетін АДМТ мен оның модификацияларын, Айзенктің жасөспірімдік жеке адамдық сұрақнамасын және кейбір мотивациялық анкеталар мен келтіруге болады.

*Үшіншіден* – қолданылатын әдістердің болжамдығы, яғни солардың негізінде баланың оқудың кейінгі этаптарындағы даму ерекшеліктерін божау мүмкіндігі және де потенциалды қиындықтар мен бұзылыстардың алдын-алуға мүмкіндік береді. Мектеп психологы үшін маңызды сұрақ ретінде диагностикалық мәліметтердің негізінде қалай мәселе тудырмайтындай оқу процесін ұйымдастыруға болады деген сұрақ туады. Бізге мәлім әдістер өзекті психологиялық қалыпты белгілеуге мүмкіндік береді. Ерекше шара ретінде, баланың мектептегі оқытуға дайындығын анықтауға бағытталған әдістерді айтуға болады. Оның ішінде көптеген әдістер баланың бірінші сыныптағы оқуын болжауға мүмкіндік береді.

*Төртіншіден* – әдістің жоғары дамытушы потенциалы, яғни зерттеу процесі барысында және соның негізінде әртүрлі дамытушы

бағдарламаларды құруға мүмкіндік береді. Мысалға, бала тест процесі барысында жоғары ызығушылық, тұрақты зейін және үлкеннің көмегін қабылдайтындығын көрсетсе, оның ақыл-ойының нашар дамығандығы жөніндегі болжамымызды дәлелдеуге өте күшті эффект болып табылады. Бұл мәлімет оның ақыл-ойын иекалалық тұрғыда нақты анықтағанға қатар, әдісті түзетуші-дамытушы жұмысқа модификациялауға болса, өте жақсы нәтиже береді. Мұнда да АДМТ әдісінің жетістіктерін келтірмей кетуге болмайды.

*Бесіншіден* – шараның экономдығы. Өте жақсы тұрғыдағы мектептік әдістеме – бұл индивидуалды, әрі топтық нұсқада қолданылатын, өндеуге оңай және мәліметтерді өндеуінде бір жақты болатын, қысқа, әрі конфункционалды шара. Мәліметтердің бір жақтылығы тек жас ерекшеліктің нормативтермен байланысты болуы мүмкін. Авторлардың өз әдістеріне қоятын жас ерекшеліктің нормативтеріне байланысты, әрқашан екі сұрақ туындайды: мәліметтер қалай алынады және жас ерекшеліктің нормаға алынған мәліметтің сәйкес келмейді, міндетті түрде баланы оқыту мен дамыту барысында әртүрлі психологиялық мәселелерге әкеледі ме? Тек кейбір әдістер ғана бұл сұрақтарға жауап бере алады (Векслер әдісі).

Жоғарыда айтылған мектептің қолданбалық психодиагностикалық мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, диагностикалық іс-әрекеттің жүйесін құрастыруға болады. Ең алдымен, осы жүйенің қарамағында үш негізгі психодиагностикалық сызбаны бөліп көрсетуге болады: диагностикалық минимум, ақыл-ой дамуының паталогиясы мен нормасын алғашқы дифференциациялау және терең психодиагностикалық зерттеу. Әрбір сызба “шешуші” қабілеттілігіне байланысты, белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталады. Дегенмен де бұлар өзара тығыз байланыста бола отырып, белгілі бір жалғастықпен қолданылады.

**Бірінші психодиагностикалық сызба** – диагностикалық минимум. Бұл барлық оқушыларды параллельді тұрғыда психолого-педагогикалық түрде комплексте зерттеуге мүмкіндік береді. Сызба оқушының оқыту мен дамуына тиімді әсер ететін, статусының әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін анықтауға бағдарланады. Схеманы жүзеге асыру мыналарға мүмкіндік береді, біріншіден, оқу, жүріс-тұрыс және мектептегі ортада

психикалық өзін-өзі сезінуде қиындық көретін оқушылар тобын анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, параллельді түрде жүргізуде, оқушылардың танымдық, эмоционалды-еріктік және жеке адамдық өрісінің ерешеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалға, жеке адамдық және мектептік үрейленудің жоғары деңгейі, қандай да бір танымдық процесстер мен әдылсардың әлсіз түрде дамуы (ырықты зейін, маңызды ақыл-ой әректтерінің қалыптасқандығы және т.б.), жүріс-тұрыс пен қарым-қатынастағы әлеуметтік дезадаптацияның белгілері. Сонымен қатар, екіншісіне ақыл-ой қабілеттілігі және ақыл-ой іс-әректінің телекі, оқушының әлеммен өз-өзіне деген қатынас жүйесінің ерекшеліктері және т.б.

Диагностикалық минимум – көптеген ерекшеліктері мен мүмкіндіктері арқылы сипатталатын, мектеп іс-әрекетінің моделі ретінде саналатын негізгі сызбаға жатады.

Ең бастысы, диагностикалық минимум дифференциалды сипатта – ол барлық зерттелген балалар тобын шартты түрде екі топқа – “психологиялық жеткілікті” балалар, яғни өзіндік психикалық және жеке адамдық даму ерекшеліктері бар, оқыту мен жүріс-тұрыста мәселелерге әкелмейтіндей балалар және “оқыту мен дамуда қиындықтары бар” балалар тобына бөлуге мүмкіндік береді. Бұл факт психологтың белгілі бір балаға қатысты кәсіби әрекеттерді жалғастықпен қолдануда маңызды болып саналады. Әрі қарай, бұл диагностикалық сызба белгілі бір параллельдегі барлық оқушыларды қамтуға мүмкіндік береді. Оның уақыты бойынша жүргізілуі, баланың мектеп өмірінің қиын кезеңдерімен байланысты: мектепке оқуға бару (1 сынып), орта буынға көшу (3-5 сынып), өте айқын көрінетін жасөспірімдік кезең (8 сынып), мектеп өмірінен кетуге дайындық уақыты (10-11 сынып). Зерттеу барысында алынған бұл ақпаратты мәнділендіре түседі. Диагностикалық минимумды лангиюдтік зерттеумен байланыстыруға болады: Ол бүкіл мектептегі оқу процесінде белгілі бір статусың сипаттамалары бойынша, оқушының қалпы мен дамуының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Минимумды жүргізу мектептің оқу жоспарының бөлігі ретінде психолог пен мектеп әкімшілігімен бірге жылдың басында жоспарланып, психолог пен мұғалімдердің көмегі арқылы жүргізіліп, мұғалімдер мен ата-аналарды эксперттік сұраудан

тұрады. Балалар мен жасөспірімдерді экспресс-диагностикалық зерттеу тек басқа әдістермен бірге ғана жүргізіледі. Ақпараттың көп бөлігі, мектепке оқуға келген оқушыларды зерттеуде алынады.

Диагностикалық минимум оқыту мен дамуында қиындықтары бар типтегі балаларға қатысты кейінгі екі диагностикалық минимум механизмдерін қосуға мүмкіндік береді.

**Екінші диагностикалық сызба** – оқушының ақыл-ой дамуының паталогиясы мен нормасын алғашық рет дифференциациялау. Мектеп психологы баланың дамуындағы паталогиялық бұзылыстарды және психиатриялық диагнозды қоймайды. Мектеп психологының міндеті баланың қиындықтары клиникалық сипаттағы, оның психикалық бұзылыстары мен байланысты ма деген сұраққа жауап беру. Қалыпты жауап алатын болса, мектеп психологы сұранысты басқа маманға беріп, диспетчерлік қызметті атқарады.

Бұл сызбаны жүзеге асыру кіші мектеп жасындағы және жасөспірімдік шақтағы оқушыларда кездесетін, мүмкін болатын бұзылыстармен жұмыс істеуде, мектеп психологы ата-аналармен мұғалімдерге кеңіс беру және диспетчерлік қызметтерді атқарады.

Өте қысқа түрде қойылған кәсіби міндет, бұл бағыттағы диагностикалық іс-әрекеттің көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Әрине, мұнда мектеп психологы психикалық дамудың шекарасын, ақыл-ой дамуының артта қалуы мен омегофренияны анықтайтын экспресс-әдістермен шектеледі.

**Үшінші диагностикалық сызба** - баланы терең түрде психологиялық зерттеу. Бұл мектеп психологының балалармен мынадай жұмыстар атқаруын білдіреді:

- бала туралы қосымша ақпарат беретін, ішкі психологиялық конфликтісі мен жұмыс істеу;
- баланың танымдық өрісінің ерекшеліктері мен мәселелерімен жұмыс атқару.

Бұл сызба **“психологиялық жеткіліксіз”** топтың балаларымен экспресс-диагностиканың нәтижелері бойынша немесе ата-аналар мен мұғалімдердің сұранысы бойынша жүргізіледі. Мұндай диагностикалық іс-әрекет индивидуалдық сипатта болып, өте күрделі әдістер арқылы жүзеге асырыла отырып, психологтың да, оқушының да көп уақытын алады.

Мұнда жүргізілетін шаралар көп қызметті, әрі қақтығыстың аймағы мен мазмұнын анықтауға осы қақтығыстарды тудыратын ішкі жеке адамдық ерекшеліктерді анықтау мақсатын ұстану керек.

Бұл модельдің сызбасын жүзеге асыру, міндетті түрде балада кездесетін мәселелер туралы болжам құру арқылы көрінеді. Мұндай болжам көптеген жағдайларда диагностикалық минимумның нәтижелері және оқушының өзімен, ата-анасымен не мұғаліммен әңгімелесуден кейін құрылады. Құрылған болжам зерттелетін ерекшеліктерді шектеп, психологтың жұмысын мәнді, мағыналы етеді. Басқаша айтқанда, кез-келген психодиагностикалық, іс-әрекет басқа элементтермен жүйелі түрде жүргізілгенде, оның ішінде түзетіп-дамытушы іс-әрекетпен қатар жүргенде, мағыналы, әрі тиімді, мазмұнды нәтиже береді.

### **Екінші бағыт – оқушылармен психологиялық түзету және дамыту жұмысы**

Мектеп психологының дамытушы іс-әрекеті оқушылардың бірегей психологиялық дамуы үшін, әлеуметтік психологиялық шарттарды құруға бағдарланады. Ал психотүзетуші іс-әрекет, осындай даму процесі барысында оқытуда, жүріс-тұрыста және психикалық өзін-өзі сезінуде кездесетін мәселелерді шешуге бағытталады. Нақтылы жұмыс формасы, психодиагностиканың нәтижелерімен анықталады.

Бірінші жұмыс формасы даму деңгейімен өзекті қалпы күрделі психологиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін оқушылармен жұмыс істеуге бағдарланса, екінші форма дамуда, жүріс-тұрыста, психикалық өзін-өзі сезінуде анықталған психологиялық мәселелермен жұмыс атқаруға бағдарланады.

**Түзету** – дамыту жұмысы мектеп психологының балалармен жасөспірімдер мен жұмыс атқаруындағы негізгі бағыт болып саналады. Диагностика бұл жұмысты жүргізудегі негізгі ұйымдастырушысы болып саналады. Бұл бағыттың негізгі принципі, оның мазмұны мен ұйымдастырылуында жатқан бірегейлілігі.

Басқаша айтқанда түзету-дамыту жұмысының мазмұны бала мен жасөспірімнің тұлғасына бірегей әсерді қамтамасыз ету керек.

Баламен жұмыс істеуде, оның толық тұлғасымен, оның ішінде мотивациялық, эмоционалдық және басқа да өрістерінің көрінісімен бірге жүйелі түрде атқарылу керек.

Мектептегі түзетуші-дамытушы жұмысты құруда, ранаы талаптарды ұстану керек. Ең алдымен бал не жасөспірім бұл жұмыстарға ерікті түрде қатысу керек. Ал, бұл жұмыс бастауыш сынып оқушыларымен және де 5-6 сыныптармен жүргізілетін болса, олардың ата-аналарының келісімін алған дұрыс болады.

Түзетуші-дамытушы жұмыстың мазмұнын жоспарлауда тек қана қажеттілік, құндылық ерекшеліктеріне байланысты жас кезеңдерінің көріністерімен қатар, оқушының әлеуметтік және мәдени ортасының, индивидуалдық ерекшеліктерін ескеру керек. Сонымен қатар, мектепте жүргізілетін түзетуші-дамытушы жұмыстың әдістері мен формаларының бірегейлігі мен жалғастығы туралы ұмытпау керек. Енді мектеп психологының түзетуші және дамытушы іс-әрекетіне толығырақ сипаттама берейік.

*Мектеп тәжірибесіндегі дамытушы жұмыс* дәстүрлі түрде баланың өзіндік сана-сезімі мен психологиялық өмірінің әлеуметтік, эмоционалды жеке адамдық, танымдық өрістеріне бағдарланады. Мұндағы жұмыс дәстүрлі формада жүзеге асырылуы мүмкін.

Мысалға, психологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру. Мұндай жұмыс психолог пен оқушының сабақтан тыс уақытында ұйымдастырылуы мүмкін (тренингтік, дамытушы, оқытушы жұмыстар). Сонымен қатар, мұндай ортаны сабақ үстінде, тәрбиелеу процесінде және сабақтан тыс уақытта, психологиялық дамытушы технологияларды қолдана отырып, құра алады. Сонымен қатар, психологиялық дамытушы орта ретінде, оқытушы психодиагностика, басқаша айтқанда, әртүрлі психодиагностикалық шаралардың мәліметтерін психологпен біріге отырып талдау арқылы жасөспірімдер мен жастық шақтағы оқушылардың өздеріне дамыту мен тануы.

Оқу іс-әрекетінде дамытушы жұмысты психолог жанама түрде жүргізе алады. Ол психолог пен педагогтың біріге отырып, балалардың психикалық әлемдерінің әртүрлі жақтарын ескеретін, оқу процесіне енгізілетін формалар арқылы көрінеді.

*Мектеп тәжірибесіндегі психотүзетушілік жұмыс* жоғарыда айтылғандай әртүрлі психологиялық қиындықтары, мәселелері бар оқушыларды анықтап, сол мәселелерді шешуге бағдарланады. Психолог үлкен топпен жұмыс атқаратындықтан, әрбір баланың мәселесіне байланысты индивидуалдық түзету бағдарламасын құрай алмайды. Ең алдымен бағдарлама жас ерекшеліктерін және осы жаста көптеп кездесетін мәселерді ескере отырып, құрылу керек. Әрине, мектеп психологы баланың барлық мәселелерімен жұмыс істей алмайды. Мектеп психологының біліктілігі мен жұмыс ауырлығын ескере отырып, оның міндетіне дамытушы жұмыс пен мектепке бейімделу мен танымдық өрісінің мәселелерін шешуге бағытталған түзету жұмыстарын ғана атқарады. Ал басқа мәселелерді шешу мүмкіндігі психологтың жеткілікті түрде дамыған кәсіби дағдыларына байланысты.

Психотүзетуші жұмыс топтық және индивидуалдық түрде де жүргізіледі. Мұндағы нақтылы жұмыс формасын таңдау баланың жас ерекшелігіне, мәеленің сипатына байланысты болады. Сонымен қатар, бірегейлік принципін ұстану өте маңызды болып саналады.

### **Үшінші бағыт – оқушыларға олардың ата-аналарына және мұғалімдерге кеңес беру және ағарту**

*Оқушыларға кеңес беру және ағарту.* Ағарту мектеп психологының кәсіби тәжірибелі іс-әрекетінің бір формасы ретінде, маман үшінде, тыңдаушылар үшін де ең қауіпсіз жұмыс болып саналады. Ағарту тыңдаушыларға белсенсіз позицияны ұстандырады, мұндай жағдайда адамда бұрыннан қалыптасқан көзқарастар жаңа біліммен сәйкес келмесе, оның өзгеруіне әкеледі. Қамтамасыз ету міндетін шешу көзқарасы тұрғысынан, пәндік оқыту процесінде тиімсіз болып саналады. Ағарту нәтижесі ретінде оқушыға мектеп өмірінің дәстүрлі өрісінде жетістікпен оқып, дамуға мүмкіндік беретін, оқушылардың психологиялық білімдер мен дағдыларды меңгеруін айтуға болады.

Оқушыларға берілетін білімдер олардың жеке адамдық даму процесіне еніп, ішкі процессінің катализаторы болу үшін, жұмыстың формасына және мазмұнын таңдауға өте ұқыпты түрде

қарау керек. Мазмұнын таңдауда оқушылардың жас ерекшеліктерін, құндылықтарын, даму деңгейін, қандай да бір білімдер мен дағдыларды меңгеруге деген дайындығын ғана емес сонымен қатар шын мәніндегі топтағы бар өзекті мәселені де ескеру керек. Ағарту жұмысы оқушылардың қандай да бір білімдерге деген өзекті сұранысына байланысты ұйымдастыруы мүмкін. Мысалға, мұндай сұраныс жоғарғы сынып оқушыларынан әртүрлі мамандықтарға қойылатын талаптарға байланысты болуы мүмкін. Психолог психологиялық білім ретінде өзекті сұраныстарды пайдаланып қана қоймай, оны қалыптастыруға да тырысу керек.

Мұндай жұмысты ұйымдастырудың негізгі формасына әлеуметтік психологиялық білімдерді жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі мектеп жұмысының белсенді формаларына енгізуді жатқызуға болады (КВН, тақырыптық кештер, т.б.).

Толығырақ айтқанда оқушыларды психологиялық ағарту оқу, қарым-қатынас және жеке адамдық даму процесі барысында оқушылардың әлеуметтік психологиялық білімдерді белсенді түрде пайдалануы үшін, жағымды шарттар құруға бағдарланады. Оның тиімділігі дәл осы уақытты ұсынылатын білімнің жеке оқушыға немесе оқушылар тобына өзекті, әрі мәнді екендігімен және психологтың білімдерді беру формасын таңдағандығымен анықталады.

**Оқушыларға кеңес беру** – жасөспірімдермен жоғары сынып оқушыларына бағдарланған тәжірибелік жұмыстың тағы бір маңызды түрі. Кеңес беру әртүрлі мазмұнды болып, оқушының кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтау мәселерін, қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін қамтуы мүмкін.

Кеңес беру психологтың оқушылармен жүргізетін көп қызметті қамтитын индивидуалды жұмыстарының бір түрі ретінде саналып, мынадай міндеттерді шешеді:

- оқытуда қарым-қатынаста, психикалық өзін-өзі сезінуде қиындық көретін жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларына көмек көрсету;

- тиімді оқу мен даму үшін, жасөспірімдермен жоғары сынып оқушыларына өзін-өзі тану, өзін-өзі талдау дағдыларын, өзінің психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін пайдалана білуге үйрету, оқыту;

- өзекті стресс, қактығыс, эмоционалдык уайым қалпындағы оқушыларға психологиялық көмек және даму беру.

**Мұғалімдерге психологиялық кеңес беру және ағарту.** Психологиялық кеңес беру – психологтың мектептегі тәжірибелі іс-әрекетінің маңызды бағыты. Психологтың мектептегі әрекетінің тиімділігі, оқушыларды қамтамасыз ету міндетін шешуде, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігімен қарым-қатынас орната білуі арқылы көрінеді. Бұл жұмыс, әрине кеңес беруде жүзеге асырылады.

Көптеген жағдайларда психологтың кеңес беруінен мұғалімдер, тәрбиешілер қандай да бір педагогикалық жағдайда өзін қалай ұстап, қалай әрекет етуіне байланысты дайын кеңестер, нақты түсіндірулерді күтеді. Мұндай жағдайда психолог тек мәселені, сұрақты шешуге байланысты шарттар құрады және өзіне барлық жауапкершілікті алмайды.

**Психолог педагогикалық кеңес беру** – бұл мұғалімдердің кәсіби және мектеп өмірімен байланысты мәселелерін шешуге бағытталған, мұғалімдерді біріккен іс-әрекетке ұйымдастыратын әмбебап жұмыс формасы. Ол келесі принциптерге сүйенеді:

- психолог пен педагогтың тең құқықтық өзара әрекет етуі;
- мұғалімнің бойында туындаған мәселені өзі шешуі үшін, бағытты қалыптастыру;
- мәселені шешуге деген жауапкершілікті кеңес беруге қатысушылардың бірдей алуы;
- мұғалім мен психолог арасындағы кәсіби қызметтерді бөлу.

Пән мұғалімдері мен тәрбиешілерге кеңес беру оқыту және тәрбиелік бағдарламаларды психологиялық адекватты түрде құрып, жүзеге асырумен байланысты. Психологиялық адекваттілік ұғымы бағдарламаның психолого-педагогикалық және психолого-физиологиялық талаптарға, оқушылардың жас ерекшеліктеріне мүмкіндіктеріне сәйкес келуін білдіреді.

Жекелеген оқушылар мен оқушылар тобына байланысты оқыту, жүріс-тұрыс және жеке адам аралық қатынас мәселелері бойынша мұғалімдерге кеңес беру, маңызды жұмыстардың бірі ретінде саналады.

Мектеп психологының келесі тәжірибелік іс-әрекетінің бір түрі ретінде, психолог-педагогикалық коксимумды айтуға болады.

Бұл жұмыс түрі оқыту процесінде әрбір оқушыны психолого-педагогикалық қамтамасыз етуге бағытталған бірдей стратегияларды құру және жоспарлау арқылы көрінеді. Консимум барысында баланың оқушы статусына байланысты мұғалімнің, сынып жетекшісінің дәрігердің және психологтың ақпараттары жинақталады. Осының негізінде баланың өзекті қалпы мен мүмкіндіктері және алдыңғы даму динамикасы ескеріле отырып, оның әрі қарайғы оқуы мен дамуының бағыттары анықталады.

Мұғалімдерді психологиялық ағарту мұғалімдердің кәсіби және жеке адамдық мәнді білімдерді алу жұмысын айтамыз. Ең бастысы, мұнда алынған психологиялық білімдер мен дағдылар, мұғалімдерге мынадай ерекшеліктерге мүмкіндік береді:

- мазмұндық және әдістемелік көзқарас тұрғысынан, оқушылардың пәндік оқыту процесін тиімді ұйымдастыру;
- әріптестермен және оқушылармен жағымды өзара қатынас орната білу;
- өзара әрекет барысында мектептің басқа мүшелерімен қызметтегі және қарым-қатынастағы тұлғасын саналы түрде ұғыну.

**Ата-аналарға кеңес беру және ағарту.** Мектеп психологының ата-аналармен атқаратын жұмысының міндеттері өте пікірталасты сұрақ болып саналады.

Біздің ойымызша мектеп психологының ата-аналарға қатысты іс-әрекетінің жалпы мақсаты баланы мектептегі оқуда отбасының сүйемелдеуі үшін, жағымды әлеуметтік психологиялық шарттарды құра білумен анықталады. Ең алдымен бұл туындаған мәселелерді шешу үшін қажет. Сонымен қатар, мақсат ретінде баланың оқуы мен дамуы барысында туындаған мәселелерді шешуіндегі, ата-ананың бойында жауапкершілік бағытын қалыптастыру және біріккен іс-әрекет жағдайын құруды айтуға болады. Мұндайда жанама түрде мектеп психологының отбасындағы жағдайға араласпау принципі де жүзеге асырылады.

Ағарту жұмысына қатысты оның мазмұны, формасы туралы, сұрақ туындайды. Психолог ата-аналарға жүйелі психологиялық білімдерді бермейді, керісінше, кездесулерді пайдалана отырып, оқушының балалық даму динамикасы туралы терең түсіндіре отырып, баланың өзекті мәселелерімен таныстырады. Ол үшін

жиналыстарда қысқа психологиялық әңгімелесулер, арнайы ата-аналық күндер пайдаланылады.

Ата-аналарға берілетін психолог-педагогикалық кеңес беру әртүрлі қызметтерді атқаруы мүмкін. Кеңес беру баланың мектептегі оқытуда кездесетін қиындықтары ата-ана мен баланың тиімді қарым-қатынас ұйымдастыруына бағытталады. Сонымен қатар кеңес беруді психологтың инициативасына байланысты, диагностикадан кейін, бала туралы қосымша ақпарат алу мақсатында жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, отбасындағы күрделі мәселелерді эмоционалды уайымдауында, ата-аналарға кеңес беру мақсатында жүргізіледі.

### **Төртінші бағыт - әлеуметтік-диспетчерлік іс-әрекет**

Әлеуметтік диспетчерлік іс-әрекет оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге, мектеп психологының кәсіби компетенциясы мен қызметтік міндеттеріне кірмейтін әлеуметтік психологиялық көмек алдына бағытталады.

Диспетчерлік қызметті жүзеге асыру үшін, психологта кәсіби қызмет көрсететін әртүрлі әлеуметтік психологиялық қызметтердің мәліметтері туралы ақпараты болуы керек.

*Психолог бұл бағытта іс-әрекет атқаруда мынадай міндеттерді шешеді:*

- туындаған мәселенің сипаты мен оны шешу мүмкіндіктерін анықтау;
- көмек көрсетуге қабілетті маманды іздеу;
- клиентпен қарым-қатынас орната білуге қатысу;
- арнайы құжаттарды дайындай;
- клиент пен маманның өзара әрекетінің нәтижелеріне бақылау жасау;
- маманмен жұмыс істеу процесінде клиентке психологиялық көмек беруді қамтамасыз ету.

Басқаша айтқанда психолог жұмысты басқа маманға бере отырып, баланы оқыту мен дамытудағы өз қатысуының жауапкершілігін алып тастамайды. Оның қызметтері сол қалпында қалады, тек жұмыстың формасы мен мазмұны ғана өзгереді.

## 2.5. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс кезеңдері

1. Мектептегі психологиялық қызметті жүргізуге төмендегі жұмыс кезеңдерін ұсынылады:

1.1 Бірінші кезең – мектеп мұғалімдеріне қажетті психологиялық көмек көрсету – мамыр айы.

1.2 Екінші кезең – МПҚ тің жұмысын жоспарлау – тамыз айы.

1.3 Үшінші кезең – Мектептің алдына қойған мақсатты ескеріп, педагогикалық үрдістерге қатысушылардың қажеттілігін анықтап, жұмыстың негізгі бағыттарын іске асыру – оқу жылының аяғына дейін.

1.4 Төртінші кезең – нәтижелерді қортындылау, жалпыламалау – есептік кезең.

1.5

### 2. Жұмыстың негізгі бағыттары:

2.1 Психологиялық диагностика. Мақсаты – тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

2.2 Психологиялық профилактика. Мақсаты - тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

2.3 Психокоррекция және дамыту. Мақсаты – оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту.

2.4 Психологиялық консультация (кеңес) жүргізу, кәсіби кеңес жүргізу. Мақсаты – педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету.

2.5 Психологиялық білімді көтеру. Мақсаты – педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

### ПСИХОЛОГТЫҢ ЖҰМЫС БӨЛІКТЕРІ:

- оқушылармен жұмысы;
- оқытушылармен жұмысы;
- ата – аналармен жұмысы;
- әкімшілікпен жұмысы.

## КӘСІПТІК ПСИХОГРАММА (психологқа арналған)

№	Тұлғалық ерекшеліктер, кәсіпті білуі
1	Өзгелердің жағдайын түсінуге тырысу, назар аударуы
2	Қарым – қатынасқа бейімділік, жылы шырайлылығы
3	Жетекші болуға қабілеттілігі
4	Әдепті, сыпайылығы
5	Дұрыс ақыл – оймен басқаруы
6	Жарқын жүзділігі
7	Шыдамдылық, төзімділігі
8	Үлкен жауапкершілікті сезуі
9	Әртүрлі жұмыстарды толық орындау қабілеттілігі
10	Еңбек іс - әрекетіне ынтасы
11	Әрекеттегі ұқыптылығы
12	Жаңа идеяларды тез игеруі, пікірдің өз еркінділігі
13	Жұмыс барысындағы ұқыптылығы және реттілігі
14	Өз болашағын жоспарлауға қабілеттілігі
15	Өз ойын еркін айтуға қабілеттілігі
16	Есте сақтауы
17	Өзгелерді оқытуға қабілеттілігі
18	Ауруларға қамқорлық жасай білуі
19	Бейтаныс адамдарға қамқорлық жасай білуі

### ПСИХОЛОГ ҚҰЖАТТАРЫ:

Әртүрлі және әр типтегі білім беру мекемелерде жұмыс істейтін психолог психологиялық, педагогикалық және дәрігерлік - әлеуметтік көмек керек балаларға (орталықтағы) төмендегі форма бойынша жұмыс жүргізуді қолдануға болады:

1. Білім мекемесіндегі психологтың жылдық жұмыс жоспары:

- мақсаты мен міндеттер;
- мектеп ұжымының диагностикасы;
- педагогикалық үрдістерінің диагностикасы мен болжамы;
- оқушылармен, педагогтармен, ата – аналармен, басшылармен түзету жұмысы;

- мектеп ұжымына психопрофилактикалық жұмыс;
  - ұйымдастыру жұмысы, облыстық, аудандық орталықтармен өзара байланыс;
2. Психологтың апталық немесе айлық жұмыс жоспары.
  3. Әр түрлі бағыттағы психологиялық диагностикалық және профилактикалық материалдар жинағы.
  4. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша қортынды шығару.
  5. Психологтың кеңес беру журналы.
  6. Психологтың топпен жұмыс бағдарламасы.
  7. Топтық жұмысты есепке алу журналы.
  8. Түзету жұмысы (егер арнайы топ құрылса).
  9. Түзету – дамыту сабақтарына бағдарлама.
  10. Балаға психологиялық – дәрігерлік - әлеуметтік көмек беру картасы.
  11. Жүргізілетін сабақтардың бағдарламаларының қысқа жоспары.
  12. Психологтың аналитикалық есебі.
  13. Мектеп тақырыбы бойынша тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың бағдарламасы (2-3 жылға).

### 3. Психопрофилактикалық жұмыс

Психопрофилактикалық жұмыс-мектеп психологының іс-әрекетінің өте аз өңделген, түрі бірақ оның мектептегі психологиялық қызмет үшін маңыздылығы өте зор екендігі оқымыстылар әлемінде кеңінен танымал. Психопрофилактика дегеніміз бұл психологтың негізінде оқушылардың психикалық және жеке басының дамуындағы жағымсыз жақтары туралы ескертіп, жалпы дамуға психологиялық жағдай жасау. Бұл жұмыстың негізгі қиыншылығы педагогикалық коллективтің психологиялық жағынан дайындықтарының болмауынан және оның қажеттілігін түсінбеуден туындайды. Психопрофилактикалық жұмыстың қарқынды болуы тікелей психологқа байланысты. Психологтың психопрофилактикалық жұмысының негізгі мазмұны қандай?

1. Әрбір жас кезеңінде жеке бастың психикалық дамуы мен қалыптасуын ескере отырып, мектептегі оқыту және тәрбие

жұмыстарында психологиялық жағдайлардың сақталуын қадағалау. Мысалы: жағымды оқу мотивациясының болмауы, интеллектуалды және оқыту іскерлігі мен дағдыларының жеткіліксіз дамуы, таным белсенділігінің дамымауы т. б.

Бұндай қолайсыз құбылыстарды болдырмаудың негізгі жолы, мектепте оқытудың алғашқы күндерінен бастап белгілі бір психологиялық жағдайларды қатаң сақтау.

2. Психикалық жағдайдың тағы бір түрі – мектептегі жағымды климатты сақтау.

Психолог педагог пен оқушы, ата-аналар мен балалардың, оқушылардың өзара қарымқатынасын жақсартудың негізгі формаларының дамуына өз себебін тигізуі қажет. Үлкендермен үнемі сенімді қарымқатынаста болу, әлеуметтік әрекетті тұрақты қалыптастыру және оған жоғары психологиялық дайындықтың маңызды алғышарттары болып табылады.

3. Психолог өз жұмысында өзінің зейінін оқушылардың келесі жас сатысына өтуіне байланысты болатын кейбір қиындықтарға аударып, оны ескертуі қажет. Өтпелі жас кезеңдері – жас дамуындағы жауапты этап. БАЛА жаңа кезеңге өту алдында, оның өткен кезеңдеріндегі негізгі психологиялық жетістіктері қалыптасқан болуы шарт. Мысалы: психолог баланың мектепке келуіне, оның іс-әрекетінің негізгі түрлерінің ауысуына бақылау жасайды.

Психопрофилактикалық жұмыстың негізгі әдістерінің бірі болып психолого-педагогикалық консилиум табылады. Педагогикалық консилиумдағы психологтың негізгі міндеті мұғалімдерге оқушының интеллектуалды дамуын бағалауда жан-жақты көмектесу, жеке бастың негізгі сапаларын көрсету, оның тәртібіндей, қарым-қатынасындағы қиыншылықтарды көрсету, өзін-өзі бағалау, мотивация, таным қызуғышылықтарының ерекшеліктері мәселелері т.б.

Педагогикалық консилиум жеке оқушылардың мүмкіндіктерін субъективті бағалауды болдырмауға, белгілі бір жеке сапаларды немесе қиыншылықтар мен кемшіліктерді болдырмауға арналған, бірлескен әрекеттің бағдарламасын құруға көмектеседі. Сондықтан консилиум өткізу, оның қорытындысы қажетті болу үшін оған мектеп психологы алдына бірнеше мақсаттарды қоя отырып, жан-жақты дайындалуы қажет.

1. Педагогикалық коллектив оқушыны әртүрлі жағынан көрсету, оның жағымды, күшті жақтарын ашу. Жүргізілген психодиагностика мәліметтерінің негізінде (бақылау, әңгіме т.б.) оқушының жеке бас проблемаларының болу және оның шығу себептері туралы гипотезаны көрсету.

2. Әрбір балаға деген мұғалімнің түсінігінің дұрыс болуына қол жеткізу. Бұл өте күрделі міндет, бұны шешу бірте-бірте болады, ұзаққа созылатын күрделі процесс.

3. Оқушының жеке проблемасының негізін мұғалімдермен коллективті түрде түсіну, шешу, өңдеу.

Осылардың негізінде, психолого-педагогикалық сауатты консилиум дайындалған, тек оқушылардың дамуына ғана емес, мұғалімдердің, бүкіл педагогикалық коллективтің дамуына өз көмегін тигізеді.

Кеңес іс-әрекеті – мектептегі психолог жұмысының негізі бағыттарының бірі. Консультация мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға арналып жүргізіледі.

Психопроф/қ жұмыс пен психологиялық консультация арасында айырмашылық бар.

Психопрофилактикалық жұмысты біз психологиялық проблема туындамай тұрғанда бастасақ, ал консультация туындаған проблемамен тікелей кездеседі.

Мұғалімде, оқушыда немесе ата-аналарда қандайда бір проблема болуы мүмкін, сол проблемадан шығудың жолын іздеп, көмек көрсетуді сұрап психологқа келулері мүмкін.

Психолог міндеті – өзіне келген адамның проблемасын шешуге көмектесу. Бұл жұмыстың қиындығы нақты проблеманы анықтау және оның шығу себептерін табу.

Мұғалім мен психологтың ынтымақтастығы оқушы мәселесін шешуде өз білімдерін қосуға және проблеманы шешуде бай творчестволық мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Егер мұғалім кеңес уақытында баламен жұмыс кезіндегі өзінің кемшіліктерін түсінсе, яғни проблема шешімі табылған болып есептелінеді. Егер ол проблеманың шығу көздерін түсінсе, ол өзінің балалармен қарым-қатынасын басқаша құрып, әрбір балаға жеке дара қарауға ұмтылып, соның жолдарын іздейді.

Психологиялық консультацияның негізгі мәні – адамның өз проблемасын өзі шешуден көрінеді, тұрады.

Психолог оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен, мектеп әкімшілігімен кеңес өткізеді, педагогтар мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін көтеру мақсатында жеке және топпен консультация өткізеді, педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестіктерге, жалпы мектептегі ата-аналар жиналысына қатысады.

Психопрофилактикалық және психологиялық консультация жұмыстарымен бірге психолог ағарту жұмыстарында жүргізеді. Бұл жұмыстың негізгі міндеті:

- мұғалімдер мен ата-аналарды балалар, педагогикалық, әлеуметтік психология пәндерінің негіздерімен таныстыру, ал оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеу негіздерімен.

- жаңаша психологиялық зерттеулердің қорытындыларын түсіндіру, таныстыру.

- психологиялық білімге деген қажеттілікті қалыптастыру, оны баламен жұмыс немесе өзін-өзі дамыту мақсатында қолдану.

Бұл жұмыста лекция, әңгімелерді қолдануға, семинар, көрме, жаңа әдебиеттерді тандауды ұйымдастыруға болады. Бұл жұмыстардың бәрін мектеп психологының өзі өткізуі міндетті емес, оған мамандарды шақыруна болады. Лекция, семинар, әңгіме тек абстрактілі теориялық деңгейде ғана өтпей, олар сол мектептің нақты мәселесін шешуге бағытталуы қажет. Психологиялық білімнің оқушыларды оқыту және иәрбиелеудің нақты мәселерін шешудегі алатын орнын көрнекі түрде көрсету және дәлелдеу қажет.

## 2.6. Психологтың басқа маман өкілдерімен өзара қарым-қатынасы

1. Негізгі практикада маман сөзінің мағынасы оқушы және оқытушы тұлғасында үш ұғымды білдіреді: мұғалім, педагог, оқытушы. Тұрмыстық тіл осы ұғымдардың ішінен ең негізгі, терең білім беретін мұғалім сөзін кеңінен қолданады.

**Оқытушы** – оқушыға қатысты варианттарды сипаттайтын психологиялық терминдерді қолдана отырып, осы түрге кәсіби әрекет тарапынан түрлілік енгізіп көрейік:

1. Оқушының оқу нәтижесі үшін жауап беру деңгейі.
2. Оқытушының оқыту нәтижесі үшін жауап беру деңгейі.
3. Оқыту пәнін ұғымдырақ құру.
4. Психологиялық дистанция
5. Тұлғалық дамудағы перспективадағы әрекет.

Бұл негізде мұғалім, педагог, оқытушы мамандарының айырмасын, максималды, орташа, минималды критерилері көрсетілген кестеден көруге болады:

мамандық	мұғалім	педагог	оқытушы
критерий 1	мин. – мак.	орташа	максималды
критерий 2	максималды	орташа	минималды
критерий 3	мин. – мак.	орташа	максималды
критерий 4	минималды	орташа	максималды
критерий 5	максималды	орташа	минималды

Тұрмыстық тәрізді кәсіби тіл әрекеттердің бұл түрінде жүйелілік танытуы тегін емес, жалпы түрде олар бір-бірінен оқушының ішкі әлем сипатының кәсіби әрекеті түрінде ажыратылады. Мұғалім бұл кезде максималды, ал оқытушы минималды мүмкіндіктерге ие болады. Адамның басқа адамға деген қатынасы бойынша әлеуметтік және психологиялық дистанциясымен болатын оқушы және оқытушы арасындағы тұлғалық қатынасты орнату мүмкіндігімен субъективті түрде негізделеді.

Мұғалім, педагог, оқытушы мамандығының барлық үш категориясы басқа адамға әсер ету туралы шешім қабылдайды және оны іске асырады. Әрине, психологиялық ақпарат жалпы

психикалық және тұлғалық даму нормасы туралы ұғымда көрінеді және оны алмастыратын табиғат максимум, психикалық ұғым т.б. туралы ұғымдардың барлық жүйесіне енуді қажет етеді.

Бірақ, бұл ұғымдар психикалық даму нормасы туралы ұғымға қарағанда аз деңгейде анықталады және олар неғұрлым абстрактылы.

Осы сала өкілдері және психолог сәйкес жалпы тілді табулары мүмкін және керек.

Педагог, мұғалім, психолог, оқытушылыққа тапсырыс беру психологиялық ақпаратпен өзара әрекет сияқты құрылуы керек және мүмкін. оқушы мен оқытушылық пәні жалпылаудың әртүрлі деңгейіндегі ұғым түрінде құрылатын оқу пәні. Психолог өзінің қатысуымен келесі проблемаларды шешуі тиіс:

- оқушыға оқу пәнінің адекватты әсер ету проблемасы;
- оқытушының оқушы мүмкіндігінің адекваттылық мәселесі;
- өзара әрекет ету пәні тәрізді оқу пәнінің оқушыда адекватты көрінуі;
- оқушы өміріндегі мұғалімнің ролі мен орны;
- оқытушы өміріндегі оқушының ролі мен орны.

Осы мәселелерді шешкеннен соң кәсіби қарым-қатынастағы барлық оқушыларға – тұлғалық дамуы және жалпы психикалық.

2. Юридикалық практикада психологиялық ақпарат параметрлерін шексіз қолданатын бірнеше әрекет түрлері бар – зерттеушілік және адвокаттық.

Зерттеуші үшін әрине, адам тәртібінің моделіне негізделген, өзі игеретін жалпы моделі нақты болса, соғұрлым нақты жағдай тудыру бойынша кәсіби әрекет құрылады.

Адвокат өз тәжірибесінде нақты жағдайдағы адам тәртібінің жалпы моделінің нақтылығына бейімделеді. Юридикалық практиканың осы түрлерінің бірінде кәсіби ойлау процесінің дұрыстылық критерімен психологиялық зерттеуші үшін фактімен дәлелденген объективті қағаз керек.

Егер де ол екеуін жалпы түрде ажыратар болсақ, онда зерттеушіні шын мәнісінде ие болғандығы, ал адвокаты неге, не себепті деген сұрақ қызықтырады.

Осыдан психологиялық ақпаратты қолданудағы айырмасы шығады, зерттеушіге үшін адам не істеді деген сұрақ маңыздырақ.

Юридикалық маман өкілдері сұрақты психологқа дайындай отырып, адамның индивидуалды әрекетінің нақты жағдайы туралы ойлау құралы тәрізді қолдану қажет болатын адамзат тәртібінің жалпы моделіне бейімделеді. Психолог алдында тіптен ерекше тапсырма – зерттелетін жағдайда адам тәртібінің субъективті логикасын туындату. Оның ерекшелігі сонда, юрист пен психолог адам тәртібінің моделін нақтылайды.

Жауапкершіліктің категориясы, оның міндетті түрде адамзат тәртібі моделіне енуі, адамзат тәртібін жануарлар тәртібінен ажыратады. Осы категория арқылы индивидуалды тәртіп логикасы туралы нақтылау линиясы өтеді.

Психолог юристерге адам тәртібі моделінде жауапкершілік категориясын қолданудың индивидуалды варианттары туралы мәлімет беруі керек. Бұл негізгі категория, юристтің кәсіби әрекетке қатысуы туралы психологиялық ақпаратты қолдануды анықтайды. Ендеше, юридикалық практика өкілдері әрекетінің пәні – жауапкершілік нормасы болып табылады.

Психологиялық ақпарат алғаннан кейін психолог келесі проблемаларды шешуге тиіс:

- адвокат тәртібі моделіндегі жауапкершілік категориясын адекватты түрде қолдану;
- юристің кәсіби әрекетінде қатысатын жауапкершілік категориясын жеке ендіру;
- жауапкершілік категориясындағы кәсіби әрекеттің басқа қатысушылардың игеру деңгейін көрсету мәселесі;
- юристің кәсіби әрекетіне қатысатын жауапкершілік категориясын игеру деңгейінің адекватты мәселесі;
- юридикалық норманың жауапкершілік және индивидуалды мазмұнының жауапкершілік категорияға сәйкес келуі.

Осы жалпы проблемаларды шешкен соң психолог әр нақты жағдайда адамзат тәртібі моделінде сәйкес жауапкершілік категориясын, психологиялық ақпарат мазмұнын анықтай отырып, юристің кәсіби әрекетіне адекватты түрде қол жеткізуі мақсаты мен барлық юридикалық практика қатысушыларына нақты психологиялық көмек көрсете алады.

3. Психологиялық проблеманың барлық аспектілерінде тоқталмай, медициналық ғылымды үйрету пәні тәрізді

психологиялық дистанцияда да дәрігердің көмегімен және олардың кәсіби әрекетіндегі кешені және қоршаған ортаны қорғаушылармен психологияларын ғана бөліп аламыз. Біріншіден, дәрігер де, психолог та психикалық шындықтың әр түрлі жиынының пайда болу синдромы, симптомымен де жұмыс істейді. Екіншіден, психолог пен дәрігердің кәсіби ойлау тәсілі жеке болжамын, оны игеру, тексеру және шешім қабылдауды өңдеуді ұсынады, яғни, психолог та, дәрігер де өздерінің кәсіби әрекетінің пәні болып табылатын материалға көмектеседі. Үшіншіден, дәрігер де, психолог та сол адамдармен тұлғааралық қатынасқа түсе отырып, сол адамның әсерін бастан кешеді. Төртіншіден, олардың екеуі де психикалық сапамен озып шығатын, адамның белсенділік параметрінің өзгерісін өз әрекетінің нәтижесінде көреді. Бесіншіден, олар жеке кәсіби ойлыулары сияқты, кәсіби шарттарда да – осы негіздегі нақты параметрге бейімделумен байланысты әрекеттегі әсер ету категориясымен жұмыс істейді. Ендеше, дәрігер де, психолог та басқа адаммен байланыста болғанда өздері игерген адам құндылығы туралы жалпы ұсыныс негізін іске асырады. Олардың бірлескен жұмысы бір ореноменге және оған ықпал ету тәсіліне жатқызылған, жалпы мақсатты іске асырудан басталады.

Дәрігердің көзқарасы бойынша, оның кәсіби әрекетінің позициясы мен бұл сол туралы болжам құрумен синдромды анықтау мақсаты болады. Невропотолог, нарколог, психиатр, эндокринолог, психотерапевт т.б. мамандар өздері жұмыс істейтін синдромның адекватты моделін құру үшін аурудың ішкі феномені туралы психологтың мәліметтерін қолданулары керек. Бұл тек қана науқастың индивидуалды-соматикалық белгілерін көрсетіп қоймай, невроз кезінде науқастың ішкі сипатының клинико-психологиялық мазмұнда көруге мүмкіндік береді. Бұл психологиялық қорғаныс механизмі және невроз себебін тану деңгейін копормектіні мазмұнды сипаттауға мүмкіндік береді. Мысалы, В.А. Ташлыковтың көрсеткеніндей, депрессивті-сомотоцентрлік, аурудың ішкі сипаты негізінде дәрігер бағалауында астендік және ипохондролық синдромды игереді. Аурудың шартты «тілегі» - демонстративті. Невроздың себебін тану деңгейі – төмен, кинетикалық бағалауды тұлғаның сипатына

интраверттілік, тәуелсіздік, сенімділік тән. Мен – концепциясында доминанттылыққа және тәуелсіздікке деген тенденция тән.

*Невростендік конфликт* туарда қол жеткізуді қажет етумен психологиялық қорғаныс механизмі – ауруды күту. Бұл мысал тағы бір реет психолог пен дәрігердің кәсіби әрекет ету пәнін, аурудың ішкі сипатын, денсаулықтың ішкі сипатын нақтылауға көмек болады.

Тапсырмаларды кәсіби түрде іске асыра отырып, дәрігер мен психолог келесі міндеттерді шеше алады:

- науқастың ішкі ауруының сипаты туралы жүйелі болжам құру;

- денсаулықтың ішкі сипаты және аурудың ішкі сипаты туралы білімді іске асыру арқылы жеке кәсіби даму мәселесін;

- науқастың денсаулығының ішкі сипатын адекватты көрсету;

- науқастың индивидуалды өміріндегі ішкі ауруының ролі мен орны;

- науқастың ішкі ауруының мазмұны үшін әлеуметтік жауапкершілік проблемасы.

Осы проблемаларды шешіп, қойып болған соң ғана психолог медициналық маман өкілі ретінде емдеушілікке қатыса алады.

4. Әлеуметтік жұмыскер, соның ішінде әлеуметтік педагогтың мамандығы біздің елімізде бұқаралық емес. Мұны өкінішпен айтуға болады, проблемалар санын ескере отырып, бір адамның бұған әлі де келмейді. Мысалы, мүгедектік, жалғыздық, отбасының мүшесі психикалық науқас, ата-аналарының хроникалық ішімдікке құмарлығы т.б. Адамның әлеуметтік немесе физикалық қамқорсыздығы – өмірдің бір бөлігі, нақты бір адам немесе отбасының тағдыры бола отырып, әлеуметтік жұмыскер шешетін проблеманы тіркеуге болады. Әлеуметтік жұмыскер адамның бір мүшесінің ролін, мысалы, көз, мойын, аяқ, бас осындай жағдайда болады. Әрине, ол мұны индивидуалды өмір заңдылықтарымен сәйкес орындауы керек. Бұл әлеуметтік жұмыскер және психологтың кәсіби бірлестігі үшін пән.

Әлеуметтік жұмыскер адамға оның даму тапсырмаларын шешуге көмек береді, егер ол перспективаға өмірін іске асыру үшін қажетті, резервті дамуға өз күшін бейімдесе, ол неғұрлым эфорект болады.

Психолог күрделі диагностика арқылы кәсіби әрекетті іске асыру бойынша оның күш салған ұйымында әлеуметтік жұмыскерге көмектесе алады. Егер де әлеуметтік жұмыскер басқа адамның өміріне қажетті күш сала отырып, үнемі көрініп тұрса, онда психологтың келуі өте қысқа болады. Әлеуметтік жұмыскермен бірлескен жоспарда ол соғұрлым өмірдің нақты жағдайларымен шектелген.

Психолог, адамның нақты дамуының резервті және тапсырмасында адекватты бейімділікті өзіне жауапты етіп алады, ал әлеуметтік жұмыскер адам қатынасының жүйесінде негізгі фигура болып қалады, қосымша бөлігін ықпал ету арқылы ғана орындайды деуге болады. Клиент (тұтынушы) үшін өзінің деңгейі үшін жеткілікті жалпыланған оның жеке өмірі.

Әлеуметтік жұмыскер үшін - өзі қолданатын, ғылыми теория тапсыратын, психолог үшін – кең контексте ұсынылған индивидуалды өмірдің заңдылықтары белгілі. Бұл қарым-қатынас келесі міндеттерді шешуге негізделеді:

- оның өміріндегі заңдылықтарының клиентке адекватты көрінуі;

- оның өмірінде психолог пен әлеуметтік жұмыскердің орны мен ролін мойындау;

- индивидуалды өмірдегі перспектива және оларды іске асыру мүмкіндіктері проблемасы;

- өмірді ұйымдастыруда әрекет үшін кәсіби жауапкершілік проблемасы.

Өзара әрекет ететін және психолог орындайтын маман саны өте көп.

## Әдебиеттер

1. *Абрамова Г.С.* Введение в практическую психологию. - М., 1995.
2. *Көмекбаева Л.К.* Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру. Әдістемелік нұсқау.- Алматы.: Қайнар университеті, 2003.
3. Введение в практическую социальную психологию. -М., 1994.
4. Психологическая наука в России XX столетия: проблемы теории и истории. Под ред. А.В. Брушлинского. -М., 1997.
5. *Годфруа Ж.* Что такое психология. -М., 1996.
6. *Квинн В.* Прикладная психология. СПб, 2000.
7. *Немов Р.С.* Психология. Т.1. - М., 1995.
8. Практическая психология образования. Под ред. И.В. Дубровиной. - М., 1997.
9. *Пирожков В.Ф.* Некоторые проблемы повышения эффективности психологической службы. Психологический журнал, 1997, № 2.
10. *Фридман Л.М.* О концепции школьной психологической службы. Вопросы психологии, 2000, № 1.
11. *Климов Е.А.* Психология профессионала. - М, 1996.
12. *Крупенина А.В.* О некоторых проблемах профессиографического исследования деятельности практических психологов в системе образования. // Психологическая наука и образование, 2002, №1, с. 85-87.
13. *Николаева А.Б.* Психология и психологи.// Психологическая наука и образование, 2000, №1, с. 86-89.
14. Практическая психология образования: Учебник для студентов высш. и средн. спец.учебн. заведений. Под ред. И.В.Дубровиной. -М., 1997
15. *Э.Ф. Зеер.* Психология профессий. - М, 2003.
16. *Резапкина.* Я и моя профессия. - М, 2000.
17. *Фридман Л.М. Кулагина И.Ю.* Психологический справочник учителя. -М, 1991.
18. Рабочая книга школьного психолога. Под. ред. И.В. Дубровина.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
I тарау. Психологияның мамандық ретінде қалыптасуы	
1.1 Мамандық туралы жалпы түсінік.....	4
1.2 Жеке бастың кәсіби өзін-өзі анықтауы .....	27
1.3 Психология – ғылым және мамандық ретінде.....	39
II тарау. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің құрылымы, функциясы, міндеттері.....	69
2.1 Білім беру жүйесінде психологиялық қызметтің қажеттілігі, оның негізгі міндеттері.....	69
2.2 Практикалық психологиялық жұмыс - психологтардың іс - әрекет типі ретінде.....	79
2.3 Практикалық психологтың кәсіби қызмет үлгісі.....	111
2.4 Мектеп психологының іс-әрекетінің негізгі бағыттары	118
2.5 Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс кезеңдері.....	130
2.6 Психологтың басқа маман өкілдерімен өзара қарым-қатынасы.....	136
Әдебиеттер.....	142
Мазмұны.....	143